

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ,
бірін дос,
Көрмесен,
істің бәрі бос!»



№20 (3965), 23 мамыр, 2025 жыл

1934 жылы

www.qazaqadebieti.kz

ӘКЕ ӨЛМЕЙДІ ҰЛДАРЫ АМАНДА (Ахат Жақсыбаевқа)

Өше ме тіршіліктің от арманы,
Сол арман кімді қайда апармады?!
Сонау бір қан майданнан қайтпады әке,
Сағынтқан ұлдарына жете алмады.

Өмірдің дегеніне зор қанағат,
Ойлы көл артқа қалды, орман, алап.
Ұлдары сол әкесін күтеді әлі,
Күтіп жүр ергелі-кеш жолға қарап.

Қайтпады қан майданның бір қыраны,
Қартайған ақын оны тыр қылады.
Жүз жасқа әке жасы толды бүгін,
Ұл тірі, әке тірі, демек, әлі.

Жо-жо-жок, әке өлген жок, әке тірі,
Көз жұмды күте-күте жан кемпірі.
Атқан жок оны көздеп мейірімсіз жау,
Батқан жок биігінде өмір күні.

Жап-жас боп өлу керек неге батыр,
Оқты да, өлімді де жеңеді ақыл.
Алпыс жыл өтіп кетті содан бері,
Қас батыр ұлын іздеп келе жатыр.
Токтамай айлар, жылдар өтті мына,
Биікте құлаған жок көк Туы да.
Алпыс жыл өткеннен соң қайран әке,
Мінеки, жүзге келіп жетті ұлына.

Өксіген жетімдікті жеңді кәрі,
Тіріліп осы күнге келді бәрі.
Ұлдары құшақтасты әкесімен,
Құшақтар жазылмасын ендігәрі!

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
Қазақстанның халық жазушысы
12 қазан, 2004 жыл



ҚАЙСАР ҚАЛАМҒЕР

Өзің де, Аха, «Қайтпас қайсар» едің,
Көңілің түссе көлдей жайсаң едің.
Қаламсөз тарихында қазағымның
Сен де бір жойқын қуат, жойсаң ерім.

«Жұлдызда» жұмыс істеу бақыт деуші ең,
Жерде әсте қалдырмаушы ең ақық көрсен.
Қайратын қаламыңның сезінемін
«Иса ақын» кәусарынан татып көрсем.

Тәк тұрған түгел ұжым тәртібіне,
Жүгінді айтар бетке ар тіліне.
«Жұлдызды» жиырма бір жыл ұстап тұрған
Кемі не, еңбегіңнің артығы не?!

Жарасқан, Шөмішбайлар зыр жүгірген,
Беделді болдың елге шындығыңмен.
Көлгірдің көленкесін жолатпайтын
Қыраным жауһар асыл ілді кілен.
Құрдасың Мұхтар аға Мағауинмен,
Жұлдызы «Жұлдыздың» да бола білген.
Жақсыбайдың Ахаты жарқын тұлға,
Жақсылығы жұртына тарады кең.

Арқау ғой әңгімеге атақ-аты,
Бізге де тиген талай шапағаты.
Жылуын аямаған өмірінде
Клара жеңем жалғыз махаббаты.

Әдемі аялаған жар қабағы,
Ахаңның қандай еді алма бағы!
Амаң не, кеттің ерте, өттің ерте,
Алдыңда жатты-ау кимас жолдар әлі.

Келместің кетсең де, аға, кемесімен,
Кетпейсін әсте туған ел есінен.
Мәңгілік шаңырағың жасай берсін,
Ахат ата айбынды егесімен!..

Қорғанбек АМАНЖОЛ

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері

АХАТ ЖАҚСЫБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ

«ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ - ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ - «ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін - **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін - **15353**

Баспасөз-2025

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға - 721,21 т.
3 айға - 2 163,63 т.
6 айға - 4 327,26 т.
12 айға - 8 654,52 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға - 721,21 т.
3 айға - 2 163,63 т.
6 айға - 4 327,26 т.
12 айға - 8 654,52 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға - 1 672,02 т.
3 айға - 5 016,06 т.
6 айға - 10 032,12 т.
12 айға - 20 064,24 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға - 1 416,21 т.
3 айға - 4 248,63 т.
6 айға - 8 497,26 т.
12 айға - 16 994,52 т.

«Евразия пресс» ЖШС бойынша


Жеке жазылушылар үшін:
1 айға - 746 теңге. 3 айға - 2238 теңге
6 айға - 4476 теңге. 12 айға - 8952 теңге

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:
1 айға - 1441 теңге. 3 айға - 4323 теңге
6 айға - 8646 теңге. 12 айға - 17292 теңге



НАРҚЫЗЫЛ
8-9-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН, «ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІНЕ KASPI GOLD ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ



Қайрат Байбосынов – Қазақстанның Еңбек Ері

Мемлекет Басшысының Жарлығымен ұлттық өнер майталманы, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті РММ-нің профессоры Қайрат Әукенұлы Байбосыновқа Қазақстанның Еңбек Ері атағы беріліп, Отан орденімен марапатталды.

Қазақстанның Еңбек Ері атағына ие болған Қайрат Байбосынов бұл марапатты: «Ұлттық өнерге берілген баға», – деп атап өтті.

«Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы беріп отырған марапатыңызға көптен-көп алғысымды білдіргім келеді. Бұл тек маған ғана емес, бұл – ұлттық өнерге, дәстүрлі ән өнеріне беріп отырған сіздің бағаныз. Жастарымыздың ұлттық өнерге деген құлшынысы арта берсе екен, деген ниетпен осы салада көп жылдан бері



ұстаздық етіп келемін. Екіншіден, сахнада маған қошемет көрсеткен халқыма ризашылығымды білдіргім келеді. Осының бәрі халықтың арқасы», – деді Қайрат Байбосынов.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫ

Атырау облысының әкімі Серік Шәпкеновтің алғы сөзі

Құрметті пленум қатысушылары! Ардақты қаламгерлер мен қонақтар!

Бүгінгі «Жұмысшы мамандығы және Қазақстан жазушылары» тақырыбындағы пленум – еліміздің рухани және өндірістік әлемін жақындастыратын маңызды алаң. Осы басқосуға Атырау облысында төр ұсыну – біз үшін үлкен мәртебе. Бүгінгі іс-шараға Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов ағамыз арнайы келіп қатысып отыр.

Өндіріс пен әдебиет – бұл екеуі алғашқы қарағанда әртүрлі бағыттар секілді көрінгенімен, шын мәнінде, ел дамуының қос қанаты. Бірі – еңбекпен елдің экономикасын өрге сүйресе, екіншісі – рух пен ұлттың жан дүниесін кемелдендіреді.

Атырау – тек мұнай мен өнеркәсіптің ғана емес, еңбек адамының отаны. Мұнда зауытта, мұнай кенішінде, құрылыс алаңында еңбек етіп жүрген қарапайым жұмысшының өмірі – нағыз эпопея. Сол эпопеяны көркем тілмен шынайы жеткізу жазушы қауымының қолында.

Қазіргі қоғамда еңбек адамының бейнесін көркем шығармалар арқылы жаңаша таныстыру – уақыт талабы. Өйт-

кені нағыз қаһарман – таңның атысынан күннің батысына дейін тер төгіп жүрген жұмысшы. Біздің рухани кеңістігімізде осы бейнені жаңғырту, жастарға үлгі ету – жазушылар мен зиялы қауымның ортақ міндеті.

Қазақ әдебиеті әрқашан қоғам тынысын дөп басып, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын, еңбегін арқау еткен. Алайда бүгінгі заман жұмысшы образын жаңаша пайымдауды, жаңа көзқараспен суреттеуді талап етеді. Жазушылар қауымы осы міндетті абыроймен атқару жолында еңбек етіп келеді және келешекте де еңбек адамының рухани әлемін терең танытып, оның қоғамдағы орнын айшықтай түсуі тиіс.

Біз, жергілікті билік, әрқашан шығармашылық өкілдерімен бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз. Өйткені әдебиет арқылы біз өміріміздің ғана емес, тұтас елдің құндылықтарын насихаттай аламыз.

Бұл жиын шығармашылық пен еңбектің тоғысқан, рухани дамуға бастайтын маңызды алаңы боларына сенімдіміз.

Құрметті қаламгерлер!

Сіздердің еңбектеріңіз – қоғамның айнасы. Осы пленумда туған ойлар мен ұсыныстар болашақта жаңа шығармаларға, тың бастамаларға жол ашады деп сенемін.

Баршаңызға жемісті пікір алмасу мен сәтті жұмыс тілейміз! Рақмет!



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ұлттық мәдениетті дамытуға және насихаттауға қосқан айрықша үлесі, мәдениет саласындағы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген еңбегі үшін наградталды:



Парасат орденімен

Ерболат Әуезов – «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК-нің ғылыми қызметкері;

Салтанат Жамбылова – Алматы облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ММ, Жамбыл Жабаев атындағы Әдеби-мемориалдық музей МКҚК-нің директоры, Алматы облысы, Жамбыл ауданы;

II дәрежелі Достық орденімен

Сергей Дворцовой – Ресей және Қазақстан киносының режиссері, Алматы қаласы;

Қазақстанның халық артисі құрметті атағы берілді

Александр Беляков – Алматы әуендері КМҚК Алматы қаласы әкімінің эстрадалық-симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі;

Алишер Каримов – әнші, Алматы қаласы;

Айгүл Қосанова – әнші, Құрманғазы а тындағы Қазақ ұлттық консерваториясы РММ қауымдастырылған профессоры, Алматы қаласы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАР АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА 7 МЕДАЛЬ АЛДЫ

Сингапурде өткен көркем гимнастикадан жастар арасындағы Азия чемпионаты аяқталды.

Бұл жарысқа Алматы олимпиадалық даярлау орталығының спортшылары қатысып, 4 алтын және 3 күміс медаль жеңіп алды. Олардың арасынан жеке бағдарламада Ақмарал Ерекешева доп және лентамен сайысқа түсуден чемпион атанса, шеңбермен екінші орынға тұрақтады.

Ал топтық жаттығуда ел құрамасы булава және шеңбермен сайыста жеңіс тұғырына көтерілді. Командалық сайыста қазақстандық гимнастшылар екінші орын алды. Бұл жолы Ақмарал Ерекешева, Айғаным Рысбек, Ксения Шимолина, Томирис Вахлова, Анастасия Чашина,



Әлия Бакытқызы, Евгения Вендиревская және Елизавета Егорова сынға түсті.

Сондай-ақ алты спортшыдан құралған топтық жаттығулардағы көп сайыста Ксения Шимолина, Томирис Вахлова, Анастасия Чашина, Әлия Бакытқызы, Евгения Вендиревская және Елизавета Егоров 2-орын алды.

Наурызғали ДІНМҰХАМЕД, Абылай хан атындағы ҚазХК және ӘТУ журналистика факультетінің I-курс студенті

КӨШПЕЛІ ПЛЕНУМ АЯСЫНДА ӨТКЕН «СӨЗ – СЫБАҒА» АТТЫ ӘДЕБИ АУКЦИОНЫ

Көшпелі пленум аясында бұрынсоңды болмаған ерекше форматтағы «Сөз – сыбаға» атты әдеби аукционы өтті. Аукцион барысында қаламгерлер еңбек адамының болмысын арқау еткен болашақ шығармаларына арнап идеяларын ұсынды. Ал меценаттар сол идеяларға қолдау білдіріп, шығармашылық процессі демеушілік жасауға ниет танытты.

Еңбек тақырыбындағы шығармашылық әріптестік:

1. Лот иесі: Балжігітовтер отбасы – елге еңбектерімен танылған, бүгінде Жылыой ауданының экономикасы мен әлеуметтік саласына елеулі үлес қосып жүрген әулет.

Женімпаз: Сәулеш Шатенова – ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Жылыой ауданының Құрметті азаматы;

2. Лот иесі: Мұрат Әмірғалиев – «Амангелді» балық кооперативінің ұйымдастырушысы, өнімде балық шаруашылығын жаңа технологиялық жүйеге негіздеген кәсіпкер.

Женімпаз: Канат Ғұмаров – жазушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі;

3. Лот иесі: Сабыржан Сұлтанов – облысқа танымал малбегі, асыл тұқымды мал өсіретін шаруа қожалығының жетекшісі.

Женімпаз: Асланбек Шығыров – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;

4. Лот иесі: Мұрат Сарманов – Қызылқоға ауданының Құрметті азаматы, Құрмет орденінің иегері, ауыл шаруашылығы саласының білгірі, «Нұр дала» агрофирмасының басшысы.

Женімпаз: Гүлзада Ниетқалиева – ақын, журналист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі;

5. Лот иесі: Женісбек Әбілхарес – тәжірибелі мұнайшы, облыстық мәслихаттың бірнеше шақырылымының депутаты, әлеуметтік мәселелерге жанашыр азамат.

Женімпаз: Назарбек Нұрмағанбетов – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі;

6. Лот иесі: Төкен Танаұлы – республикаға белгілі меценат, Құрмет, Парасат, II және III дәрежелі Барыс ордендерінің иегері, «Тенізмұнайқұрылыс» АҚ-ның президенті.

Женімпаз: Әлия Дәулетбаева – ақын, аудармашы, драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби және Махамбет сыйлықтарының иегері, Индер ауданының Құрметті азаматы, Жазушылар одағының Атыраудағы өкілі;

7. Лот иесі: Оразғали Қаршығенов – энергетика саласының ардагері, Барыс орденінің иегері, облыстың Құрметті азаматы, бірнеше шақырылымда мәслихат депутаты болған тұлға.

Женімпаз: Бакытгүл Бабаш – ақын, «Шабьт» фестивалінің Гран-при иегері, Махамбет сыйлығының лауреаты, Республикалық жастар поэзия фестивалінің бас жүлдегері;

8. Лот иесі: Владимир Розметов – Қазақстанның Еңбек Ері, «Атырау агроөнімдері» ЖШС-нің президенті, облыстың ауыл шаруашылығы саласын дамытуға орасан үлес қосып келе жатқан азамат.

Женімпаз: Төлеген Жаңабайұлы – ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағы және Журналистер одағының мүшесі, Құрмет орденінің иегері. «Іңкәр сезім», «Сырбаз сырлар», «Кәусар», «Шіркін, шындық», «Қыран қияға қонады», «Халқымен етене Халел хакім» сынды көптеген жыр жинақтары мен публицистикалық кітаптардың авторы. Төрттомдық шығармалар жинағы жарық көрген;

9. Лот иесі: Жаксы Ғабидолла – тарихтан белгілі «Гурьев» асыл тұқымды қой зауытының ардагері, әйгілі малбегі, Ұлы Отан соғысының ардагері, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, қаракөл қой тұқымын асылдандыру нәтижесінде аспан түстес елтірі өндірісінің авторларының бірі – Кенжебаев Қапиздің ұрпағы. Жаксы Ғабидолла мырза әкесі туралы көркем туынды жаздыруға шешім қабылдап, аукционға қатысып отыр. Женімпаз: Нұрлан Қабылов – белгілі көсемсөзші, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Құрмет орденінің иегері.

ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ»

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновтің баяндамасы



**Қадірлі ағайындар!
Атырау өлкесінің қалың оқырманы!
Қазақстан Жазушылар одағының «Жұмысшы мамандығы және Қазақстан жазушылары» деп аталатын көшпелі пленумына қатысушы қаламгерлер!**

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл – мемлекеттің еңбек адамына деген зор құрметінің айқын көрінісі. Бұл – қарапайым жұмысшының, еңбек адамының қоғамдағы орнын биіктетіп, оның абыройын қайта асқақтату, көркем образын жасау жолындағы тарихи кадам.

Президентіміз бұл бастама арқылы ел дамуының басты тірегі – еңбек майданының нағыз қаһармандарын қайта тануға, олардың жарқын бейнесіне тағзым етуге шақырып отыр. Ендеше, қазақ әдебиеті бұл заман мен қоғам талабынан туындап отырған орынды ұсынысқа өз тарапынан үлес қосуға тиіс деп санаймын.

«Қазақ жұмысшы табы қай өңірде қалыптасты?» деген заңды сұраққа, әрине, «Атырау аймағында қалыптасқан» деп батыл жауап бере аламыз. Себебі патшалық Ресей XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басында Қазақстанның маң даласына аш көзін қайта бастады.

Өз империясының шығыс шекараларын нығайту, оңтүстіктегі елдерге апарар жаңа сауда жолдарын іздеу мақсатында жылма-жыл қазақ даласына «саудагер» деген лақап атпен әскери топографтары мен жер қойнауын зерттеушілер топтарын жіберіп тұрды. Бір ғажабы, біздің ата-бабамыз жарғақ құлақшыларды жалпылап, мал соңында жүргенде алғашқы мұнай көзі жөніндегі мәліметтер 1717 жылы I Петрдің жарлығымен ұйымдастырылған Жем өзенінің төменгі ағысы арқылы Хиуаға әскери-топографиялық экспедициясының басшысы Бекович-Черкасскийдің жазбаларынан, одан іле-шала географ Северцевтің 1860 жылы жарияланған есебін табылған.

Біз мұны неге айтып отырмыз? Осы кең байтақ Қазақстанның жер қыртысын зерттеушілерге жергілікті қазақтар қызмет істеген. Біздің «жұмысшы табының негізі Атырау өңірінде қалыптасты» деген пікіріміз осыдан туындайды.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Ресейдің, Британияның мұнай өндірушілері Лемандар, Астаховтар, Нобельдер қазақ жеріне алғашқы бұрғыларын қадап, Қарашұңғылдан, Доссор мен Мақаттан тұңғыш мұнай фонтандарын атқылатты.

Сол кезде осы мұнай компанияларының негізгі жұмыс күші қазақтың жарлы-жақыбайлары болатын.

Біздің халқымыз XVIII – XIX ғасырлары мұнай іздеп келген алпауыттардан зорлық-зомбылықтың неше түрін көрді. Кейін патша өкіметі құлап, Совет өкіметі орнаған кезде Лениннің өзі 1918 – 1920 жылдары қазақ мұнайын өндіру және оны пайдалану жөнінде тарихи декреттерге қол қойды.

Бұл-дағы біздің алғашқы жұмысшыларымыздың тағдыры болатын.

Қазақ елін 1930 жылдары жайлаған ашаршылық кезінде де, халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқан 1937 – 1938 жылдары да қазақ еңбеккерлері мұнай өндіріп, Совет өкіметіне түйемен «қара алтын» жөнелтіп жатты.

Ал 1935 жылы Ембі мұнайын өндіру жөнінде сол кездегі Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында КСРО Ғылым академиясы ұйымдастырған үлкен ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Сол алқалы жиынның нәтижесі ретінде «Большая Эмба» («Үлкен Ембі») атты көлемі 921 беттік кітап дүниеге келді.

Қазақ баласының жүрегі сыздағанын осы кітапта біздің жер асты байлықтарымызды, соның ішінде, мұнай, газымызды қалай игерудің жан-жақты жолдары мен тәсілдері белгілі ғалымдардың аузымен баяндалды.

Ал 1949 жылы қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаев Гурьевке қайта келіп,

зорлық-зомбылығы мен қорлығын көрген қарапайым еңбеккерлердің шынайы, қарама-қайшылықтарға толы образдары жасалмады. Бізді өкіндіретін де осы.

Тәуелсіздігіміздің отыз жылының ішінде қаншама компаниялар, соның ішінде, бірлескен кәсіпорындар пайда болды.

«Қазақтүрікмұнай», «Тенішевройл» компанияларында қазақтың талайлы тағдыры жатыр. Ұлдарының басынан кешкен қиындықтар, қыздарының кім болса соның шылауында кеткен ауыр да қайғылы жағдайын осы жақта өмір сүретін кез келген қазақ біледі. Бірақ өкінішке қарай, дәл осы тақырыпқа арналған бірде-бір көркем шығарма жоқ.

Бүгінгі қазақ жазушыларының міндеті осы опырайып тұрған олқылықтың орнын толтыру, қазақтың қарапайым еңбеккерінің әлемдік деңгейдегі көркем бейнесін жасау.

Біз бүгін Атыраудағы көшпелі пленумымызда осы өзекті мәселені жан-жақты талқылап, ойға ой қосып, нақты ұсыныстар негізінде әдеби шығармалар арқылы жұмысшы мамандықтарының абырой-беделін арттырудың «жол картасын» әзірлеуге кірісуіміз керек.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы жұмысшы мамандықтарға қатысты ойларында мемлекет басшысының қалыптасқан ахуалға көңілі толмайтыны мен жазушылар қауымына айтар жасырын назы жатқан сияқты.

Шынында да, соңғы кезде әртүрлі жанрлар мен тақырыптар дамып жатса да, қарапайым еңбек адамының талғамы биік оқырманның көңілінен шығатындай көркем бейнесін жасай алмай келе жатқанымызды қалай жасырамыз?

Құдайға шүкір, қазақ әдебиетінде аса талантты, жазушылар мен акындардың тегеурінді тобы қалыптасып келеді. Олардың міндеті – мың өліп, мың тірілген қазақ деген халықтың тағдырын, ержүрек мінез-құлқын суреттейтін, кезінде бүкіл әлемді мойындатқан Әуезовтің «Абай жолындай» кесек туындыларды дүниеге әкелу.


Тәуелсіз Қазақстанда бірлескен кәсіпорындар, қазақ жерасты байлығын игеріп жатқан шетел компаниялары көптеп еңбек етуде. Алайда солардың бірде-біреуі қазақ әдебиетіне олжа салатын талантты қаламгерлерге меценаттық көмек көрсеткен емес. Бұлдағы, шетелдік белгілі компанияларымен бірлескен кәсіпорындар құрған кезде қазақ мәдениеті мен әдебиетін ешкім еске алып, ескермейтінінің айқын дәлелі. Әйтпесе басқасын айтпағанда, қырық жыл қазақ мұнайын үздіксіз игеріп жатқан «Тенішевройл» компаниясы дәл осы күнге дейін өзінің тарихи көркем шежіресін жасайтын бір кітапқа демеуші бола алмағанын немесе тиісті тапсырыс беріп, жазушыларға мүмкіндік жасамағанын қалай түсінеміз?

Бұл қазақ руханиятындағы әлі шешімін таппаған талай өзекті мәселелерді бірігіп талқылайтын уақыттың жеткенін дәлелдейді.

Осы көшпелі пленумға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп отырған жазушылар еңбек адамы, жұмысшы мамандықтары туралы тақырыпты қалай зерттеп, қалай жазуды жан-жақты талқылап, тиісті шешімдер қабылдайды деп сенемін.

Ерен еңбегімен ірі компаниялар мен жеке кәсіпкерлердің табысын еселеп жатқан жұмысшы қауымы туралы көркем шығармалар жазатын талантты авторларға жан-жақты жағдай жасау сол бизнес құрылымдарының қасиетті борышына айналуы керек деп санаймын.

Осы пленумымыздың соңында Атырауда өмір сүріп, еңбек етіп жатқан бірнеше өндіріс басшылары мен кәсіпкерлердің қатысуымен Қазақстан жазушыларының тұңғыш шығармашылық аукционын өткізгелі отырмыз. Алла қолдап, осы игі ісіміз нәтижелі болғай!



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі

Ерлан ҚАРИН

Қазақстан Жазушылар одағының «Жұмысшы мамандығы және Қазақстан жазушылары» атты көшпелі пленумының

ҚАРАРЫ

«Біз жұмысшы мамандықтары дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы болуы керек. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі!» – деп мәлімдеген Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2025 жылды – «Жұмысшы мамандығы жылы» деп жариялады.

Қазақстан Жазушылар одағының осы тақырыпта Атырау қаласында өткізген көшпелі пленум жұмысына Жазушылар одағы Басқармасының хатшылары мен мүшелері, ҚЖО облыстардағы өкілдері, жергілікті басқару органдарының басшылары, белгілі кәсіпкерлер қатысты.

Пленумға қатысушылар ел өміріндегі еңбек адамының рөлін ерекше бағалап, қаламгерлер қауымының бұл тақырыпқа бұрыннан атсалысып келе жатқанын атап өтті. Жұмысшы табы пайда болғаннан бастап, қазақ акын-жазушылары ел дамуының барлық кезеңінде аталмыш тақырыпты назарынан тыс қалдырған жоқ. Оған қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі куә.

Пленум барысында «Жұмысшы мамандығы жылында» Қазақстан қаламгерлерінің алдында тұрған міндеттер мен мақсаттар атап өтілді.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновтің баяндамасы мен жарысөзге қатысқан қаламгерлердің сөздерінде берілген бағалар мен аталған ұсыныстарды ескере отырып, Пленум төмендегідей қарар қабылдады.

Пленум Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «2025 жылды «Жұмысшы мамандығы жылы» деп жариялау бастамасын қолдап, бұл бастаманың еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Пленум Президент бастамасы баянды болып, жұмысшылар қауымының мәртебесін одан сайын арттыру үшін үкімет тиісті кешенді шешімдер қарастыру қажет деп санайды. Соның ішінде, жұмысшылардың лайықты жалақы алуы, құқықтық және әлеуметтік жағынан тиісті деңгейде қорғалуы, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралардың дер кезінде атқарылуы секілді міндеттемелердің мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер тарапынан қамтамасыз етілуі қажет деп санайды.

Пленум жұмысшы мамандықтарын насихаттау, еңбек адамының абырой-беделін арттыруда әдебиеттің де рөлі ерекше екенін атап өтеді. Кеңес дәуірі кезінде үстемдік еткен социалистік реализм әдісі, сөзсіз, еркін шығармашылықтың жолын бөгеді. Соған қарамастан, қазақ жазушылары өндірістік проза жанрын біршама дамытты, классикалық үлгідегі көркем шығармаларды дүниеге әкелді.


Пленум бүгінде, Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы сөз бен шығармашылық еркіндігі жағдайында еңбек талабына сай жаңа көркем туындылар жазу үшін акын-жазушыларға бар мүмкіндік жасалып отыр деп санайды және де ол шығармалар маңдай терімен ел ырыздығын еселеп жатқан еңбек адамдарының болмысын мейлінше шынайы, ашық, оң үлгілер мен тәжірибемен қатар өмірде, еңбек қатынастарында, тұрмыста болатын объективті қарама-қайшылықтар жасырылмай жазылуы тиіс.

Сонымен бірге әдебиетте еңбек адамының жарқын бейнесін ашу бір жылдық, нақандық сипаттағы шара болмауы тиіс емес. Бұл – Қазақстан Жазушылар одағының ұзақ мерзімді стратегиялық бағытының құрамдас бөлігі болуы шарт. Бұл бағытта мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, шығармашылық қауыммен тығыз әріптестік орнату қажет.

Пленум еңбек тақырыбындағы шығармалар жазуға қаламгерлерді ынталандырудың бюджеттен тыс мүмкіндіктерін іздестіру қажет деп санайды. Осы орайда Пленум Атырау облысының кәсіпкерлері қатысып отырған «Сөз – тарту» шығармашылық аукционның өткізілуін шығармашылық салаға отандық инвестиция тартудың алғашқы қарлығашы әрі ұтымды жолы деп санайды. Пленум мұндай іс-тәжірибе Қазақстанның басқа өңірлерінде, жұмысшы мамандықтары қамтылған экономиканың басқа салаларында өз жалғасын табу керек деп есептейді. Жазушылар одағының облыстардағы өкілдері осы бағытта нақты жобалар әзірлеуі қажет.

Пленум жұмысшы мамандықтарын насихаттау ісінде Жазушылар одағының ресми басылымдары: «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Простор», «Жалын», сияқты газет-журналдары белсенді түрде атсалысуы тиіс деп санайды. Сонымен қатар Жазушылар одағы жанындағы жанрлық секциялар осы бастаманы өз жұмыс жоспарларына енгізіп, осы бағыттағы жұмысты жандандыру қажет.

Атырау қаласы,
2025 жыл, 14 мамыр



Смағұл ЕЛУБАЙ,

Қазақстанның халық жазушысы

шығарып Өзбекстанның Хиуа маңынан таптырғаны, басын қарайтқаны және тарихи тұлғаға Оралда еңселі ескерткіш орнатқаны.

Ол Маңғыстауға да әкім болды. Осы тұста Бекет әулие басына баратын тасжол салынды. Әулие оқыған Хиуадағы Шерғазы хан медресесінде Бекет ата мұражайы ашылды. Қырымбек Елеуұлы Маңғыстауда әкім болып тұрған кезде біздің есімізде тағы бір қалғаны осы өңірдің даңқты тумасы абыз Әбіш Кекілбайұлының кең аталып өткен 70 жылдығы еді. Бұл шара абыздың бұ жалған дүниеде көрген тұңғыш

шынайы тарихпен дәлелдейтін мезгіл жеткен еді. Қызыл қиянаттың құрбаны болып жазықсыз жапа шегіп сұраусыз атылып немесе аштан қырылған миллиондардың аруағы алдында біздің сонда ғана перзенттік борышымыз өтелер еді. Сондықтан да комиссия Мемлекет басшысының пәрменімен жүздеген тарихшы, архивариустардың басын қосып, осы тақырып ақиқатын ашуға жұмылдырылды. Комиссияны Қырымбек Көшербаев басқарды.

Қырымбек Көшербаевтың көз алдынан сұрапыл заманның қаны сорғалаған сұрқия шындығы қаралы көшпей

тандырған осынау үш нәубеттің шығу себебін Қырымбек Көшербаев былай түйіндейді:

«Субъективті себептердің ең бастысы большевиктердің халыққа, әсіресе шаруаларға қарсы жүргізген озбырлық және антигумандық саясаты болып табылады» дейді. Алайда Қырымбек Елеуұлы ашаршылық тақырыбын көтеріп жүрген кейбір қаламгерлермен келіспейді. «Ашаршылық туралы қоғамдық пікір қалыптастырып жүрген азаматтар айтылған мәселелерге тереңдеп бармай, осы қайғылы тарихты жұртшылыққа көбінесе бұрмалап

ХАЛҚЫМ ДЕГЕН ҚЫРЫМБЕК

— Менің атымды неге Қырымбек қойдыңдар?

— Қырымда демалып едік сол жылы. — Дубайда демалмағандарыңа шүкір...

Бұл — Қырымбек пен әкесі Елеудің арасында болған әңгіме.

Қырымбектің әкесі Елеу елжандылығымен ел ауызына ілінген тұлға болыпты. Қызыл саясат күйіп тұрған Кеңес заманының өзінде Қармақшы ауданын басқарып жүріп партия қаражатына Қорқыт ата басына кесене тұрғызады. Бұл оқыс қимылға, ең алдымен, жергілікті халық қуанады, ұлы әулие тіріліп келгендей. Бірақ оның бұл ұлтжандылығын қызыл саясат кешірмейді. Арыз Кремльге жетеді. Мәселесі облыстық партия бюросында қаралып, әулірімдеп аман қалады. Бірақ Қармақшыдағы қызметінен алынады. Осы оқиға бала Қырымбектің көз алдында өтіпті. Ұлт руханияты дегенде ішкен асын жерге қоятын Елеудей әке өнегесі бала Қырымбектің балғын санасында өшпес із қалдырыпты.

Арадан жылдар өтеді. Әке жолын қуған Қырымбек Қызылорда облысына әкім болып келеді. Іргесін әкесі қалаған Қорқыт ата кесенесінің керегесін кеңейтеді. Нәтижесінде, халықаралық даңғыл бойында айдыны шығып тұрған Қорқыт ата кесенесі бүгінде қарасы үзілмес көпшіліктің көзайымына айналған. Ұлы дала рухын паш етіп тұр. Сары дала қойнауынан самал сыңсыса қобыз көкірегінде күніреніп сарын оянады. Ботадай боздайды. Көне тарих тілімен гүлдейді. Жан дүниенді қозғайды. Шертолғау шертеді. Оны толық түсіндіруге, тіптен тіл жетпейді. Ұлы дала рухын тірілкен бұл ескерткіш маңызын сарқып айту қиын. Мүсіншілері — Б.Ыбыраев, С.Исатаев.

Біз Қырымбекпен осы тұста, яғни ол Қызылорданы басқарып тұрған тұста етене таныстық. Әкесі Елеуден қалған қарапайым котежд саябағында жертөсек үстінде отырып әкімнің әңгімесін тыңдадық. Осы әңгімеден есте қалғаны Қырымбек Елеуұлы Қызылордаға әкім болып келгенде жұмысты неден бастағаны туралы. Тікұшаққа отырады да облыстағы 200 ауылды түгел аралайды. Әр ауылдың мұң-мұқтажын өз құлағымен естиді. Біз бұдан Қырымбектің халықшылдығын көрдік. Ол Батыс Қазақстан облысын да басқарды. Ол басқа қызметке ауысқаннан кейін Оралға баруға жолымыз түскен. Сонда: «Жақсы әкім еді, әттеген-ай!» деп отырған оралдықтардың өкінішін естідік. Тағы бір есте қалғаны — тарихта Ресей басқыншылығына қарсы тұңғыш халық көтерілісін басқарған Сырым Датов сүйегі жатқан жерді экспедиция

та, соңғы үлкен мерейтойы екен, ойлап отырсақ...

Қырымбек Көшербаев Қызылорданы басқарып тұрған тұста, тағы бір елеулі оқиға болды. Ресейдің Байқоңырдан ұшырған зымыраны қазақ даласына құлап еліміз бен жеріміз гептилден зардан шекті. Сол тұста әкім Көшербаевтың үні қатты естілді. Бетін бар, жүзін бар демей Кремльге қаратып қатты айтты. «Біз Байқоңырды Кремльге жалға бергенімізбен, халқымызды жалға бергеніміз жоқ!» деп айтты. Бұл Көшербаевтың ғана емес, жалпы қызылордалықтардың жанайқайы еді.

Тағы бір оқиға. Көшербаевтың бастамасымен және оның тікелей қолдауымен, Мәскеу жақтан бораған сынға қарамастан 2017 жылы Қызылорда төрінде қазақтан шыққан тұңғыш диссидент түгел түріктің тәуелсіздігі үшін күрескен даңқты тұлға Мұстафа Шоқайға еңселі ескерткіш бой көтерді. Жоба авторы — мүсінші Көшер Байғазиев. Совет өкіметімен, Сталинизммен соңғы демі қалғанша күрескен осынау жаужүрек қазаққа Қызылорда төрінде монументтің бой көтеруі, сол тұста, бізге Қазақстан тәуелсіздігінің бір тұғырлы жеңісіндей көрінді.

Екінші жағынан бұл нені көрсетті? Бұл елге қызмет студия ерен үлгісін көрсетіп өткен Елеудей әке жолын азамат Қырымбектің үзбей жалғастырып келе жатқанын көрсетті. Соған тағы бір рет көзіміз жетті, оның қаламынан туған «Зұлмат» кітабын оқығанда. «Зұлмат» деп аты айтып тұрғандай, бұл — Қазақстан тарихындағы ашаршылық және қуғын-сүргін тақырыбына арналған туынды.

Қырымбек Елеуұлы өздеріңізге белгілі 2022 жылдың қаңтарына дейін екі жылдай ҚР Мемлекеттік хатшысы болды. Ал 2020 жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру» туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл Комиссияны басқаруды Президент Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевқа тапсырды.

2019 жылы Қазақстан Президенті болып сайланған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауды неге қолға алды? Өйткені жалғыз Президенттің әулеті ғана емес, бұл зұлматтың құрбаны жарты қазақ болғаны белгілі. Ешқашан ел жүрегінен өшпес осынау қасіретті енді архивтік құжаттар арқылы зерттейтін, құжаттар арқылы дәлелдейтін мезгіл туған еді. Бодандық заманда советтік саясат ауызға ұрып айттырмаған тақырыпты енді



көлбөндеп өте бастады. Бұл шындыққа үнілген жанның жаны шыркырамай, жүрегің болса жүрегі тітіркемей қалуы мүмкін емес еді. Қырымбек те осы күйді бастан кешті. Комиссия жинаған құжаттарды оқи отырып, осынау өзі бастан кешкен сұрапыл сезімді айдай әлемге айтпай қалу азаматтығына мін еді. Содан келіп сансыз құжаттарға негізделген «Зұлмат» атты кітапты жазды. «Зұлмат» атты жанайқайын жариялады. Бұдан біз нені көрдік? Нені байқадық?! Бұдан біз халқымыз бастан кешкен түбі жоқ теңіздей терең қасіретпен бетбе-бет келген кез келген тұлғаның жан тебіренісін жазбай, жарияламай отыра алмайтынын көрдік.

Сондықтан да автор бұл кітапта былай толғайды:

«Боз даланың төсінде кебіңсіз, көмусіз сүйегі шашылып қалған боздақтарды ойлағанда, сай-сүйегің сырқырайды.

XX ғасырдағы Қазақстан тарихы үш ашаршылықты басынан өткізді.

1.1917 — 1918 жылдары Түркістан өлкесінде орын алған ашаршылық. Бұл зұлматтан қайтыс болғандар саны 1 млн адамнан асып түсті;

2.1921 — 1922 жылдардағы ашаршылық. Қайтыс болғандар саны 700 мыңнан асып жығылады. (Осы ашаршылықпен күрес комиссиясын басқарған Мұхтар Әуезов 1922 жылдың аяғында шығын 1 млн 700 мың адам болды деп мәлімдегені бар. — С.Е.);

3.1931 — 1933 жылдардағы ашаршылық. Қайтыс болғандар саны 2 млн 300 мың адамның айналасында деп жүрміз».

Қазақ халқының жартысын жер жас-

түсіндіріп, кеңестік биліктің, Сталиннің басты мақсаты — қазақ халқын қыру болды және сол үшін ашаршылықты қасақана ұйымдастырды деген сынар-жақ, арандатушы пікірді қоғамдық санаға тықпалап жүр» деп жазады. Бұл — ашаршылық тақырыбына байланысты «Зұлмат» авторының пікірі. Бұл тақырыпқа біздің де жарты ғасыр бойы қалам тербеп келе жатқанымыз аян.

Кеңес Одағындағы, әсіресе алапат 1931—32 жылдардағы үшінші ашаршылыққа кінәлілерді іздегенде біз большевиктер партиясының бірінші басшысы Сталинмен, оның Қазақстанды басқаруға жіберген комиссары Голощекинді атап келеміз. Қазақты білмейтін Голощекинді неге Сталин Қазақстанға жіберді? Салдары не болды? Голощекиннің асыра сілтеуінен қазақ қара шыбындай қырылды. Торғайдай тозды. Ал қырғызды — қырғыз басқарған көршілес Қырғызстан, өзбекті — өзбек басқарған Өзбекстан ашаршылықтан дін аман қалды. Ендеше, жарты қазақты жер жастандырған бұл алапат ашаршылық авторы Мәскеуде — Сталин, Қазақстанда — Голощекин және бұл екі басшының бірі — грузин, бірі — еврей. Орыс халқына еш қатысы жоқ.

«1931—1933 жылдардағы ашаршылыққа Сталин басқарған большевиктік басшылықтың шаруалар мүддесін ескермеген қатал саясаты кінәлі» деп қорытады Қ.Көшербаев. «Кеңес мемлекетіндегі ұлттық саясат қазақты этнос ретінде жойып жіберуді көздемеген. Бұл мәселеге Ресейдің де, орыс халқының да еш қатысы жоқ» дейді. «Осы уақытқа дейін Білім және ғылым

министрлігі әртүрлі ғылыми жобаларға 1931–1933 жылдардағы ашаршылық тақырыбын енгізбей келгені белгілі. Мемлекеттік комиссия бұны дұрыс емес деп санайды».

«Зұлмат» атты кітабында аузындағы наньнан, алдындағы малынан айырылған халықтың жаппай Қазақстан бойынша қару алып көтеріліске шыққаны, ондай көтерілістердің саны 372-ге жеткені туралы тарихи деректер келтірілген және мұздай қаруланған ОГПУ солдаттары отқарусыз көтерілісшілерді қара шыбындай қырғаны туралы деректер келтірілген. Көтерілісшілерге жаппай «бандиттер», «ұлтшылдар» деген саяси жалалар жабылған. Бұл саяси жалалар оларды сотсыз, тергеусіз кез келген жерде аңша ата беруге жол ашқан.

«Ержүрек казак халқының тәуелсіздік жолындағы күресі бір сәт те тоқтаған жоқ. 1929–1931 жылдардағы бас көтеру – соның айғағы. Кешегі кесір қоғам ол құрбандардың есім-сойын қолдан келгенше өшіруге, атамауға тырысты. Халық оларды еріксіз «ұмытуға» мәжбүр болды. Осы барыста қаншама ерлік тарихи желге ұшты. Соңғы демі қалғанша арпалысқан қаншама арыстан жүрек азаматтар атаусыз қалды. Тарихымыздағы үлкенді-кішілі әрбір көтеріліс – Тәуелсіздіктің бұралаң жолы, сол жолдағы ұлт күресінің құрамдас бөлігі. Тәу етуге тұратын асқақ ұғым. Көкірегің шымырлап, көзіңе ыстық жас келеді. Осыдан кейін өткенге, ата-баба рухына қалай тағзым жасамайсың?»

Бұл – тек ғана Қырымбек Көшербаевтың ғана емес, бүгінде тәуелсіз Қазақстан құрып жатқан кез келген азаматтың көкірегін шымырлатып, көзіне жас үйіретін ашаршылық тақырыбы. «Зұлмат» бұл тақырыпты осылай толғайды.

Көшербаев кітабының «Қуғын-сүргін» тарауы тағы да сол қызыл террордың халыққа жасаған хисапсыз қиянатын алға тартады. 1928 жылы басталған кәмпеске қазақтың қолындағы 40 миллион малдың 36 миллионын тартып алып Мәскеуді, Ленинградты, Құйбышевті аштықтан құтқарды. Қарақұрым малынан айырылған казак қынадай қырылды. ОГПУ 1932 жылы осы қырғынды «зандастырып» «бай-қулақтарды тап ретінде жою» туралы пәрмен шығарғаны тағы белгілі.

Сондай-ақ Қазақстандағы қызыл террор науқанын өз қолымен жүргізген Голошекин бастаған 100 шенеуніктің аты-жөні де аталып тізімі берілген. Оның ішінде, бір түйір де қазақы есім жоқ. Алайда Голошекин командасында болған Құлымбетов, Исаев, Мендешев, Құрамысов, Жангелдин, Мүсірепов, Сейфуллин есімдері аталады.

Қызыл террор сондай-ақ қазақтың тектілерін теріп жүріп тұқымын тұздай құртуға кірісті. Егер Абай тірі болғанда, алдымен, окка ұшатындардың бірі болар еді. Бірақ қызыл террор үшін Абайдан ала алмаса да ақынның көзі тірі ұлы Тұрағұлдан алды. Тұрағұлдың мойынына қызыл террор тұзағы түсті. ОГПУ оны алдына салып айдап, Оңтүстікке жер аударды. Ол сонда ажалынан бұрын ажал құшты. Абайдың ақын інісі Шәкәрімді де айдалада атып өлтірді. Денесін құдыққа лақтырды. Сотсыз, тергеусіз үкім шығару әйгілі «үштікке» берілді.

Голошекин Ұлы далада 5 мың жылға созылған көшті 5 жылда тас-талқанын шығарып, отырықшылыққа көшірді. Бұның салдары 1931–1932 жылдардағы сұрапыл ашаршылыққа ұласты. Егер көшпелілер «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына» деп басы ауған жаққа боспағанда тұтас бір ұлттың тұқымы тұздай құруы әбден мүмкін еді. Голо-

шекин осы топаланның бәріне кінәлі өзі емес, қазақтың бас көтергендері кінәлі деп шыға келді. Ашаршылыққа да, 372 көтеріліске де, 1 миллиондай «отқошевкеге де» кінәлі қала мен даладағы казак бас көтергендері деп байбалам салып шыға келді. Соның салдарынан Алашорда көсемдерінен бастап, қазақтың қызыл коммунистеріне шейін 25 мың адамды окка байлады.

Қырымбек Көшербаев «Зұлматтың» осынау отызыншы жылдары халыққа жасалған қара дауыл қанды қиянатты қабырғасы қайыса отырып толғайды. Кітапты сондықтан терең толқымай қызыл террор авторларына қарғыс айтпай оқу мүмкін емес екен. Осы кітаптың, «Зұлматтың» соңғы бетін жапқанда оқырман көкейінде де қиянатшыл қандыбалақ қызыл террор көсемдеріне деген қарғыстың қара дауылы да дүркіреп оянады. Рас. Сөз жоқ. Ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау керек, осы мақсатпен құрылған Мемлекеттік комиссия жұмысын толық қолдау керек деген ой алдымен туындайды. Екіншіден, сол миллиондаған жазықсыз құрбандар рухын қалай ұлықтауымыз керек еді деген ой бас көтереді. Осы ойдың балалауына түрткі болған Комиссияның қыруар жұмысына да, «Зұлмат» авторына да оқырман ағыл-тегіл риза екенін айтып өту міндетіміз. Енді бізді не мазалайды? Қызыл террордан қиянат көрген, бір ғасыр бойы жоқтаусыз жатқан миллиондардың бүгінгі көзі тірі ұрпағы ретінде бізді не мазалайды? Бізді сол иманы үйірлмей, жаназасы оқылмай сүйегі сай-салада шашылып қалған миллиондардың рухын ұлықтау деңгейіміз мазалайды. Рас, үлкен қалаларда оларға арналып қалқып бір-бір ескерткіш бой көтерді. Бірақ бір-бір ескерткіш миллиондар рухын түбегейлі ұлықтай ала ма?! Ондай ескерткіштер жеке адамдарға да қойылып жатқан жоқ па? Ашаршылық пен қуғын-сүргіннің миллиондаған құрбандары жалпыұлттық қасірет емес пе? Ендеше, жалпыұлттық қасіретті ұлықтау да ерекше болуға тиіс емес пе?! Бұл қасіретті ұлықтауға бірер ескерткіш емес, түгел бір кешен арналуға тиіс емес пе?! Мысалы, Алматы қаласында «Аза сарайы» салынса несі айып? Ол сарайға кіріп шыққандар ашаршылық пен қуғын-сүргін әлеметтерін өз көздерімен көріп шығып әлемет сезімге бөлense несі айып? Жас ұрпақты «тарихпен тәрбиелеу» деген осы емес пе? Балауыз мүсіндер арқылы ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын «тірілтіп» көрерменнің көз алдына әкелуге болар еді ғой!

Біз осы идеямызды 2022 жылы тамыз айында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлына айтқанымызда, бұл әңгімеге ерекше мән беріп: «Қазақстанда балауызбен жұмыс істейтін жалғыз ғана маман бар. Ол жігіт қазір Астанада тұрады», – деген еді. Мемлекет басшысы «Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі Жарлыққа 2020 жылы қол қойғаны белгілі. Комиссия жұмысы жүріп жатыр.

Ендеше, аталмыш Комиссияны екі жыл басқарған Қырымбек Көшербаевтың осы Комиссия жинақтаған қыруар құжаттарға негізделген «Зұлмат» кітабы бүгінгі таңда ашаршылық және қуғын-сүргін мәселесіне келгенде, казак қоғамында толық түсіністік бар екенін көрсетеді. Мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Елеуұлы осынау «Зұлмат» кітабы арқылы алда келе жатқан өзінің 70 жылдық мерейтойына ғана емес, жалпы ұлт қасіретін ұлықтау тақырыбына тамаша тарту жасады деп білеміз.

● ХАТТАР СЫР ШЕРТЕДІ



Аса қадірлі Нүреке!

Аман-есенсіздер ме? Женгей тәуір болып кетті ме?

Бұл хат телефондағы сөзімнің жалғасы. Баспа бастығы Мұқанға да сіздің пікіріңізді айттым. Көбірек қиналған редактор. Өйткені ол «сөздіктің қолжазбасын өндіріске тапсырып қойып едік» дегенді айтты.

Ғарекенмен (Сағымбаев) де хабарласып, жағдайды түсіндірдім. «Егер қажет деп тапсаңдар көлемін қысқартпауға болады» деді.

Содан барлық ауыртпалық маған түсейін деп отыр. Өйткені мен Шериязданның алдында да, баспадағылар мен рецензенттің алдында да араб-парсышасын ажыратып дәлелдеп шығуым керек болып отыр.

Түбінде өзіңіз араласпасаңыз болатын түрі жоқ. «Өзі жоқтың – көзі жоқ» дегеннің кері келіп жатыр.

Сөздіктен жер-су, кісі аттарын алып тастаған. Қалдыруға келісті. Сондағы сөздіктің көлемі 15 баспа табақ.

Ендігісін, Нүреке, өзіңіз шешіңіз. Қажет жерінде мен дәлелдей аламын.

Сәлеммен Әбдуали (Қайдаров),
2 май, 1973 жылы

Ардақты Нүреке!

Ардақты Нүреке, сіздің «Қазақ әдебиетінде» шыққан ғылыми мақаланызды әдейі көңіл аударып, жақсылап оқып шықтым. Мен тілші болмасам да бұл мәселе қазақ интеллигенциясына ортақ қой. Сондықтан қатты қуанып, өзімше сізге ризалығымды білдіріп, ол мақала жайын келінініз Надежда Кузьминичнаға түсіндірген болдым. Мақаланызды мақтаймын, мақтанамын «Жарайсың біздің көрі тарлан!» дегім келеді.

Алтынның қадірі қай кезде де кетпейді, бұл – сіздің сүйегіңізге біткен, қаныңызға сіңген үлкен бір қасиет. Ол қасиет атаңыздан, не анаңыздан ауысқан болар, кім білсін. Сөз

жоқ, сіздің осы істеп жатқан жұмыстарыңыз көп замандастарыңызға үлгі әрі мұрындық.

Маған да сізден жылы леп келді ме, соңғы кездері мен де ойдағыны қағаз бетіне түсіре бастадым...

Кеше ғана Ебекең Қарағандыдан телефон соқты. «Қарағандыға келіп қайтсаңызшы» деген тілегін айтты. Мен Евнейге: «Алматыға келсеңізші», – деп, сағынғанымды айттым. Жұықта кездесіп қалуымыз мүмкін емес.

Көріскенше хош болыңыз! Біздің бәйбіше де сізге арнайы сәлем айтып жатыр.

Сағынышты сәлеммен,
өзіңіздің Ишанбайыңыз!
(академик Қарақұлов),
14 декабрь, 1976 жылы

Қадірлі Нүреке!

Жаңа жылда ағалық жылы лебіңізді хатыңыздан оқып, риза болдым. Өзіңнен тәжірибелі, парасатты үлкеннің «осындай інім бар еді-ау» деп сырттан жағдайын ойлап жүргенге не жетсін. Бұл еліміздің жақсы дәстүрлерінің бірі ғой...

«Қазақ әдебиетіндегі» тіл жөніндегі мақаланыз өте орынды, тез шешілуге тиісті, көпке ортақ мәселелерді көтерген. Газет ол пікірді жалғастырып, бір нәтижеге жеткізер деп сенеміз.

Мына хатпен қоса, Мәулен Балақаевтың «Социалистік Қазақстанда» жарияланған мақаласын жіберіп отырмын. Сіздің пікірлеріңізді толық қолдап, атыңызды екі жерде атаған. Тіл білімінің белгілі мамандары сөзіңізді қолдап, қостап отырса ол да бір мәртебе ғой...

Деніңіздің сау, еңбегіңіздің жемісті бола беруге тілектес ініңіз Рахманқұл!
(әдебиетші-ғалым Бердібаев)
20 январь, 1977 жылы

Нүреке!

Сіздің «Қазақ әдебиетіндегі» мақалаларыңызды түгел оқып шықтым. Соңғы кезде жөнді көңіл бөлінбей келе жатқан тіл мәдениетінің өзекті мәселелері жайлы айтқан пікірлеріңіз өте орынды. Көптеген сөздердің балама мағынасы жөніндегі ұсыныстарыңыз да дұрыс қойылған. Бір өзіне түсініксіз нәрсенің бәрін өзбектікі деп қарайтын ғалымсымақтар «нама», «қана» сияқты қосарлы мағыналарды түсіне бермеуі, тіптен қабыл алмауы да мүмкін.

Оның үстіне көп сөздер, әсіресе жер аттары орысша үндесуіне қарай бейімделіп айтылып жүр. Тіптен орыс сөздерін қазақша баламасын іздемей-ақ, қалай болса солай ала салушылық та кездеседі.

(Жалғасы бар)
Дайындаған
Гүлсім ОРАЗАЛИЕВА,
журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

28

мамыр

Ақын, күйші композитор
Жүсіп ҚЫДЫРОВТЫҢ

11:00

сәрсенбі

«Жүсіпнама»

атты кітабының
тұсаукесері
Көшіміздің құрметті
қонағы болыңыз



ӨТЕТІН ОРНЫ:
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы.

МЕКЕН ЖАЙЫ:
Алматы қ., Абай даңғылы, 14 үй



Марат МӘЖИТОВ

ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірмей тұрғанда, яғни әлі студенттік шақта «Мәдениет және тұрмыс» журналының бас редакторы Мұса Бөкенбайұлы Дінішев мені редакцияға тілшілік қызметке қабылдады. Содан бері көп жылдардың жүзі өтті.

«Мәдениет және тұрмыс», кейін «Парасат», одан «Ақиқат» («Қазақстан коммунисті»), одан кейін «Жұлдыз» журналдарында қызмет істедім. Он сегіз жылдай бас редактордың орынбасары, соның ішінде, екі-үш жыл жауапты хатшылықты да қоса атқарғаным барды. Отыз төрт жылдай мерзімде он бас редактормен, атап айтқанда, Мұса Дінішев, Бақытжан Жиенғалиев, Камал Смайылов, Бексұлтан Нұржекеев, Сарбас Ақтаев, Жұмабек Кенжалин, Ахат Жақсыбаев, Нұрмұхан Оразбек, Темірхан Медетбек секілді ірі-ірі тұлғалармен қызметтес болдым. Бұлардың әрқайсысы мемлекет деңгейінде ойлай білетін, мұрат мен мақсаты биік, ел алдында беделі бар, салмақты да салиқалы, өнегелі де өміршең қоғам қайраткерлері еді. Өмірдің сан қилы соқпағынан өткен тау қыраны тұрпат-тас бұл азаматтардан мен көп тәлім-тәрбие алып, тәжірибе жинақтадым. Менен біреу «журналистика мектебі» дегеніміз не?» деп сұраса, алдымен, жоғарыдағы қайраткерлердің аты-жөнін кеуде керіп, мақтаншпен атап, «журналистика мектебі» дегеніміз, міне, осылар дер едім». Бұл күнде Мұса Бөкенбайұлы, Бақытжан Жиенғалиев, Камал Сейітжанұлы, Нұрмұхан Оразбек, Жұмабек Кенжалин, Ахат Жақсыбаев аразында жоқ. Таяуда Темірхан Медетбектен де айырылдым. Бірақ ел-жұрттың аузында олардың атақ-абыройы жатталып, қатталып қалғаны ақиқат.

1997 жылдың қараша айының 21 жұлдызы еді. Бас редакторымыз Жұмабек Кенжалин, бірінші орынбасары Жанболат Аупбаев, мен екінші орынбасар, жауапты хатшы Мұрат Күлімбетов болатын. «Ақиқат» журналында 16 қызметкер тып-тыныш, кезекті нөмірдің жоспарын талқылап, соның материалдарына кірісіп кеткенбіз. Кенет, кешкі сағат бес пен алтының ортасында біздің оныншы қабатқа ғана дауыл соққандай, апыл-ғұпыл болдык та қалдық. Жанболатқа иек қағып едім, ол баяғы сабырлы қалпымен: «Министр келетін көрінеді», — деп езу тартты да, алдындағы қағазына қайта үніле берді.

Тура сағат алтыда Ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек

Сәрсенбаев, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ахат Жақсыбаев келіп, бас редактордың кабинетіне жиналды. Министр журналды көтермелеп сөйледі, алған бағытының дұрыс екенін, сүйекті-сүйекті материалдардың жарияланатынын тілге тиек етті. Қазірден бастап журналға бас редактор Ахат Имантайұлы болатынын, ал Жұмабек Кенжалин «Қазақ әдебиетіне» бас редакторлыққа тағайындалғанын қадап-қадап айтып, отырғандарға байыппен күлімсірей қарады да: «Аханды көпшілік, әсіресе

Бөлмеге кіре бергенімде, телефон шылдырлады. «Қазақ әдебиеті» газетінен Қуаныш Жиенбаев екен:

— Мәке, құтты болсын! Редакцияның айы оңынан туды. Ахат бәрін өзі істейді. Поштаға шейін өзі әкеледі. Корректураны өзі оқиды, нөмірге жіберілетін материалдарды бастан-аяқ бүге-шігесіне дейін өзі ұйымдастырады. Қолдарың ұзарды, бақытты екенсіңдер, — деп күлді.

— Қой, қалжының шығар, — дедім, мен де суықтау жымыпп.

— Мәке, шынайы шындығым.

ҚОС ПЫРАҚТЫ

әдебиетті сүйіп оқитын қауым жақсы біледі. Сондықтан таныстырып, өмірдерінен хабардар ету артық», — деп қысқа қайырды. Ешкім белсенділік танытпаған соң мен орнымнан көтеріліп:

— Алтеке, дұрыс қой бәрі, кеткенге де көңілімізге ток, келгенге де көңіліміз ток, сіз орынтақта отырғанда бізде уайым-қайғы жоқ, — деп тақпақтап едім, отырғандардың көпшілігі езу тартты да, Ахат тымсырая қалды. Ішім қылып ете түсті де, — Алтеке, бас редактор ауысқан сайын орынбасар күпті болады, — дедім не болса, о болсынға салып.

Министр сәл-пәл жымыпп:

— Мәке, күдіктенбеңіз, — деді. Сонымен, екі бас редактордың қолын кезек-кезек қысып, сәттілік тіледік. «Құдай қаласа, жетінші бас редактормен жұмыс істеуге тура келіп тұр» деп, ішімнен өзіме-өзім сыбырладым.

Менің бір әдетім, жұмысқа ертерек келіп, өзімнің оны-мұнымды қарағыштап, қаққыштаймын. Ойыма оралған бірдеңе болса, жазып тастауға ұмтыламын. Жұмыс орным лифтінің қарсы алдында еді, сағат тоғызға он минут қалғанда Ахат келді. Амандық-саулық сұрасқан соң: «Осы қабат түгелімен редакцияныкі ме?» — деп сұрады. «Он бөлмесі» деген жауаптан кейін: «Он алты адамға он бөлме, апырай, ғажап, бұл неткен коммунизм» — деді маған бақырая қарап, — нарық саясатынан қалай тысқары жүрсіндер? — дегенді де қосып қойды. Менде үн жоқ. Үсті-басы мұнтаздай Ахат таңдайын тық еткізіп бір қақты да, денесін шиыршық аттыра қозғап, кабинетіне қарай бет алды. Қар барысы секілді, аяқ басқаны білінбейді, еденде емес, ауада жүріп бара жатқандай.

Сағат он мезгілінде Жанболат екеумізді шақырып:

— Мен ертең, бүрсүгіні жұмыста болмаспын, соны ескертейін деп, бұл нөмірдің материалдары дайын болғанда маған бір көрсетіп аларсыңдар, — деп Ахат бізге шүйіле қарады.

— Аха-ау, бұл нөмірдің корректурасы оқылып қойылды. Келесі нөмірді жоспарлап, кірісіп жатырмыз, — деді Жанболат шапшаңдата сөйлеп.

— Онда мен келген соң жоспарды қайта бір қарап, ақылдасармыз, — деп бас редактор орнынан көтерілді.

Аханды сенен гөрі қарауында қызмет істеген мен жақсы білемін ғой.

Осымен екеуара сөзіміз аяқталды.

Жазушы Ахат Жақсыбаевтың шығармалары жетпісінші жылдардан бастап биік белеске көтеріліп, оқырман сүйіспеншілігіне бөленгені белгілі. Оның «Егес», «Бөгет» романдары жұмысшы өмірін, яғни сол кездегі ең өзекті тақырып жұмысшы бейнесін суреттеген сәтті туындылар еді. Бұл жөнінде мерзімді баспасөз бетінде көлемді пікірлер жарияланып, белді-белді сыншылардың назарына ілікті. Сәл кейіндеу «Қорған» романы жарық көрді. Ал «Бозарал» повесі жазушының өз мүмкіндігінің өте жоғары екенін көрсететін көркем туынды болды. Бізге дейін бес жылдай «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметін атқарған Аханды, оған дейін жиырма жыл «Жұлдыз» журналында жауапты хатшы қызметін атқарған Аханды басқа-басқа жазушы қауым өте жақсы білетіні ақиқат. Оралхан Бөкейден кейін жабық дауыспен «Қазақ әдебиеті» газетіне бас редакторлық орынтаққа отырған Ахаттың беделі биік еді. Өмірдің ащысы мен тұщысынан дәм татқан, саналы өмірінде барды да, жоқты да көрген, қандай нәрсені де ой елегінен өткізіп барып, қолына қалам ұстайтын талантты да, талғамды жазушы екенін көпшілік баяғыда-ақ білген, оқыған. Оның жазушылығымен қатарлас-қапталас жүрген журналист мамандығы да Ахатты қатпар-қатпар мұзы бар шыңдар мен қабат-қабат көмірі бар жер астына да жетектегені шындық. Оның екі тілде бірдей жазатын жан-жақты білімді, сонымен бірге Құдай берген қабілетті шашау шығармай ел кәдесі мен өз кәдесіне пайдалана білетін қос пырақты азамат екенін жалғыз мен емес, күллі жұрт білетініне сенімім нық.

Кешегі социализм кезінде Қазақстан Жазушылар одағы күркіреп, дүркіреп тұрды. Сол Қазақстан Жазушылар одағында қайнаған қара қазан ішінде Ахат Жақсыбаев кәсіподақ комитетін басқарды. Мұның өзі жүйкеге тиетін әрі бір тиынсыз жұмыс еді. Ахат талай жазушы ағайындардың пәтерлі болуына тікелей көмектесті. Мысалы, Марат Қабанбаевқа жүгіріп жүріп екі бөлмелі пәтер әперген осы Ахат болатын. Сол уақыттың қат проблемасы жеңіл

машинаға қол жеткізіп, оны кезектегі жазушыға беруде де Ахат белсенділік танытты. Кешегі 1994—1996 жылдары еліміздің экономикасы бірде кейін, бірде ілгері жүріп, қалтылдаған қалтқыдай болып тұрған кезде де, Ахат Имантайұлы басқарған «Қазақ әдебиеті» газетінің ұжымы күйзеліске ұшырай қойған жоқ. Газеттің әр нөмірі өз уақытында мәнді де, мағыналы әрі мазмұнды шығып тұрды. Кешегі социализм кезінде Ахаттың «Егес», «Бөгет» романы мен «Бозарал» повесі орыс тіліне аударылып, бүкіл

КСРО-ға тарап, аты мәшһүр жазушы екенін дәлелдеді. Енді сол мәшһүр Ахат, Г.Хагтардтың «Маргарет ару» романын, Р.Медведевтің «Сталиннің серіктері» кітабын, В.Астафьевтің «Өмір өткелдері» повесін қазақ тілінде сайратқан аудармашы Ахат, ұлттық, қоғамдық-саяси журнал «Ақиқатқа» бастық болып келе қалғаны тосын уақиға емес еді.

«Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсін» дегендей, үш күн өтіп, төртінші күні ертелетіп қызметке кіріскен Ахат Имантайұлы тосын мінез көрсетті. Редакция ұжымы түгелге жуық жиналған басқосудағы кіріспе сөзден кейін: «Бар болғаны 96 бет журналға бас редактордың екі орынбасары тым артық әрі ерсі. Сондықтан Жанболат Аупбаев орынбасар, Марат Мәжитов жауапты хатшылыққа тағайындалады. Сосын, аядай журналда он алты адам не істейді, айтындаршы? Өзі айына бір рет шыкса, бұл дегеніміз курорт емес, қызмет орны ғой. Келесі айдан бастап қосымша қызмет істеп жүрген Ғарифолла Есім мен Талас Омарбеков өздерінің негізгі қызмет орнына барсын. Зейнеткер Сарбас Ақтаев пен ғалым-тарихшы Есенжан Қуандықовты алдағы уақыт көрсетер. Ұжымды әлде де ықшамдау керек, бізге сапырылысқан көп адамнан гөрі сапа қажет. Ал Мұрат Күлімбетовке бөлім беремін, әзірге осы, тағысын тағы да көре жатармыз», — деп бір тыныстады. «Мәссаған, безгелдек, осындайға кез келдік» деген мәтел жарқ етіп алдымыздан шықты. Сонымен, жана бас редактордың жаңаша көзқарасымен іске кірістік. Ретіне қарай бөлмелер де қысқартылып, топтасып, шоғырлана бастады.

Ахат Имантайұлының аптасына бір рет, кейде екі аптада бір рет басқосуда алдағы жоспар жөнінде, орындалған жұмыс, не істеп, не қоямыз дегендей әңгіме өткізіп, кейде сөз тасқынына беріліп, ұзақтау толғап кететіні бар. Материалдардың бәрін өзі қарап, елпекшеп, тақырыптарына қаршығаша шүйлігіп, ерінбей-жалықпай, кейде кешкі сағат жетіге дейін отырады. Біз дайындаған материалдарды да көңіліне жақпаса: «Менің көзіммен бір қараңызшы!» — деп қайтарып береді. Ішін дуылдап, қызарасын, бірақ бас редакторға, оның ішінде, балуан әрі культурист, он адамға жалғыз өзі қарсы

тұратын, күрестің неше бір тәсілін білетін Ахатқа бас көтеру қайда?

Айдың жүзі өтпей Ахаң журналға бірнеше жаңалық енгізді. Біріншіден, белгілі суретші-графикке журналдың іші-сыртын жаңаша қалыпқа (стандартқа) компьютер арқылы түсіріп, әсіресе мұқабасы ерекшеленді. Екіншіден, материалдар жүйе-жүйеге бөлініп, әр нөмір (не болса, сол емес) сараланды. Мысалы, бір нөмірде саясат көбірек берілсе, келесі нөмірде экономика немесе тарих-мұрағат материалдары жарияланады. «Қоғамдық басылым

өрісінің қысқалығына ұялғаннан басым айналып, екі құлағым бірдей шуылдайды.

Кейде маған мынадай ой келетін, осы Ахаңа профессор деген құрметті атақты бере салып, университетке ұстаздыққа қызметке алса, шәкірт студенттердің мерейі бір қанар еді-ау, шіркін! Мен білетін Аханьның математика, физика, химия ғылымынан да білігі өте жоғары...

Сөйтіп, «Ақиқат» журналы өзгеше мазмұн, өзгеше тыныспен шыға бастады. Басылымның азамат-

демеуге, жалпақшешейліктен мүлде арылуға, әр сағатынды мөлшерлеп, әр ісінді уақытылы пайымдауға үйрете бастады ғой.

Ахат Жақсыбаевтың іш қызғанышы жоқ, адамға да, қоғамға да болсын дейтін сүттен ақ, судан таза азамат екенін көп кешікпей ұқтым. Ұқтым да осы бір тас түйін, екі сөйлемейтін, қызметіне аса берік, жақсыны да, жаманды да дәл уақытында ажырата білетін, жауына қатал, досына адал аптал азаматты шын пейілмен жақсы көрдім. Оған үш жыл уақытта қалтқысыз қызмет еттім деп ойлаймын, өйткені Ахаң «Ақиқатқа» тура үш жыл жетекшілік етті.

Ахат Имантайұлы бас редактор болған жылдарда ұжым «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарды» десем, артық айтқандық емес. Әркім өз ісіне жауап берді. Бос сөз, сыбыр-күбір болған емес. Журналға келесі жылға жазылу кезінде, шынымды айтсам, бас редактордың беделін пайдаланып, оны алға салдық. 1999 жылы бір ғана Алматы облысынан бір мыңға жуық оқырман журналға жазылса, ол — Ахаңның беделі.

Ұжым болған соң, оның үстіне республикалық басылымды шығарып отырған соң бас редактордың материалға аса қатал талаппен қарауы — өмір заңы, өйткені оның артында мындаған оқырман, алда сараптал халық тұр. Талай материалдар қайта қаралып, бір жазғанды екі жазу болмай қалған жоқ. Әсіресе экономика бөлімі, қоғам, саясат бөлімдерінің материалдары кей кезде осындай жайға кезігіп қалып отырды.

1998 жылы наурыз айында Астананың тұсаукесеріне қомақты материал жазуға мені жұмсады. Бір жетідей болып көлемі отыз беттей материал жазып ұсындым. Ахаң ризашылық кейіп танытып, сол жылдың 5-нөмірінде жарық көрді. Редакцияда Сарбас Ақтаев, Мұрат Күлімбетов, Шөмішбай Сариев, Нұрақым Райхан, Қыдырәлі Қойтай, Батық Мәжитұлы секілді тәжірибелі журналистер жұмыс жасады. Ал тарих ғылымдарының кандидаты Есенжан Қуандықовтың мамандығы журналист болмаса да жазуға жүйрік еді.

1998 жылы жаз айында Жанболат Аупбаев Астанаға жұмысқа ауысып, министр Алтынбек Сәрсенбаевтың бұйрығымен мені бас редактордың орынбасарлығына тағайындады. Жауапты хатшылыққа бас редактор Қыдырәлі Қойтайды мақұл көрді. Жанболат астанаға ауысқан соң төрт-бес айдан кейін Аханьның ұйғарымымен Сарбас зейнеткерлікке, Есенжан университетке өз мамандығы бойынша біржолата кетті.

Ахат Имантайұлымен қоян-қолтық қызмет істеу әрі онай, әрі қиындау. Онай дейтінім, жоспарға өзі басшылық етеді, нөмірге баратын материалдардың бәрін, шағын хабарға дейін өзі қарайды. Запаста материалдар жеткілікті, оны өзі апта сайын қарап, қадағалап отырады. Қолы ашық, мейрам-мерекелерде қалтасынан суырып теңге тастайды да дереу ұйымдастырады. Бар болғаны бір бөтелке қызыл шарапты үстел басында отырғандарға жеткізеді. Ал ақ арақпен жаны қас. «Ақа-ау, бір бөтелке шарап оншақты адамға не болады» десен, «Сіміріп ішу мұрат емес, дәмін алып қана отыру керек», — дейді. Шарапты өзі

құяды. Ал қиындауы қатал тәртіпті жаны сүйеді. Кей-кейде нөмірге «тосыннан келген» мақаланы тығып жіберейін десен, «Қоя тұрыңыз, әуелі жоспарға кіргізейік, сосын, ол бізге қажет пе, жоқ па, талқылайық, одан кейін мен оқып шығайын, сүйтейік», — деп бақырая қалады. «Ә, нөмірде орын болса, өзің дұрыстап оқы да, салып жіберсейші» деп бір айтпайды. Сосын, бір тапсырма берсе, «Так, орындап, жазып тастадың ба?» — деп күнәра сұрап, мезі етеді. Тез орындамасаң, беті бүлк етпей келесі нөмірге қалдыра салады. «Әлі уақыт бар ғой, асықпай-үсікпей, ойланып жаз», — деп қарауындағы қызметкерге жылылық танытпайды. «Журналист тез жазу керек», — деп орынтағында шалқаяды.

Ахаң редакцияның қат-қабат жұмысымен қатар, атақты партизан, ұлтымыздың мақтанышы, Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов жөнінде роман-эссе жазып, оның екі-үш тарауын «Ақиқатта» жариялап еді, оқырман жылы қабылдады. Кейін бұл шығарма «Қайсар, қайтпас» деген атпен көлемді кітап болып шықты. Кітап бір ғана Қасым Қайсенов емес, екінші Дүниежүзілік соғыста майдангерлердің асқан ерлігін сипаттайтын толымды шығарма еді, бірақ Мемлекеттік сыйлыққа ие бола алмағаны, азғантай топтың оқымай «жоқ» деуіне ұшырады-ау деп ойлаймын...

Ахат Имантайұлына арнап кезінде бес шумақ өлең жазып едім, бірақ өзіне оқылған жоқ, әйтеуір, бір сәті түспеді.

Максат-мұрат жолында жорық еткен,
Қиындықты қиналмай орып өткен.
«Тар жол тайғақ кешуден»

қарғып кетіп,
Қажет десе, айға да қолы жеткен.
Арманына армансыз бас тіреген,
Қайсар, қайтпас болған-ды

жас күнінен.
Өмір бойы әділдік туын тігіп,
Жалғыз өзі айқасқан қаскүнеммен.
Өрен жүйрік өнері асқақтаған,
Қорқып, үркіп ешкімнен

қас қақпаған.
Ұлтына адал, мейірімді өмір бойы,
Досым десе, ішіне ас батпаған.

Өз ұлтының серісі, сенімдісі,
Табиғаты шынайы өнімді ісі.
Тау көтерер Толағай болса-дағы,
Жай адам боп келеді көрінгісі.
«Жігітке жеті өнер де аз»

дегендейін,
Он өнерді Аханнан көрем дәйім!
Сәйгүлікке шап беріп тақым салса,
Кетеді-ау деп қара үзіп елеңдеймін!

Бір күні Ахат кабинетіне шақырды. «Мәке, маған министрлік басқа қызмет ұсынып отыр», — деді. «Қандай қызмет?» — деп ынтыға қалдым. «Министрлік «Жас өркен» акционерлік қоғамын құрып, оған «Балдырған», «Ақ желкен» журналы мен «Дружные ребята», «Ұлан» газетін кіргізіпті. Сол қоғамға президенттікке қолқа салып отыр, бірақ екі ойлымын». «Ойланбай-ақ барыңыз, үлкен орын ғой», — деп лебіз білдірдім. Екі-үш күннен соң Ахат Имантайұлы жаңа қызметтің орынтағына отырды. Бір-екі аптадан кейін «Ақиқатқа» бас редактор болып, жауар күндей күркіреп, аты шулы қаламгер, аты шулы баспагер Нұрмұхан Оразбек келді.

АХАТ



Тәжікстанның халық ақыны Мирсаид Миршакар, Сәбит Мұқанов және Ахат Жақсыбаев. Ашхабадта 1971 жыл

болғандықтан, қоғамдағы өзгеріс-жаңалықтарды қалт жібермей қадағалап отыру — біздің басты міндетіміз», — дейтін Ахаң өзі бас болып жоспар жасайтыны және бар. Үшіншіден, журналдағы материалдар әрі сауатты, әрі қатесіз шықты. Грамматиканы өте жақсы білетін ол үтір, нүкте, жалғау, жұрнақтарды (Жанболаттан басқамызға, өйткені Жанболат ол жағынан мықты екен), әйтеуір, грамматикалық ереже-емлені бізге үйретті. Сөйтіп, сауатымыз ашылып қалды. Төртіншіден, бізге де тыным бермей, өзі де тыным көрмей, редакция қызметкерлерін ұдайы ізденіске жетелеп, жетектеп отырды. Менің бір таңғалғаным, Ахат Имантайұлының әлем халықтары тарихын өте терең білетіні. Дүниежүзінде неше ұлт, неше ұлыс барын, олардың тегі қайдан шыққанын, жер көлемі, халқының саны, көсемдері кімдер, олар кімге иек сүйеп табынады, олардың тілі, діні, мен ділі көкірегінде сайрап тұр. Ал орыс княздары мен патшалары, қазақ хандары мен билері туралы мен естімеген деректер айтқанда, өз

тық және тарихи-танымдылығы ерекшелене қоғамдық мәнге ие болып, саяси сипаты кең аймақты қамтып, өрісін серпілте түсті. Оқырмандармен арақатынасымыз бұрынғыдан да жақсарғанын байқадық. Бұған азулы журналист Жанболаттың да қосқан үлесі мол еді. Ол Ахаңа шынайы серік, шынайы орынбасар бола білді. Ахат Имантайұлының кейде: «Осы журналды үш қызметкер шығара алады, ал біздің санымыз өте көп», — деп шегелеп айтуы басқаны қайдам, өзіме ұнамай тістеніп қалатынымын. «Осы ұжымды өз қаржысымен асырап отырғандай, мұнысы несі, мемлекеттің қаражатын қызғана ма?» деген ой мені торлап тастайтын. Баяғыда бір қойшы үйінде шай ішіп отырып: «Ойбай, қатын, енді ойласам қасқыр екен», — деп атына мініп тұра шауыпты дегендей, енді ой таразысынан өткізсем, Ахандікі дұрыс екен. Нарық саясаты бізге бардын өзін бағамдауға, өзіндегі мүмкіндікті мейілінше пайдалануға, бүгінгіні ертең, ертеңді бүрсүгіні



Тұрсын ЖҰРТБАЙ

Жердің бетіндегі қызығы, етбауыр тұрғыластарымен бірге жердің астына түсіп кеткендей күн өткізетін сарыуайым шаққа да жетіп қалыпшы. Егделіктің де кермек дәмінің уытын қамыға тататын күн мұншама тез келе қояр деп кім ойлаған. Ойың сергіген бір сәтте көңілің аспандағы аққудың қанатына ілініп, құмыл ғаламды кезесің.

Шарықтай шалықтаған елес-ғұмырын шырайлана аунап түсіп, құлдилап шүйіліп, дос-құрбын, жақын-жанатын жатқан жер астына алып келгенде, мынау дүниенің жалған екеніне, қалай шарықтасаң да осы төбеге алып келетініне сенгің келмейді. Сірә, бұған бойың да, ойың да, күнделікті тірлігің де ешқашан үйрене қоймас. Осыдан отыз жыл бұрын, Жәнібек дүниеден қайтқанда, жазуға ниет еткен «Өлгендермен өмір сүрем» атты естелікті не бастай алмай, не тастай алмай, ақыры өксігі басылмаған күйінде іште тынып қалып қойып еді. Міне, онсыз өмір сүру мүмкін еместей сезілетін Несіпбектің де, онымен жарыса «Арқадан соққан қоныр желдей» жанға жылы Құныпияның да, «бөрі аулы «көкшулан» Қаржаубайдың да дидары ғайып болғанына да бір мизам толыпты. Тек анда-санда түн ортасында көрінетін ғайып дүниесіндегі елестері ғана әуелі жанына жұбаныш әкеледі, содан кейін барып ол жұбаныш азынаған озандық жоқтау сарынына ұласады. Бірге өткен өмір, кешкен ғұмыр, көрген сүйініш-күйініш, ортақ аңсар мен мақсат, соңғы бақұлдасулар көзінді қамап, алқымды булықтырып, ақыры буалдыр дүниеге айналып сала береді. Сондайда, мен білген Несіпбектің жалпыға бейтаныс, өзіме етене: оның жан жүйесі мен ой-дүниесіне, «Көкала үйрек ұшады көлге қарсы, Бейшараның ұясы желге қарсы», — деп өзі мұңая жиі ыңылдап айтып отыратын, ұясын желге қарсы салған қызғыш құс иесі мен киесі (бұл оның жүйке ділінде анық бар еді) туралы; өзі жиі айтатын, «бәйге атындай үнемі зар күйінде» жүретін, өзін-өзі оңаша жарататын, шаң тигізбес үшін бәйгенің жел өтінде саяқтана шабатын кәнігі шабандоздық мақышы туралы; шақпақтай тез тұтанатын ой ұшқыны мен ұшпа ұшқырлығы, зеректігі мен зейіні, мінезін ақылына жеңдірген немесе ақылын мінезіне жеңдірген тұстары туралы; өлеңнің буы бұған сәтіндегі булығы мен буыршындығы, жаймашуақ сәтіндегі жайдарылығы мен жайсаңдығы туралы; мінезіндегі болмасқа шамдана қалып, ал өңменіннен өтетін оқты жайбаракат қаға салатыны туралы; ширықпасақ ширьға қалып, қысылтаянда айылын жаймайтын салақтығы туралы; жоқтан айла тауып жанұшыра жүріп, қапысы келгенде аяқ астынан манғаздана саябырсуы, болмас іске болдырып, орайы келген істе босаң тартуы туралы; тіршіліктің додасына ойланбастан кіріп кетіп, аяқ астынан будақ-баудақ шаң шыққанда сытылып сала беруі туралы; «көк дауылы ұстаса» (мен оның бұл мінезін солай атайтынмын)

туған әке-шешесін де бетқаратпайтын «долылығы» мен найзағайлар шарпысқан майданның ортасындағы жойдасыз сабыр сақтауы туралы; түлкіге алдырмайтын айлакерлігі бола тұра, адам сенбейтін нәрсеге алдана салатын аңғалдығы (Ал мұны біз, Жәнібек бастаған құрдастары «сәнге пайдаландық». Алакөлде, кешкі қонаққа барарда үстіндегі шыт жаңа киімін бес рет ауыстыртып, ең соңында, суға түсетін мыж-мыж тоқыманы кигізіп апарғанымыз бар) туралы; жоққа — жомарттығы, әзірге — мәрттігі, барын — бауырына баса шашатын «сараңдығы», табысқа табанды түрде ұмтылса да, керісінше, «мал жия алмайтын» ашық қолы туралы; ең соңында жанын қылбұрауға салсаң да ойындағы құпиясын терең сақтайтын беріктігі мен «сыр ғып» айтқан сыралғы сөзді сырт айнала сыртқа ашық түрде жария ететін «Қу ауыз Қалилығы» (Ауылында сондай бір айтқаны келетін және кісінің құнына қалса да жасырғанды жария етіп отыратын адам болған, біз соны мезген: «Тағы да Қу ауыз Қалилығыңа басып жүрме?» — деп ескерту жасайтынбыз) туралы; осылардың ішіндегі ең басты қасиеті осы айтылғандардың бәрін көңіл көрігінде ерітіп, үнемі егіліп тұратын, қашан да жан сарын жылы ұстайтын, өзіміне емірене білетін бауырмал сезімі туралы жазғым келіп еді. Оған қыстығып отырып ұстаған қаламым да қарымымды еркін жаздырмады. Тек жекебасына ғана қатысты шым-шымдап сусып, шыжымдап шыққан шын сөзім мынау.

1. Киелі қызғыш құс

Турасына көшкенде, Несіпбектің балалық шағынан бойына біткен «абыройлы жұғымы» (асылыққа санамаңыздардар, өстіп, тіл астына маржан сап жайдақтата сипай қамшыламаса, ол туралы сөзімің тұшымы келмейтін сияқты көрінді), өзінің шағын тұрқына қарамастан, осынау бір нағыз шаққан атбегіге, шалт мінезді ақынға тән «мың мұғжизалы» қалпымен-ақ, бір көргенде, жасының үлкен-кішілігіне қарамастан, кез келген ықпалсыз ауған адамның жанын еш қылаусыз баурап алатын қасиеті бар еді. Содан кейін, оның дегеніне көндіретін, оның да дегеніне өзі де көнетін. Елу бес жыл бойы бізге (Жәнібекке, Құныпияға, Жабдықбайға) өзінің еркін емін-еркін билетті, біздің еркімізді өзі де емін-еркін биледі. Бұл тұрғысынан алғанда, ешқайсымыздың да, тіпті үй-ішіміз бен бала-шағамыздың да, ағайын-туыстарымыздың да, еш көңіл-жықпастығы мен «неғұлайыны» болған жоқ. Емін-еркін, етбауыр араластық. Соның ішінде, бала мен немерелердің «сөз еркіндігі» басты орын алды. Көңілдің қырпуы мен шырпуын солар арқылы жеткізіп, әңгіме басталмай тұрып, мәселе шешімін табатын. Бұл өзі, қазақы құрдастықтың ішіндегі ең «өтімді» әрі ең өжет, ең жайдары мәміленің амал-тәсілі ғой, шіркін. Аңызы мен анығы, қуанышы мен құмығы аралас ондай құбылыстарды тура жеткізу мүмкін емес. Ол үшін солардың өзімен қауысына отырып, қарпыса өмір сүру керек. Сонда ғана, «айтыстың әшиесі» кіреді. Дегенмен де, сырт көзге қалыс әрі қалтарыс қалатын жеке басы мен шығармашылық психология тұрғысынан алғанда, менің көңіліме түйіп қалғандарым мыналар:

Бірегей бітім-болмысының бірі: Ол бұл өмірге— өзі ғана сыйынатын, өзін ғана жебейтін иесімен, киесімен бірге келді. Әсіресе бойын еркін билеп үлгермеген бұла шағында «иесі мен киесі» жиі иектейтін. Алғашқыда, сырмінез болмай тұрған кезімізде, түн ортасында пәтердің төргі бөлмесінде «Қабанбайлап!» аруақ шақырып, қамшысын іздеген дауысын естіп, зәрем ұшқаны бар. Менің әкем Құдакелді де кейде түн ортасында өз-өзінен селкілдеп, «Қабанбайлап!» аруақ шақырып, үнемі жастығының астында жататын қамшысымен үйдің іргесін,

керегені, шаңырақты сабалап барып тыныш табатын. Ал он тоғызға енді толған бозбаланың мына «қабанбайлауы» тосын көрінді. Танертен Майнан (Манат, әйелі): «Шошып қалған жоқсың ба? Алғашында мен де қорыққам. Үйреніп алдым. Бір нәрседен секем алды ма, әлде өлең жазғысы кеп жүр ме екен», — деген жайымен жымып жарының «жайын» түсіндіріп. Ертеңінде: «Дос болғың келсе, бұған үйрен», — деді өзі де күліп. Шындығында да, сол кезде өлең иектеп жүр екен. Сәске кезінде екі көзі жасаурап, ыңылдай бастады, біраздан кейін гөй-гөйге басып, алдындағы ақ қағазға қол созды. Сөйтіп, қара өлеңнің ұясында құндақталып өскен ол, сөз періштесінің қос қанатының шалғайынан ұстап, шалықтай шабыт шақырды. Ол мұндайда түз құсына сай жан-жағына сергек те сезімтал, өжет те өткір сұқпен қарап, шалт қимылдап, ақ қағазға жаныға шүйілетін. Ол неге кіріссе

нанынан аузына қаратқан, көрші Шұбартау ауданындағы атақты бапкер, аңшы Мағауия (жазушы Мұхтар Мағауинды бауырына басып тәрбиелеп өсірген атасы) атбегінің Нарқызылының бәйгеленіп жүрген тұсы болатын. «Оқжирен» атты жүйрікпен бәйгеге қатысып, үшінші орын алған сыныптасым Бекен Айтқалиев: «Нарқызыл нағыз дүлдүл, басын сілкіп алып, ытырыла алға ұмтылады, содан жел жақты ала жүйткіді де отырады. Не шығандап озып кетпейді, не қасына жақындатпайды. Басын екі жағына кезек шайқап қойып, көз қығымен артын шолып отырады. Шабандоз бала да тақымы ысты, әбден ысылған тақыс неме екен, қамшымен жанай сипайды да отырады. Көмбеге жақындағанда Нарқызылдың делебесі қозып, ытырына ұмтылып, көз ұшынан бір-ақ шығады. Керемет, ай, екеуіне де көз тимесе болғаны», — деп апта бойы бізге айтумен болатын.

НАРҚЫЗЫЛ

(Он орам)

де, не нәрсенің түпкі аңғары мен аңысын тез аңғарып, тез шешім қабылдап (кейде теріс шешім болса да), соған беріле шұғыл кірісетін. Сол сәтте Несіпбек үшін ең басты мәселе сол «сұғынған қызылы» болатын және ол бетінен ешқандай амалмен қайтара алмайтынбыз. Ауқымды-шағын, маңызды-маңызсыз, үлкен-ұсақ мәселе деп қарамайтын. Сөйтіп жүріп, маңдайын тасқа соққанда тез өкінетін және сәтсіздігін тез арада ұмытатын. Бірақ қашан түбіне жеткенше алған бағытынан ешқашан да бас тартпайтын. Тумысынан біткен бұл мінез ақылы мен мінезі толысқан шағында да толас тартқан емес. Әрине, бара-бара байыпты ырғаққа түскені анық. Өзім таңғалудан жалықпаған оның бұл ширақтығы өзіне олжа да әкелді, өкінішке де қалдырды. Алайда оған жасыған кейіп танытпайтын, яғни өкінішін өзегіне түсірмейтін. Ойы мен бойы суыған соң, тағы да таң асырған бәйге ат құсап, терін үгіп, сілкініп, зар күйіне түсе бастайтын.

Екінші бітім-болмысы: айтты-айтпады, шындығында да, ол өзін өмір алаңындағы бәйге аттай сезініп, үнемі өзін-өзі баптаумен болды. Бұған басты себеп және қанына сіңген намысты ұмтылыспен тұрақты бәсекеге бойын үйреткен ғадет алты жасынан атбегілердің тәрбиесін көріп, тәлімін алған жампаздығы, яғни шабандоздығы еді. Сондықтан да тіршіліктегі күресте қиналған тұсында да, түсінде аңызға айналған Нарқызыл мен Бәйгеторыны көретін, ал өлең буып жүргенде құстың қанатында ұшып жүретін. Көрген түсіне орай ісінің қалай шешілетінін сезетін. Мысалы, басының сақинасы жиі ұстап, қатты қысылған тоқсаныншы жылдардың ортасы мен екі мыңыншы жылдары және миы зеңірден екі жыл бұрын түсінде үнемі аспанда ұшып, неше түрлі ғайыптың перілерімен бірге ғаламды шарлаумен болды. Тоқсаныншы жылдардың аяғында, «Түс хикаялары» атты топтамалы кітап жазуға да ниеттенді. Ғайып мұғжизаларынан сексенді ме, білмеймін, ақыры ол дастандар жазылмай қалды. «Көкала үйрек» соның алғашқы нысанасы болатын. Әрине, бұл мұғжизалардың қызылды-жасыл құбылысын екеуара сыр ашқан кезде көзі жасаурап отырып айтып беретін. Енді, ол мағжизалы аян түстердің қазір ол үшін еш құпиясы жоқ. Өйткені ол қазір сол мұғжиза элементінің өзінің ішінде жүр.

Несіпбектің атын алғаш естуім де, басына ақ шыт байлаған ақ көйлек шабандоз баланы алыстан көргенім де, өткен ғасырдың алпыс төрт-алпыс алтыншы жылдарының дұбарасы еді. Онда, Несіпбектің піріне айналған, бүкіл Қазақстанның бәйгесін құ-

1969 жылы шілденің ортасында Алматыға келіп, университетке құжат тапсырды. Емтихан алдындағы дайындық кезінде, кірпіше тікелей қысқа шашты, пәкене, тік көз, құс мұрын, бетінде сирек секпілі бар, ересек бозбала (сөйтсем, он тоғыз жаста ғана екен) жаныма кеп, өзімің аты-жөнімді өзіме таныстырып, Семейдегі Ақылбек Манабаев бастаған таныс ақындарды, олардың жай-жапсарын айтып, бірден баурады да әкетті. Сол бауыр басқаннан елу бес жыл бойы бауырымыз жазылған жоқ. Ол сөзге де байыз таппай, мені Жазушылар одағына, соның ішінде бірден жазушы Мұхтар Мағауин мен Қабдеш Жұмаливтер ертіп баратын болды. Сөйтсем, Мағауия ақсақал жалғыз ұлы Мұқан мұғалімге өзі айтып отырып немересі Мұхтарға Несіпбекті тапсырған хат жаздырып беріпті. Ал Қабдешті бала кезінен таниды екен. Тіпті Күдерінің туған қарындасы Айттың жамағаты көрінеді. Бұл сол апасының бауырында өсіпті. Төлеужан Ысмайыловтан басқа ақын-жазушы көрмеген маған, мұның барлығы ертегі сияқты естілді. Оның айтуынша, екеуіміз тағдырлас та, тамырлас та, таланттас та екенбіз. Сондықтан да бірге жүріп, емтиханға бірге дайындалып, дос болуымыз керек екен. Сөйтіп, уағдаласып алып, Одаққа бет алдық.

Жол бойы және бұдан кейін өмір бойына ұласатын әңгіме арқауы Нарқызылға ауысты. Мағауия дегдар Нарқызылды қалай мәпелейді, тер қатырмас үшін жазда, күзде, қыста Нарқызылға қандай жабу жабады, қанша уыс сұлы, неше ұрттам су береді, тұнық судың тұшымы қандай болуы керек. Неге бәйгені өрелемейді және тұсамайды, ауыл арасында бәйгені неге мінбейді, түнде неше рет тұрып барып «ес қату» (бәйге үнемі иесінің жақындығын сезінуі тиіс екен) керек, неше ай бұрын атты құр жібереді, атты бауырына қарап қалай жаратады, бәйгеден неше ай бұрын таң асырады, аттың терін иіскеп зар күйін қалай ажыратады, қара жарыс кезінде шыққан терін уқалап, «кепкен терін» иіскеп «қамау терді», «ашы терді» қалай ажыратады, бәйгеге қатысатын аттарды қалай сынақтан өткізеді, қай жүйрікті қай айналымда абайлап, көзден таса қылмау керек, аттың кудесі, бас сүйегі, екі бұтының арасы, шабыс мәнері қандай, сағағының асты алқымды ма, тұяғының құймасы, табаны қалай, жер құмдақ па, борпылдақ па, тастақ па, желдің бағыты қандай, желге қарсы немесе ыққа қарай шапқанда аттың басын қалай ұстау керек, қамшыны аттың денесіне батырмай

калай ырғақты түрде сипай қамшылау керек, неге тебінбеу керек, құлақ етін, көз терін қалай сүртіп отыру керек, тақымды қай межеде қалай қысу керек, қойшы, Нарқызылмен бірге өзі Нарқызыл болып кеткендей беріле әңгімеледі. Кейде тоқтай калып, қолымен көрсетеді. Еріксіз тыңдатады және тыңдайсың. Содан, өзім де Несіпбекпен бірге бәйгеге шауып келгендей болып, сілем қатып жол жиегіне отыра кеттім. Сәл үнсіз қалған кезде: «Иә, содан

бажылдай қашқан жырық еріннен еш сескенбестен, орнында тұра беретін. Алағашы өлеңім де «Құлатайға» арналған», — дедім.

Ол мұңлы калыппен: «Е, ол Мағауия атамның, Нарқызылдың күйігіне шыдамай құмығып жүрген кезі ғой. Аяғына қағылған шеге алынбады, сүйегіне терең бойлап кетіпті. Жылқыға қосқанымен, үйірге қосылмай, аяғын шекіп басып, саяқ жүретін. Сол Нарқызылдың шолып қайту үшін барған ғой жылқышыларға. Бірер күн төбенің басында тұрып, жай-күйін



Нарқызылдың тұяғына шегені кім қақты?» — деп жанды жерінен шымшып алдым. Мен де бірдене білетінімді аңғартуым керек қой. Тіксініп, маған ұзақ қарап: «Оны сен қайдан білесің?!» — деді қалдып. Әрине, білемін. Оны Бекен сыныптасым жаны күйіп тұрып айтып берген. Абай мен Шұбартау ауданы аралығында өткен облыстық жарыстың алдында, түн жамылған қастаншықпағыр бір қасқұнмен кермеде тұрған Нарқызылдың табанына құмшеге қағып жіберіпті. Ертеңінде, қаршығадай ғана қаршыға көзді Мағауия дегдардың ешкімге еш тіл қатпастан, ішінен тынып, Нарқызылды шорқақтата жетектеп, бел асып бара жатқанын көргенде, думанға жиылған қалың жұрт дауыс сала боздап қоя беріпті. Несіпбек басын төмен салған күйі: «Сол жолы мені өзімен ертпеді, атам. Көз жасын көрсеткісі келмеді-ау», — деді өксік қысып.

Жанына батып кеткен қиянқылау сөзімнің батымын сейілткім келіп: «Мағауия бапкерді мен де білемін. Жетінші сыныпта әкем Құдакелді директормен бір бесті атты меншікке жаздырып алыпты. Содан, өзің де білесің, Шыңғыстың сырты мен Тай, Құр, Дағандел өзендерінің бойында Абай мен Шұбартаудың жылқышылары қатар жайлауға шығып, аралас отырады. Әкем таныс жылқышыларға батып: «Жалғыз үлдің бәсірсені сенімді, шошымасы жоқ бір ат тауып беріңдер. Міне, рұқсат қағазы», — деп өтініпті. Жылқышылар: «Екі ауданның жылқысының ішінен таңдағаныңызды алыңыз, — десіпті. Бұл сөзді, жылқы көрмесе, тұра алмайтын қаршыға көз, шағын денелі, аңызға айналған бапкер Мағауия ақсақал естіп отырыпты. Әредікте әдетінше жылқыны аралап келеді екен. Оңаша қалғанда әкеме: «Менің де жалғыз немере ұлым бар. Алматыда. Жалғыз үшін жаның тыныш болсын десең, мен бір құла тайды көрдім жаңа. Екі ауданның жылқысының ішінде одан өткен сенімді төрт аяқты жоқ. Бұтының арасынан адам өтіп жатса, құлағын қайшыламайды. Еш алаңы болмайды. Құны бесті атқа татымайды демесең, соны ал. Жаның тыныш болады. Балаң үшін алаңдамайсың», — депті. Сөйтіп, сенің Мағауия атаң менің Құлатайымды таңдап берген. Шындығында да, керемет жуас әрі аяңшыл еді. Аңға шыққанда, қоянның жымын басып кетіп, тұяғының астынан

бақылап, құйрық-жалын сипап, мауқын басып қайтатын. Содан, Мағауия ақсақал — елге, Нарқызыл — үйірге қосылмады. Екеуі де саяқсып кетті. Мен де анда-санда мотоцикльмен барып, байқастан жүрдім. Жылқыдан оңаша төбенің басына шығып, андыздап тұратын. Атам екеуімізден үрікпейді. Біз жақындасақ, басын шұлғып тұра беретін. Текті дүлдүл еді. Алтыс тоғызыншы жылдың жұтында боранда ық-таған жылқымен бірге Алтын Емелдегі Қақтың көліне батып өлді. Барлық жылқы мұздың астына шөккен. Тек, Нарқызыл ғана мұздан басын шығарып, желге қарсы қараған күйі суңгі боп қатып қалыпты. Алдында екі рет Семейдегі қасапханаға айдап әкетіп бара жатқанда, қатерді сезіп, жылқышыларға ұстатпай, қашып келген. Сөйтіп, ажалға қасқақ қарсы тұрып, маңдайын аязға төсеп, туған өрмесінде өлімді қарсы алды. Адамның бойына да ондай қасиет дари бермейді», — деді Несіпбектің дауысы бәсенсіп. Бұл екеуіміздің алғаш рет сыр бөліскен әңгімеміз еді әрі сол әңгіме екеуіміздің жарты ғасырдан астам созылған жан дүниеміздің дәнекеріне айналды.

Содан кейін ай бойы Нарқызыл туралы жағымыз ашылмады. Бұл оқиғаның Несіпбектің жанына секем түсіргені сондай, ол оның жеке мінезінің калыптасуына да әсер етті. Нарқызылға жасалған сол қастандық өзіне де жасалатындай, үнемі болмашыдан секемденіп, сақтанып жүретін. Ол секемнен соңғы он жылда ғана арыла бастады. Мағауия дегдар қайтып жүйрік ұстамады. Нарқызылдың орнын басады деген әкесі Тұрысбек баптаған «Торыат» та Несіпбекке байырлы қызық көрсетпеді. Иесін теуіп, бір көзін шығарып, кемтар етті. Несіпбек те қайта бәйгеге қатысқан жоқ. Нарқызыл мен Торыатты «жөктаумен», дәлірек айтсам, іштей аңсаумен өтті, оларды аянда түсінде ғана мініп жүрді. «Нарқызылға, Торыатқа мініп жүр екем», — десе бітті, ар жағын айтқызбай түсінетінмін. Онда оны бір жақсылықтың күтіп тұрғаны анық еді. Ал қабағы кіртііп: «Нарқызыл шекіп басып жүр екен, Торыат тағасыз қалыпты», — десе, онда көңілін бір қаяу басқаны.

Қысқасын айтқанда, оның ішкі жан дүниесінің құлақкүйі бәйге ат, яғни Нарқызыл еді. Дүниеден озарынан санаулы күн бұрын ғана көрген түсінде, бұлқа оранып алған Нарқызыл мұны алыстан ақшулаң сәуле көрінген тұңғыыққа алып ұшып бара жатқанын айтып еді. Бұл, аян түсі, қашан

есінен танғанша қайталап көріне берді. Ол осы мұғжизалы аян түсіне оранып жатып, өзінің ең соңғы:

Қанатты көбелектей күнге жайып,
Ғұмырды бастан кешіткі
бір ғажайып.
Сиреген құмай тазы тұқымындай,
Барамыз бірте-бірте біз де азайып.

Сырыңды жеткізе алмас таратып ой,
Тағдырдың көрсеткенде бөгеті бой.
Жамандар, кәкір-шүкір көбейгенде,
Жақсының азаятын әдеті ғой.

Қоғамның бетті шарпып
шаң-тозаңы,
Жақсылар азайғанда ел тозады.
Құтырып дубара мен дүрегейлер,
Жерініп жатырынан ұлт азады
(Емхана. 28.05.2023), — деген озанды өсиетін жазды.

Сөйтіп, ол өзінің иесі Нарқызылмен осылай қоштасты. Иә, «бірте-бірте барамыз біз де азайып». Оған не тосқауыл болар дейсің?! Өкінішсіз жалған — жалған ба?! Тақымындағы бәйгенің қызығына ұзағынан сүйіне алмай, құрышы қанып шаба алмағанымен де, ол тіршіліктің майданында емін-еркін ойқастады. Ең бастысы, қазақ поэзиясының, шын мәніндегі, Нарқызылы дәрежесіне көтерілді. Бұл ретте оның өлеңдеріне ешкім де шеге қаққан жоқ. Мүмкін, қакқысы келгендер болған да шығар, бірақ қаға алмайтын. Өйткені оны қорғайтын өлеңнің киесіне ұя салған періштесі — қызғыш құсы болатын.

2. Желге қарсы салынған ұя

Өлең демекші, оның бойын бұла шағынан бұған, ойын әлдилеп ер жеткізген, ақыл-еркін билеген және өзі мінезін еркін билеткен қасиеті, яғни үшінші болмыс сипаты осы өлең еді. Өлең ол үшін өнер емес, өмірдің өзі болатын. Оның емген ана сүті де, көз алдын қамаған қызылды-жасылды дүние де, махаббат пен машақат та, күйініс пен сүйініш те, реніш пен кейіс те, өкпе мен наз да, ыза мен дольлық та, кек пен намыс та, бопса мен булығы да, әзіл мен әжуә да өлең татып тұратын. Қандай күрделі, қауіпті, қағылез ойларды бір-екі жол өлең арқылы тап-ти-нақтай қылып жеткізе қоятын. Кейде, өлең жолы оның айтайын деген ойының алдын орап, ақылын қақпайлап, не турасын айтқызып, не тежеу сап отыратын сияқты көрінетін. Сондай ұшқыр және дәл айтылып, өңменіне дөп тиетін жебенің ұшы тәрізді түй-немелі әрі мазмұнды еді. Дәтке дат боп тиген өлең жолдарының сол сәтті нақ сипаттап, шиесін шешіп не түйінін байлап, шиыршыққан бар шыр-машатуды тарқатып жіберетін, оның түпкі астарын түсіндіріп беретін. Бұл болмыс, оның ту салғанда жөргегінен жұғысты болған үшінші сыпаты еді. Өзінің айтуынша, есін білер-білместен, қыстың ұзақ кештерін қара өлең айтысумен қысқартатын қазақы дәстүрге қанып өсіпті. Әкесі Тұрысбек те бір кештің ермегіне татитын: «Түбіне тұскеннен соң құр құдықтың, Құнына татымасың бір шыбықтың», — деп, «қызыл талдан өлең қиып беретін» өлеңші болыпты. Оның өзі шығарған әуенімен айтатын, жас кезінде айттықан Кәкіш деген қызға арналған «Ал, Кәкіш-ай» атты әнін Рымғали аға, Жәнібек — үшеміз жайлауда Бәйкен шешеміздің көзінше айтқызамыз деп, дауыл көтеріле жаздап, шешеміз жағып отырған қазанның лапылдай көтерілген шоғын әзілмен әзер басқанымыз бар. Зерек, алғыр, ұшқыр Несіпбекті өз ауылындағы Жаңыл атты қызбен үнемі айтыстырады екен. Олардың бұл айтысы алты жастан бастап он екі жасына дейін созылса керек. Күндіз

екеуін әке-шешелері «баптап»: «Ол алай десе, сен былай де», «Бүгін олардың ауылында мынадай оқиға болды, оны былай қос өлеңге» деп жанып отырады екен. «Ыдырыстың сол қызы қара тілдің шешені, қара өлеңнің көсемі еді, шіркін. Көз жазып қалдым», — дейтін. Ал ол айттып отырған шашы ұзын, ажары бетіне шыққан, салмақты, дөңгелек көзді Жаңыл Шаған ауылында менен бір сынып төмен оқыды. Жуас қыз еді. Оның Несіпбекті қара өлеңге баулыған өлеңші екенін кім білген. Қалай десек те, Несіпбекті ұлы поэзияға бет бұрғызып, қамау терін алған Жаңылға қазақ сөзі қарыздар. Кейде қиын оралымдарды, астарлы ойларды, емеуірінді әзілді қара өлеңнің жолдарымен жеткізе қоятын. Сол «ұшқырлық» кейде оның бәсін де биіктетті, кейде пәсін де түсіріп жүрді. Бірте, бірінші курста Жаркентте ауылшаруашылық жұмысына жүгері теруге барып, кешке қарай Дәуітәлі мен Айтұған ән айтып, іле қара өлеңге ауысты. Сонда Несіпбек өзге курстың қыздарының көзінше жігітсініп:

Аулым көшіп келеді Қызылжардан,
Өлең айтқым келмейді қызыңнан.
Өлең деген немене, айтқан құлға,
Өлең қиып берейін қызыл талдан.

Мінгенім, дәйім менің ала құнан,
Жел соғады қыздардың балағынан.
Қасқа тісін қасқайтып, қарағымның,
Сүйер ме еді, шіркіннің, тамағынан, —
деп «сұңқылдай» жөнелгені.

Оған қоса менің нағашы
әжем Дәртай айтатын:
Болғанда өзім — Дәртай,

әкем — Шымшық,
Өзім тұзу болсам да, тілім қырсық.
Орнынан ары отырған бермен отыр,
Қойын жамбасыңнан шымшып-шым-

шып, —

деп салмасы барма қыздарға қарап. Сол-ақ екен, аудандық комсомол комитетінде істеп келген ересек қыз: «Мұндай буржуазиялық әнді неге айтасың? Идеяң бұзық. Неге қыздардың балағынан жел соғады, кім саған жамбасын шымшытады. Буржуазияның қыздары шымшытады. Ал біз — комсомолмыз. Комсомол жиналысында талқылаймыз мұны», — деп шу көтеріп, ол Алматыға келген соң қайта көтеріліп, ақыры жана комсорг сайлап барып, даудын басылғаны бар. Сенбейсің. Бірақ, шындық. Заман солай.

Ол өлең жолдарын сондай орнықты және орынды жерінде қолдана қоятын. Жаттау жады, зерек-зиыны сондай зерек еді. Бізде поэзия оқып, жаттап өстік. Бірақ Несіпбек сияқты тосыннан еске түсіріп, сол сәттегі ой ағымына сай тұжырым ретінде қолданып, астарлап айта алмайтынбыз. Мысалы, жоғарыдағы шырықты бұзған «шыбар сөзді» қосып, уағыз айтқандарға:

Өзіме мол жетеді өз ақылым,
Басымды кім сыйласа, сол жақыным, —
деп ақын Төлеу Көбдіков айтқандай,
«осы айтқандарыңды түсінуге ақылым мол жетеді, тек адалдық жетіспей тұрған сияқты, — деп қысқа жауап қайырды.

Алкеуде кез ғой. Кейде өлеңімізді жарыса оқып, аспандап, қанатымыз далпылдап кететін. Сондайда маған қарап, алдыңғы байбаламнан секем алып қалғанын танытып: «Сенің ақын ағаң Төлеуған менің жазушы ағам Төлеубек Жакыпбайұлына:

Арыстандай атылмай-ақ айға алыс,
Ойлан, Төке, сен де бір кез пайдалы іс, —
деді емес пе. Байқа, бала. Құрайдың арасынан сығалап көздейтін сұғанақ көз бар сияқты. Ана, Шәкір атаң (халық ақыны) сияқты өлеңнен ұшынып жүрме. Ал ана екі ағанды әдеби ортадан саяқсытқан да осы — ащы тілі. Абай да көресіні осы тілінен көрген. Бірақ ол:
Адам болып жер астына түсті де,
Тас Құдай боп шыға келді үстіне.
(Төлеужанның Абайға арналған өлеңі).
Ойлан, Тұрсын, — дейтін.

(Жалғасы бар)

Жұмат Әмзеұлы Махамбетов 1945 жылы, 18 мамырда дүниеге келген. Әнші-баритон. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі. Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік консерваториясын ҚР халық артисі Мұрат Мұсабаевтың класында бітірді. Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясының, Құрманғазы академиялық халық аспаптары оркестрінің, «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің солисі болып қызмет атқарды. Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының жеке ән кафедрасының профессоры Жұмат Әмзеұлы өзінің әдемі баритон дауысымен Қазақ композиторларының лирикалық, патриоттық әндерін нақышына келтіре орындайды. Ерекше сезіммен, жүрекке жылы тиетін қоңыр дауысымен тыңдармандарын әлі күнге дейін таңғалдырып, тамсандырып жүр. Сексен жылдық мерейтойы қарсаңында әншімен кездесіп, әңгімеге тартқан едік.

– Жұмат Әмзеұлы, бала Жұматтан дана Жұматқа дейінгі аралыққа көз жіберіп, сыр бөліссеніз.

– Ұлытау облысы, Жезказған өңірінде, Қаракенгір өзенінің бойында Жошы ханның кесенесі орналасқан. Одан жоғары қарай алты шақырым жерде атақты «Қызыл әскер» деген ұжымшар кол бұлғап тұр. Сол шаруашылықта өмірінің соңына дейін еңбек еткен, емшілігімен елге танымал болған Махамбет деген атақты ұста менің атам болатын.

Атам Махамбет ағаштан түйін түйген шебер, көрік ұстаған ұста, дәулескер күйші, сол аймаққа танымал әнші әрі емші болған екен. Ұлытау өңірінде ұстаның көні, ұстаның сайы, ұстаның сарайы деген ескі жұрт әлі де бар. Атамның бойында ұсталықпен қатар, емшілік қасиет те болған деседі. Ауруына ем таба алмай жүргендер, бала көтере алмай зарыққан әйелдер келіп ұстаның сарайына қонып, ем алып, бірі – ауруынан құлан таза айықса, екіншісі – бала көтеріпті дегенді үлкендерден жиі еститінбіз. Көз көргендердің айтуынша атамның қолынан келмейтіні жоқ көрінеді. Өзі домбыра шертіп, ән салады екен. Мен өзім ол кіні көрмесем де ел аузынан шыққан әңгімелерден өзімен бірге жүргендей әсер алатынмын. Атам да, әжем де мен тумай тұрып қайтыс болған. Менің көргенім әкем Әмзе мен анамның анасы Ақжан әжем ғана.

Әкем Әмзе де – ұста болған адам. Атамнан қалған істі әрі қарай жалғастырып, көрік жұмысын қыздырды. Темірден түйін түйді, ағаш шебері болды. Шешем қайтыс болған соң әкем екінші рет отбасын құрып, Рәбиға анамыз Зурә, Жұмагүл деген екі қарындасымыз дүниеге әкелді. Зурә қазір Сәтпаев қаласында тұрады. Жұмагүл деген кішісі осы Алматыда. Ол да жетпістің жетегінде. Әкем марқұм 1967 жылы жетпіске келіп, мәңгілік мекеніне аттанды.

Бір әке, бір шешеден туған Құттықадам деген ағам заңгер болатын, ол да жуырда қайтыс болды. Көптеген жыл Әділет министрлігінде заңгер, Парламентте депутаттың көмекшісі қызметтерін атқарды.

Әр адам өнерге әртүрлі жолмен келеді. Мен Ұлытаудың бауырында



**Жұмат
МАХАМБЕТОВ:**

Рахым Тәжібаев деген жігіттер мен Күлшара Есетова, Гүлжан Талпакова сияқты қыздармен бірге оқып жүрдім. Бірге оқып жүргенде ұстазым Гүлжихан Ғалиева мен басқа да курстас достарым өз пікірлерін айтып, ақыл қосты. «Жұмат, мына тұрған Құрманғазы атындағы консерваторияға қосымша адамдар қабылдап жатыр. Сенін дауысың бар, соған барып бағынды сынап көрсенші», – деді. Сонымен, консерваторияға келдім. Ән кафедрасының меңгерушісі Бекен Жылысбаев деген адам екен. Кабинетінің есігін ашып тұр едім:

– Әй сен қайдан келдің? – деді. Дауысы өте жіңішке кісі болатын. – Не айтасың?

– «Шәпибай-ауды» айтамын, – дедім. «Дегенде Шәпибай-ау, Шәпибай-ау» деп айта бастап едім:

– Кете бер. Құжатыңды тапсыр, сен түстің, – деді. Мен шокқа түскендей тыпырлап, тұрып қалдым.

– Әй неғып тұрсың, бар кет. Оқу бөліміне бар да, құжаттарыңды тапсыр, – деді.

Сөйтіп, консерваторияның екіжылдық дайындық курсына оқуға түсіп кеттім. Музыка училищесінің бағдар-

Жездем Құсман Игісін – жақсы журналист. Көп жылдар Қазақ радиосы мен телеарнасында лауазымды орындарда қызмет етті. Қазір де баспасөз беттеріне жазып тұрады, жарық көрген жинақтары бар. Сол кісілердің ықпалымен Қазақ радиосына жұмысқа орналастым. Музыка редакциясының бас редакторы Зәмзәм-Шәріп Тарғақов деген кісі болатын. Сол кезде Нұрғали Нүсіпжанов, Райхан Оразбақова, Раушан Айтжанова, Хабиба Мусина, Гүлжәмила Рамазанова апайлар, Қалқаман Жүнісбеков, Әшірхан Телғоизев, Гүлмазия Жанахметова сынды редакторлар жұмыс істедім. Мен музыка редакциясындағы үлкендерден көп үйрендім.

Радиоға жүргенде жастау болдым. Мұқағали Макатаев, Шәмші Қалдаяқов, Әбілақат Еспаев, Мансұр Сағатов сияқты ғаламат адамдардың көзін көріп, сөзін естіп қасында жүрдім. Бірге жүрген соң өзіміздің қатарымыз сияқты мән бермей жүре беріппіз. Бірақ ол кісілерді өте қадірледік, сыйладық.

– Сіздің классикалық дауысыңыз бола тұра опера саласына бармауыңыздың себебі неде?

– Ұстаздарым мен әнші-әріптестерім:

«АКТЕР ӘН САЛА

Қаракенгір, Сарыкенгір деген екі өзеннің қосылған жерінде Жәніс күнінен соң тоғыз күннен кейін адамзаттың өмірінде бұрын-соңды, оған дейін де, одан кейін де болып көрмеген сұрапыл екінші жаһандық соғыстың аяқталған жылы дүние есігін ашыпты. Өз анам мен екіден енді асқанда қайтыс болыпты. Анашымды әлі күнге көз алдыма елестете алмаймын. Ер жетіп, ес білгенге дейін өмірдің қызығын да, шыжығын да бастан кешіріп үлгердім. Қазақтың қай ауылында болсын жерлестерін ән мен күйге бөлеп, құда күтіп, бет ашып, той-томалақты тамсандыра өткізіп, тоқымын қакқан небір өнер тарландары бар екені рас.

Жас күнімнен бастап музыкаға өте құмар болдым. Бұл қасиет анамның сүті мен әкемнің қанымен біткен дүние ме деп ойлаймын. Домбыра шертіп, күй тартып үлкен ағаларым сияқты болуды арман етіп жүрдім. Ол кезде ауылда теледидар жоқ, радио бар. Радиодан Күләш Байсейітова, Кәукен Кенжетәев, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебековті, елге енді таныла бастаған Ермек Серкебаевтың әндерін еститінбіз. Аталған аңыз адамдар дүниеге мың жылда бір келетін тұлғалар еді ғой.

1951 жылы әкемнің денсаулығына байланысты Жезказған руднигіне көшіп келдік. Осы жақта жүріп бастауыш мектепке бардым. Жоғарыда айтқан Құттықадам деген ағам домбырамен күй шертіп, ән салатын. Домбыра шертуді содан үйрендім. Мектепте оқып жүріп көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстым. Мектеп бітірген жылы әкем маған: «Оқуға Қарағандыға, не Алматыға баруыма ұсыныс жасап, оқуға түсіп білім ал», – деді. Мен: «Жоқ әзірше бармаймын, сіз сырқаттанып жүрсіз, үйге қарап, сізге көмектесемін», – дедім. Сөйтіп, оныншы сыныптан кейін Жезказған руднигінде үш жыл бойы үздіксіз Бақылау өлшеу приборы дейтін цехта жұмыс істедім.

Үш жылдан кейін әкеме Алматыға оқуға баратынымды айтып, батасын алдым. 1965 жылы Жезказғаннан Алматыға жетіп, алғаш Республикалық эстрада-цирк студиясына келіп оқуға түстім. Студия директоры, Қазақстанның халық артисі Гүлжихан Ғалиева өзі қабылдады. Мен әншілер бөліміне түстім. Сонда Биғали Әбдірахманов,



Әншілер: Жұмат МАХАМБЕТОВ, Майгүл ҚАЗТҮРҒАНОВА және композитор, дирижер Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ

ламасы бойынша екі жыл оқудан соң, консерваторияның бірінші курс студенті атандым. Қасымда екі қарындасым бар еді, үшеуіміз де жылап-сықтап жүріп оқуға түсіп кеттік. Стипендиямыз аз болса да, оқуға деген талпынысымыз керемет еді. Аталмыш оқу орнын сол жылы бітіріп мұғалімдікке қабылданған Мұрат Мұсабаевтан дәріс алдым. Сонымен жеті жыл оқып, оқуымды тамамдадым.

– Оқуыңызды еңбекпен жалғастырып, қиындығы мен қызығы мол студенттік кезде ата-анаға салмақ салмай жұмыс істеген кезіңіз есіңізде шығар?

– Күндіз оқып, кешке жұмыс істедім. Опера театрында орган бар, соны кешке қосып жарығын жағамын. Оған бір сағат уақыт кетеді. Сол жұмыста екі жылдай істеп, кейін радиоға кеттім. Екі қарындасым да қарайлаймын, жәрдем беремін. Стипендиямыз аз, бар-жоғы он екі сом аламыз. Әйтеуір, жеткізуге тырысатынбыз.

Нағашы апам Қуаныш Бекжанова радиоға үйлестіру бөлімінде еңбек ететін. Сол кісі көмектесіп, студент кезімнен еңбекке араласа бастадым.

«Классикалық дауысың бар. Сенің орның – опера театры», – десе де, бірақ опера театрына бармауды шештім. Онда солистер көп, партиялар аз әрі көңіліме жақпайтын нәрселерден алшақ болуды, әрі көп және әртүрлі әндер шырқағым келді. Сол себепті мен опера театрында өнер көрсетпедім, солист емеспін, бірақ мен өзімді сол театрда жүргендей, сол театрдың ішінде өмір сүріп, спектакльдерге қатысқандай сезінетінмін. Студент кезімде гастрольге келген Үлкен театр солистерін тындау үшін театрға жиі баратынмын.

Маған Юрий Мазурок, Павел Лисицян, Ирина Архипова, Мүсілім Магомаев сияқты КСРО халық артистері ұнайтын. Олар өздерінің тамаша вокалдық техникасымен жұртшылықты өздеріне бағындыра білетін өнер саңлақтары еді.

– Концерттерде сізді жақсы қабылдап, қошемет көрсеткен сәтте, өзіңізді қалай сезінуші едіңіз?

– Жезказған руднигінің Халық театры көптеген өнер саңлағының жолын ашқан қасиетті ұжым. Театрда Шымболат Ділдебаев деген атақты ағамызбен сырлас дос болдым. Халық театрына бірге қатысып, ән салып жүрдім. Осында Сейділ Шәріпов деген ән жазатын автормен танысып, жақсы қарым-қатынас жасадым. Автордың «Өзін Сәулем, ізде-

генім» деген әнін, «Шәпибай-ау», Абай атамның «Қаранғы түнде тау қалқып», «Бойы бұлған» деген сияқты және халық әндерін орындадым.

Кеншілердің Мәдениет сарайында Марат Шоктаев деген баяншы жігіт болды. Сол азамат осыдан төрт-бес жыл бұрын «Дара жол» бағдарламасына қатысып, жүргізуші Дана Нұржігітке мен туралы: «Жұмат аға сахнаға шыққанда, біз өзіміздің халық артисіміз келгендей, алақайлап қол соғатынбыз», — деген екен. Мәселе атақ-даңқта емес, ең бастысы, әншінің бақыты халықтың көңілінен шыға білуде екен. Әрбір сахна санлағының басты арманы да солай шығар деген ойдамын.

Табиғат өзіне әдемі сазды дауыс сыйлағандықтан, оны дамытып, жұмыс істеуіңіз керек. Ән айтқан кезде барлық қиындықтар мен жағымсыздық ұмытылады. Ән айту — адамды шабыттандырады. Концерттерде өзінді жақсы қабылдап, қошемет көрсетіп жатқан сәтте, өзін дұрыс мамандық тандағаныңды түсініп, марқайып, шаттық сезімге бөленетінің рас.

— Жаныңызға жақын, көңіліңізге қонымды дирижерлер мен

өнер көрсеттік, ұзақ жыл осы ұжымда өнер сапарымды жалғастырдым.

Үздік концертмейстер, Қазақстанның халық артисі Семен Бенедиктович Коганмен бірге концерттерге қатыстым. ҚР Мемлекеттік симфониялық оркестрімен, Б.Байқадамов атындағы хор капелласында өнер көрсеттім. 15 жылдай Құрманғазы академиялық халық аспаптары оркестрінің солисі болдым. Одан кейін композитор, КСРО халық артисі, көркемдік жетекшісі Нұрғиса Тілендиевтің жетекшілігімен «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің солисі қызметін атқардым.

Мен аты аңызға айналған дирижерлер Шамғон Қажғалиев, Алдаберген Мырзабеков, сондай-ақ Тимур Мыңбаев, Ренат Салаватов, Айтқали Жайымов, Жалғасбек Бегендіков, Жамағат Темірғалиев сияқты белгілі тұлғалармен, дирижерлер, композиторлармен бірге өнер көрсеттім, қастарында бірге жүріп тәжірибе жинақтадым.

Шамғон ағадан кейінгі екінші дирижер Алдаберген Мырзабеков қазақтың халық күйлерін, Сүгірдің, Тәттімбеттің күйлерін оркестрге өндеп түсірген өнер иесі еді. Радиода жұмыс істегенде Рашид

дала төсінде еліміздің түкпір-түкпіріндегі елді мекендерді аралаймыз, автокөліктің қорабына шығып ән салған күндеріміз есімде. Иә, біздің буын үшін өткен өмір баспалдақтары өте қатал өмір мектебі болды. Соған қарамастан, көрермендеріміз бізге қашан да ризашылықтарын білдіріп, барлығы сүйсіне қарайтын. Бұл — бір жағынан үлкен тәжірибе, екінші жағынан бір-бірімізді жақын танып-білуімізге септігін тигізді.

— Гастрольдік сапарлар кезінде болған қызықты оқиғалар туралы айтсаңыз?

— Гастрольдік сапарлар кезінде ең шалғай ауылдарға автобуспен жететінбіз. Аптап ыстықта, шаң тозанда 100-200 шақырым жол жүріп келген соң бірден концерттік костюм киіп, сахнаға шығуымыз керек. Бірақ шағымданбадық. Бұл әрі ақша табудың жолы, әрі қызықты тәжірибе болды. Сондықтан артистерді елді мекендерде барлық құрметпен қарсы алды. Аралға келсек, балық асып, сорпасын ішкізіп, қайыққа мінгізіп, серуендететін. Сый-сияпаттан да құр алақан қайтқан емеспіз. Мұндай сапарларда қолсағаттар жиі берілетін, сондықтан мен барлық туыстарымды сағатпен кам-

бір айта кететін нәрсе, қазіргілердің арманы жоқ қой. Әрқайсысының қасында директорлары, режиссерлері, продюсерлері еріп жүреді. Костюмін таситындар мен тасымалындар да қасында. Әнші болам деген адамға бар мүмкіншілік жасалған ғой. Олардың барған жеріне қоятын талаптары мен талғамдары да жоғары.

— Ұлттық Өнер академиясының жеке ән кафедрасының профессор ретінде болашақ актер-әншілердің вокалдан дәріс алуы, оқуға, білімге деген құштарлығы көңіліңізден шыға ма? Болашағынан мол үміт күттіретін ізбасарлар кімдер?

— Академияға, көбінесе, актерлік мүмкіндігі күштілерді қабылдайды. Дауысқа онша мән бермейді. Менің ойымша, бұл — қателік. Актер болатын адамның дауысына баса назар аударған жөн. Актер ән сала білуі тиіс. Көрермендер кез келген актерден бір ән салып беруін өтінетіні шындық. Дегенмен дауысы бар жастар да баршылық. Әсіресе биыл көп қабылданды. Бұрын бірінші курсқа 10-15 адам ғана қабылдайтын, қазір 25-тен 35 адамға жетіп отыр. Бұл бір жағынан актерлік мамандықты тандаушы жас қыз-жігіттердің жылдан жылға көбейіп келе жатқанынан шығар деп ойлаймын. Академияда жеке ән кафедрасында түбінде жақсы әнші болып кететін балалар баршылық. Мысалы: М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов атындағы театрларда және облыстық театрларда да менің шәкірттерім өз өнерлерімен халық жүрегіне жол тауып жүр десем қателеспеймін. Себебі менің дәріс беріп жүргеніме отыз жылдай уақыт болды. Осы жылдар аралығында қаншама қарлығаштар қанат қатты десеніңші.

— Жасыңыз сексенге таяп қалса да дауысыңызда мін жоқ. Дауысыңызды қалай күтесіз, құпиясымен бөліссеңіз?

— Даусымның қалай сақталғанына өзім де таңғаламын. Вокалист үшін әдемі тембрді сақтау — өте маңызды. Бұл ретте Ермек Серкебаевты үлгі етіп айтуға болады. Ең бастысы, дыбысты күштеп айту емес, жан мен жүрегінің бұйрығымен ән айту. Басты құпия дауысты күте білуде. Ән айту вокалдық дағдыларды дамытудың қызықты процесі ғана емес, ән айтқан кезде сіз тыныс алу бұлшық еттерін тартасыз, координацияны дамытасыз және күйзелістен арыласыз. Вокал сабақтарының соншалықты танымал болуының себебі бар: сіз ән айтқан кезде, сіз бақыт гормонын өндіресіз, босансып, еркін боласыз, физикалық және психологиялық шиеленіс жоғалады.

Сонымен қатар күнделікті өмірде дауысыңыз жаңа түстерге, бай тембрге және дыбыстылыққа ие болады. Әнді көп айтқан сайын адамның дауысы да міндетті түрде жаңарып, жаңғыра түсері хақ. Мен үшін салауатты өмір салты тек спортпен және дұрыс тамақтанумен ғана шектелмейді, сонымен қатар ол маған жан тыныштығын табуға көмектесетін және сабақ беруге әрі сахнаға шығуға күш беретін сүйікті іс-әрекетті қамтиды.

— Ұлытаудан шыққан әншінің ұрпақтары, немере-шөберелері арасынан ата жолын қуған өнерпаздар бар ма?

— Өмірлік серігімнің есімі — Рәш. Мамандығы есепші. Әлия, Қорлан атты екі қызымыз бар. Екеуі де — дәрігер. Сүйіп қосылған қосақтарымен бірге ұрпақ тәрбиелеп, өздерінің сүйікті істерімен айналысуда. Бірақ бұл екі қызымыз да әнге деген құштарлығы болмады. Жас кездерінде пианино, фортепианоға қызығып, қатысып біраз дәріс алды. Ұрпағымның ішінде Әмірхан деген бір жиен бар, сол баладан мол үміт күтеміз.

— Жұмат аға, әңгімеңізге көп рақмет! Мерейтойыңыз құтты болсын!

БІЛУІ ТИІС»



Жұмат аға өмірлік серігі Рәш апаймен бірге ұрпақтарының ортасында

композиторлар туралы, сахналас әншілер төңірегінде айтсаңыз?

— Бұл істе менің жолым болды деп ойлаймын. Мен профессор, Қазақстанның халық артисі, М.И.Глинка атындағы халықаралық вокалистер байқауының лауреаты Мұрат Хасенұлы Мұсабаевтың сыныбында дәріс алдым. 1972 жылы консерваторияны бітіргеннен кейін Орталық Азия әскери округінің ән-би ансамблі болды, сонда мен әнші болып, әскери борышымды өтедім. Қайтып келгеннен кейін қазақтың Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармониясына әнші болып қызметке орналастым. Ол кезде филармонияның құрамында Құрманғазы оркестрі, капелла, симфониялық оркестрлері бар еді. Бас дирижер Шамғон Қажығалиевтің шақыруымен мен Құрманғазы оркестріне орналастым.

Алдаберген Мырзабеков, Глеб Сафонцев деген дирижерлер домбырашымыз Рүстембек Омаров, Қаршыға Ахмедияров, Бақыт Қарабалына, Меруерт Қалембаева деген музыканттар болды. Жалпы, сол кездегі өнер иелерімен шетелде де

Мұсабаев, Суат Әбусейітов, Ескендір Хасанғалиев, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков, Бахтияр Құбайжанов, Зейнолла Исмағұлов, Тұяқ Шәмілов сияқты музыканттармен араластым. Олар қашан да хал-жағдайыңды сұрап, қамқорлық танытып жүретін жандар еді. Менің қатарласым Қаршыға Ахмедияров Құрманғазы оркестрінің концертмейстері, бірінші домбырашысы болды, екеуіміз ұдайы бірге жүруші едік.

— Сіздің буын өкілдері өздерін қатал өмір мектебінен өттік деп санайды. Мұны қалай түсіндірер едіңіз?

— Қаладағы бұрын өзім жұмыс істеп кеткен өнер ғимараттарының қасынан өткен сайын жоғарыда айтып кеткен ағаларым, апайларым, замандастарым кино лентасындай көз алдымнан өтіп жатады. Жанды дауыспен микрофонсыз ән айтқан сәттеріміз көз алдыма елестейді.

Біз көп қиындық көрсек те өнерге деген құштарлық өз дегенімізге жеткізді. Кавазикпен де, арбамен де, жаяу да жүріп халықтың талап-тілегін орындау үшін қақаған аязда, шіліңгір ыстықта

тамасыз еттім десем қателеспеймін. Бірде концерттен кейін бір партия қызметкері дастарқан жайып, дирижерімізге көп қабатты тоқылған белдік тағып, мойнына орап тастады. Біз оның не екеніне қызығып, тоқылған қабаттарын тарката бастадық, ал қабаттардың арасында ақша салынған конверттер шықты. Сөйтсек, бұл олардың бізді таңғалдырмақ болғаны екен.

Гастроль кезінде неше түрлі қызықты жағдайлар болды ғой, қайсыбірін айтайын! Атырау облысында гастрольде жүргенде катерлермен серуендетіп, тамақтандырып бізді қара, қызыл уылдырыққа тойдыратын. Содан бізге: «Демалып алыңыздар», — деді. Біз Нұрғали көкем екеуіміз бөлмелерімізге келіп жатқанымыз сол еді, администратор келіп «тез-тез киініп бізбен жүріңіздер», — деді. Далаға шықсақ автобус күтіп тұр екен. Отыра салып жүріп кеттік. Он шақырым жол жүріп, жан-жағыма қарасам, Нұрғали көкем жоқ. Қайтадан қонақ үйге келсек, Нүрекем кіре берісте күтіп отыр екен. «Ей, неге оятпай кеттіңдер», — дейді ашуланған болып. Осындай жағдай Ғарифолла Құрманғалиев ағамызбен де болған еді. Ол кісі ұйқының арқасында ұшақтан қала жаздап еді. Суға түсеміз деп суға батып кете жаздаған сәттер де өтті ғой бастан.

— Сіздердің кезеңдегі әншілер мен қазіргі уақыттағы әншілердің тыныс-тіршілігін салыстыруға бола ма?

— Жастардың ішінде жақсы ән айтатын, ұлттық дәстүрімізді сақтап, халық әндерін нақышына келтіре орындап жүргендер де бар. Бір кездері осыдан он-он бес, жиырма жыл бұрын дәстүрлі әндер мен классика ұмытылып кетті ғой. Қазір құдайға шүкір, жақсы. Қазіргі жастар халық әндері мен дәстүрлі әндерді де нақышына келтіріп орындап жүр. Дегенмен қазіргі жастардың Батысқа еліктеушілігі басымырақ болып тұр. Көпшілігі сыңсып айта ма, әйтеуір, ән айтқан деген осы екен деп түсініксізлеу бірдемелерді киелі сахна мен көгілдір экраннан насихаттап жүр. Халық әндерінің мәтінін өзгертіп, «өңдедік» деп бұзып айтатындар да жеткілікті.

Бір жағынан қазіргі жастарға риза боламын. Жастар халық музыкасын, әндерін, күйлерін тыңдап, концерттерге барып, теледидардан, радиодан өздерінің ашық пікір-тілектерін айтып жүр. Тағы

Қазақ халқының хас батыры, «Ақжолтай» атанған Ағыбай Қоңырбайұлының қартайған шағында Арқа мен Бетпақдаланың қиылысқан тұсына тұрақтауының сыры неде? Бұл өңірдегі басқа да құпиялар сырының әлі күнге дейін ашылмай отыруы неліктен?

Қырғыз жеріндегі Кекілік қырғынында қазақ ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Кенесары мен көкжал батыр Наурызбайдан айырылғаннан кейінгі Ағыбай батырдың өмірі мәнді болмаған сияқты. Басты себеп, Ақжолтай бабамыздың «Наурызбайдың жау ішінде қалғанда «Ағакем-ай» деп шырылдаған ащы дауысы құлағымынан кетер емес» деген өз сөзі. Осы бір күдіретті де қасіретті, айбатты үннен құтыла алмаған болуы керек, Ағакем әуелде Балхаш көлінің ортасындағы Тасарал деп аталатын аралды паналаған. Ауыл-елмен қатынас тек қыс айларында көл қатқанда ғана болған.

Екінші бір дерек, батырдың басын өлімге тігіп, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфортқа баруы. Біздіңше, Ағакем генералдан ештеңе сұрамаған. Керісінше, қазақ батырының қандай болатынын көрсетуді мақсат тұтқан. Орыс губернаторына сес көрсеткен. Ағыбайдың айбынынан қорыққан Гасфорт оған кешірім жасап, жекеменшігіне жер бөлгізген. Сондағы бергені – қазақтың атам заманнан келе жатқан өзіне тиесілі киелі жері!


Тайатқан-Шұнақ – түгін тартсаң, майы шығатын жер. Төрт түлік малдың семіздіктен бас көтере алмайтын құтты қойнауы. Әлі күнге сол құт-берекесі ортаймаған.

Бірде карт Ағыбай батыр баласы Дуанамен терек түбінде көлеңкелеп отырса, басына, екі иығына сары шымшық кеп қоныпты. Ұлы: «Әке, бұл құс неге маған қонбайды?» – деп сұрапты. «Е, балам, саған неге қонсын? Менің демім таусылатынын сезіп, менімен қоштасқалы отырған киелі құс емес пе бұл», – депті батыр. Айтқаны айнамай келіпті. Көптеген ғалымдар Ағыбай батыр 1802–1885 жылдар аралығында өмір сүрген десе, кезінде белгілі жазушы Жайық Бектұров батырдың 1793 жылы туып, 1880 жылы 87 жасында қайтыс болғанын айтқан.

Ағакем қайтыс болғанда Тайатқан-Шұнақтың айналасы қаптаған қалың мал болыпты. Батырды жерлеуге Қуандықтан 7 болыс, Қарқаралы еліне қарайтын 5 болыс ел шақырылыпты. Мұнда жиналған үйір-үйір жылқыны, отар-отар қойды, мың-мыңдаған

түйені, тіпті Қарқаралыдан (600-700 шақырым) ағайындар келіп, бөлісіп алысқан. Әлбетте, таратылып берілген. Сонда жұрт Ағакемге Кенесары сыйлаған жібек шапанның күнге шағылысып желбіреп тұрғанын көріпті. Батырдың ұрпақтары: «Бізге еш дүниенің, малдың керегі жоқ, тек Хан Кененің шапанын сақтасак болғаны», – депті. Батырын барлық байлықтан артық көрген қайран қазақ-ай десеңізші?! Қазір сондай жұрт бар ма бізде?..

Шынын айтар болсақ, біздің тарихшы, археолог, т. б. ғалымдарымыздың Тайатқан-Шұнақты неге зерттемей жүргеніне таңғаламыз. Неге? Өйткені дәл осы өңірдің беймәлім сырлары көп-ақ. Рет-ретімен баяндап көрелікші.



ТАИАТҚАН-ШҰНАҚ ҚҰПИЯЛАРЫ



140 жылдай бұрын тұрғызылған Ағыбай күмбезінің өзі ғажап-тын. Бұдан 23 жыл бұрын мазарды қалпына келтірмекші болған «Күмбез» фирмасының сәулетшілері 47 кесектің бетіндегі Құран аяттарын көріп, Алматыға алып кетіпті. Содан әлі хабар жоқ.

Өкінішке қарай, батырдың аруағына қиянат жасалды. Жөндеушілер күмбездің өз нақышын сақтай алмады, өрілген кесектер бұрынғы тарихи қалыпқа түспеді. Құрылыстың технологиясы да, химиялық құрамы да үйлеспеді.

Ағыбай батыр жатқан тұстан Қаратал өзені ағып жатыр. Он шақырымдай жерде Өрмекші әулиенің зираты тұр. Бір ғажабы, оның жанындағы таулы жотаның беті айнадай жарқырайды. Сенесіз бе, осы жотадан төмен қарай домаласаңыз, еш жеріңіз зақымданбайды. Денеңіз тасқа соғылса да ауырмайды. Ел сондықтан да бұл жотаны «Өрмекші әулиенің сырғанағы» деп атаған екен. Өрмекші ата бойында кеселі бар кісілерді емдейді, кеселін сылып алып қалады деп түсіндіреді сізге. Төбеден тас бетімен төмен қарай

қанбақша домалап жатқан кісілердің еш жері ауырмайтыны шындық.

Бәзбіреулер біздің тарихымыздағы «Қалмаққырған» қанды шайқасы осы жерде өткен дейді. Ол да мүмкін. Себебі мұнда «Қалмаққырған» деп аталатын тау бар әрі оңтүстіктен Балқаш жағына келетін төте жол осы.

Қаратал өзені бойындағы «Таңбалы тастар» батыр күмбезіне таяу орналасқан. Өкінішке қарай, біз таңбалы тастардың қай ғасырдың еншісі екенін білмейміз. «Таңбалы тастан» шығысқа көз тіккеніз, Бүйрекшиде (жер аты) орналасқан Ағакемнің ұлдары Аманбайдың күмбезін, Аманжолдың тоқалбейігін көрер едіңіз. Кей кісілер осында келген маскүнемдер мен нашакорлар ауруынан айығады деп жорамалдайды. Кім біледі, онысы да рас шығар. Әулиелердің басына барып, түзеліп кетіп жүрген жандар аз ба арамызда.

Тайатқан-Шұнақта Ағакемнен басқа Шопат, Мамыт және Дулат деген батырлар жерленген. Олардың күмбездерін қалпына келтірсек, ата-баба алдындағы парызды аз да болса өтеген болар ма едік?

Айтбай СӘУЛЕБЕК,

«Қазақ әдебиеті» газетінің
Астана қаласы, Қарағанды, Ұлытау,
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстарындағы арнаулы тілшісі



● «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ: ФОТОШЕЖІРЕ»

1926 жыл. Алаш Орда зиялылары (солдан оңға, 1-қатар): публицист, ғалым Халел Ғаббасов, ақын, жазушы Міржақып Дулатов, ақын, жазушы, аудармашы, тілтанушы Ахмет Байтұрсынұлы, жазушы, драматург Мұхтар Әуезов, (2-қатар): жазушы-романшы, драматург Жүсіпбек Аймауытов, тарихшы, ғалым-шығыстанушы, әдебиеттанушы Әлкей Марғұлан, Мағжан Жұмабаевпен бірге «Алқа» әдеби ұйымын құруға қатысқан білікті журналист, жазушы Абдолла Байтасов



XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне өзіндік өрнегімен, мәністі мақамымен соңы соқпақ қалдырған белгілі жазушы Мархабат Байғұттың 80 жылдық мерейтойы теберікті Түркістан төрінде «Мақамы бөлек Мархабат Байғұт» атты халықаралық симпозиуммен басталды. Оны Түркістан облысының әкімдігі, облыстық мәдениет басқармасы, «Медиақратия» қоғамдық бірлестігі мен «Мархабат» журналы ұйымдастырды. Келушілер әуелі «Фараб» облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен қойылған «Киікотының иісі сіңген қаламгер» атты фотокөрмені тамашалады. Онда қарымды қаламгердің өмірі мен шығармашылық жолын қамтыған көптеген жәдігер тұрды. Жиналған жұртшылық көрмеден мол мәліметтер алды.

Осы жерде қазақтың классик жазушысы, халықаралық «Алаш» әдеби және «Түркі әлеміне қызмет еткені үшін» сыйлықтарының, Барыс, Парасат, Құрмет ордендерінің иегері, Түркістан облысының Құрметті азаматы, көсемсөздің көшбасшысы, кестелі сөздің көмбесі Мархабат Байғұттың сексен жылдығына арналған іс-шара жыл басында «Мархабат» атты журналдың тұсаукесерінен басталғанын айта кеткеніміз абзал. Жетісуда «Мұқағали» журналы, Арқада «Қасым» журналы, Жамбылда «Жамбыл» журналы жарық көріп келсе, енді оңтүстікте «Мархабат» журналы желкенін керіп, әдебиет айдынына шықты.

Симпозиумды ҚР Парламент Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі жүргізіп отырды. Ол М. Байғұттың ұлт руханиятына өзіндік орны бар тұлға екенін, қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтуге елеулі үлес қосқанын, қоғамның тыныс-тіршілігін шынайы суреттеп, озық ойлауға қажет мызғымас құндылықтарды кеңінен дәріптегенін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерде абыроймен қызмет еткенін айта келіп, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Осындай

құттықтаулар Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев пен Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтан, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаевадан да келіпті.

Құттықтау хаттар оқылып біткен соң мінберге филология ғылымдарының докторы, өзбекстандық жазушы Қазақбай Йулдашев көтерілді.

— Мархабат Байғұттың туындылары өзбек оқырмандарына жақсы таныс. Туысқан екі елдің бір-бірінен іргесін ажыратпауларына негіз болатын осындай дүниелер көп болса екен. Қазір мен Мархабаттың шығармаларын аударуға біржолата бет бұрдым, — деді Қазақбай Йулдашев.

— Қырғыз оқырмандары да Мархабатты іздеп жүріп оқиды. Оның көптеген әңгіме, повестері қырғыз тіліне аударылды, — деді Қырғызстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Керімбек Қалдыраунов.

Түркиядағы Хажы Байрам университетінің профессоры Жәмила Қынажы түрік тілінде шыққан «Дауыстың түсі» атты кітабын оқыған соң Байғұтқа байланысты баяндарға барынша қызыққанын айта келіп, әңгімелерін аударуға ықыласы ауғанын таза қазақ тілінде айтып берді.

КЕСТЕЛІ СӨЗДІҢ КӨМБЕСІ

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Дархан Қамзабекұлы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек жазушы жайлы ыстық пікірлерін жеткізді.

ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, Түркістан облысының Құрметті азаматы Оналбай Аяшев қаламгердің жеті қырына тоқтала келіп, Мархабаттың ескерткішін орнату жөнінде ұсыныс айтты.

Баяндамалардан соң драматург-жазушы Нұрғали Ораздың «Мархабат» атты пьесын Райымбек Сейтметов атындағы Облыстық драма театрының артистері сахнаға шығарды.

Симпозиумға Еуразия ұлттық университетінің докторлық диссертациялық кеңесінде М. Байғұттың шығармаларынан филология ғылымының кандидаты атағын қорғаған Сандуғаш Құлanova Алматыдан арнайы келіп, жүрекжарды лебізін білдірді. Сондай-ақ докторлық диссертациясын сәтті қорғаған солтүстікқазақстандық Ботагөз Тауқұдіретова мен АҚШ-та тұратын өзбекстандық ғалым Құндызхан Хусанбаева бейнежазба арқылы құттықтауларын

Кешкісін қонақтар мен өнерсүйер қауым Шымкент қаласындағы Ж.Шанин атындағы Академиялық қазақ драма театрында Мархабат Байғұттың «Жоғалған жұрнақ» қойылымын тамашалады.

Келесі күні Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «Әдебиет әдемі» атты халықаралық конференция өтті. Университет фойесіне кітап көрмесі қойылды. Келушілер назарына инсталляциялар мен экспозициялар ұсынылды. Алғашқы сөз мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахмановқа берілді.

Қазақстан Жазушылар одағының атынан «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, академик Бауыржан Жақып сөз сөйлеп, қаламдас ағасының жұбайы Қыздаркүлге камзол кигізді. Конференциядан соң жазушы аруағына арнап ас беріліп, Құран бағышталды.

Үшінші күні қонақтар мен әдебиетшілер, қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері «Тауістелі тағылымы ІҮ: Мархабат Байғұт және түркі әлемі әдебиеті» атты халықаралық конференцияға қатысу үшін жазушының кіндік қаны тамған



жері Пістеліге барып, Құран бағыштап қайтқаннан соң, «Шерхан мен Насыр бауында» атты конференция болды.

Конференцияда «Мархабат Байғұт—көркемсөз шебері» жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітаптың тұсауын халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, К. Симонов медалінің иегері Нармахан Бегалыұлы мен Түлкібас ауданының әкімі Асқар Естібаев қиды.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
«Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты



**Ахат
ЖАҚСЫБАЕВ**

Жазира бүгін жол жүретін болды...

«Пойызбен Шымкентке жетіп, әрі қарай Ташкентке автобуспен баратын шығармын» деп жобалап қойған. «Жол қалай болар екен» деп қиналатындай бұрын көрмеген жері емес. Ерсілі-қарсылы сан рет қатынаған таныс жол. Қолға ұстайтын басы артық жүгі де жоқ. Киім-кешек салған қара сөмкесін алады да, көшеден такси ұстап, пойыздың қозғалар сәтіне жетіп үлгереді. Қашан да жиналуы тез, көтерілуі жеңіл.

Бүгін бұны шығарып салып, перронда қимай қозғалатын ешкімі жоқ. Қызы жұмыста, жиырма жасар ұлы түске таман: «Қашан қайтасың?» — деп сұрады да асығыс шығып кетті. Бір қызбен танысып, асы айналып жүр. Үшеуінде де пәтердің бір-бірі кілтті бар. Қайда барды, қайда тұрды бір-біріне есеп беріп жатпайды. Шығарып салып, қарсы алу да әдетке енбеген. Қыдырыстап, бос жүріске салынғанын ұлына да, қызына да байқатқан емес. Бұл үйге бөтен еркек келмейді.

Ұзақ күнге үйге қамалып, жападан-жалғыз шоқайып отырғанда «қашан келеді?» деп күтетіні Сәтжан ғана. Ұл мен қыздың ол адамға әбден бойы үйренген. Оның орнында басқа біреудің дәл солай еркінсуі екеуі де елестете алмайтын секілді. Сәтжанның келген-кеткені еш реніш туғызбай, қалыпты жағдай деп ұғылатыны анасы оны жақсы көреді... Үйдегі артық сұрақ туғызбайтын, наразы болмайтын өзара орныққан үнсіз келісім — осы.

Күйеуі елгелі бес жыл болды. Ағайын-туыстан көмек жоқ. Тіпті олардың араласуы да аз, ауылдары алыста. Осы үйдің бар ауыртпалығын бір өзі көтеріп, бірде олай, бірде былай қалтақтап күн кешіп жүр.

Соңғы кезде заман күрт өзгеріп күнкөріс қиындап кетті. Бәрі қымбатшылық. Аз жалақы киіміне де, тамағына да жететін емес. Бір ұлды киіндіріп, көшеге шығарудың өзі күшке түсіп, азын-аулақ тиын-тебенді шұдартпай барады. Қыздың үсті-басы да жүдеу. Өзіндегі ұзақ боянып-таранып, айна алдынан шықпайтын сәнқой әйел үшін қатардан қалудың күйініші көп.

Біреулердің ақылымен өткен жылы баспадағы ұзақ жылғы редакторлық қызметін тастап коммерцияға ауысқан еді.

Бұл салаға әлі көндіге алмай, кейде еңбегі еш кетіп, әрі-сәрі жүр. Көбірек ақша тауып, тұрмысымыз түзеймін бе деген алдамшы үмітпен, ертеңгі күннен дәмеленіп, бастаған істің қайырын күтеді. Бұрынғы үйреншікті ортадан қол үзіп, алыстап кеткен. Олар бұны сыртынан сөз етіп, «бизнеске барып байып кетті» деп ойлайтын шығар. Қалтасы қалындап қарқ боп кеткені шамалы. Ескі таныстары кездесе қалып «не тындырып жүрсің?» деп сұраса не дейтінін өзі де білмейді. Әйтеуір, бизнес десе көзге көп ақша елестейді. Жұрт бірді алып, бірді сатып, шетелге барып-қайтып, лезде байып алғандарды көреді. Әңгімеде соларды үлгі етіп сөйлейді. Солардай бола алмасаң, сенің жамандығың секілді. Ескі таныстармен кездескенде осы жағынан қысылып, күмілжіп сөйлеп, тезірек кетуге асығады. Ойлап қараса, тұрмыс жағынан әлгі таныстарынан еш асып кетпейті. Қызметті тастаймын дегенде Сәтжан бұл ойды ұната қоймаған. «Заман осы қалпында тұрмас. Өтпелі кезеннің қиыншылығы ғой. Елдің тұрмысы түзелер. Шыдасаң қайтеді. Байқа, қазіргі күніне жете алмай қалып жүрме», — деген. Ғылым кандидаты болғанмен оның өзінің де жалақысы бүгіндері мардымсыз болып қалды. Өз үйінен аспайды.

Бұның коммерцияға көңілі кеткеніне көзі жеткен соң көп таласпай: «Өзін біл», — дей салған. Мойындамайын десе де, оның алдағыны жобалап, дәлелдеп айтқан бірталай сөзі расқа шықты. Басы бос әйел үшін бұл жұмыс қиын боларын ескертіп, төндіріп-ақ айтып еді...

Пойыздың жүруіне әлі үш сағат бар. Өзі тұратын «Ақсай» шағынауданынан вокзалға такси кезіге қалса жарты сағатта жетеді. Қайда асығамын деп үйде бөгеле түсті.

Уақыт өтпеген соң алданамайын деп телдидарды қосып еді, жаңалықтарды беріп жатыр екен. Көңілді серпілтетін оңған хабар жоқ. Өңкей жүдеу тірлік, бір-бірімен атысып, соғысқан елдер, ертелі-кеш, жағы талмай сайрайтын саяси қайраткерлер, түрлі апаттар... «Заман не боп барады?» деп іштен кейілі де телдидарды өшіріп тастады. Біреу тұрткендей орнынан лезде көтеріліп дереу музыка қойды. Шетелдік мұндылау әуен құлаққа жағымды естіліп, билегендей сәл тербеліп тұрды.

Көңілі тез бұзылды. Қанша ойламайын десе де әлдебір күдіктен отырса да, тұрса да арыла алмады. Миында шегеленіп, мазасын кетірді. Көңілі нені сезеді?

Дәл осы жолы Ташкентке барғысы келмейді. Бұның еркіне салса осы үйден табан аттап шықпас еді. Фирма бастығы Саматтың жұмсауымен амалсыз көніп отыр.

«Ол жақтағылар сіздің таныстарыңыз. Біз олармен сіз арқылы ғана білістік. Өзіңіз бастаған шаруаны өзіңіз аяқтаңыз», — деген соң үнсіз келіскен. Келісімшарт жүзеге асқанша арада жүретін де өзі. Егер сәтсіз аяқталса оған да бұл жауапты болмақ. Одан арғысын ойламауға тырысты.

Апаратын жүкті Кахрамонға өткізгені туралы оның қолын қойдырып, келісін алып қайтса барған шаруасы осымен тынар еді. Қайтып келген соң келісім жүзеге асқан жағдайда Саматтың фирмасы бұған тиесілі ақшасын қолма-қол төлейді. Құдай жарылқап сол күнге жетсе, алатын ақшасы аз болмауға тиіс. Сонда, шіркін, тұрмысы бір көтеріліп қалар еді.

Ендеше, асығудың орнына кежегесі кері тартып, осы жолды ауырсынғаны несі?

Өзіне қойылған осындай сұрақтың жауабы да жоқ сияқты. Телефон шырылдады. Жайлап басып, тұтқаны көтергенде, арғы жақтағы біреу жылы амандасып, бұның халін сұрады. Кім екенін есіне түсіре алмай, салқын сөйлесіп, еріне жауап берді. «Халім жақсы» деді де не айтар екен деп тыңдай түсті. «Мен пәленшемің» ғой деп атын айтқанда, түрі көз алдына келді. Осының алдында ғана өзіне пайдалы бір істі бастамақшы боп жағалатып, әңгімелесіп көріп, тез айнаған. Сөз сыңайынан уәдешіл көптің бірі екенін аңғарды. Ол қоярда қоймай, бұның телефонын жазып алған. Енді кездесейік деп жалынған үнмен қиыла өтініп ресторанды шақырып тұр. Таныспай жатып сүлікше жабысады. Не дәмесі бары белгілі. «Сендерден-ақ көрдім-ау», — деп ызаланып, тұтқаны тастай салды. Телефон ұзақ шырылдады. Бұл тұтқаны қайта көтермеді. Әбден ығыр еткен үйреншікті жағдай. Әлгі бір сүйкімсіз танысының ызасы ма, жоқ әлде мұндылау әуеннің әсері ме диванға бүк түсіп құлай кетіп жылағысы келді.

Дереу бойын тік ұстап тұрып қалды. Ширыға түсіп магнитофонның үнін өшірді. Мына төрт қабырғада қамалып қалмауы үшін қозғалуы керек. Қауіптеніп қиналатындай әзірге ештеңе бола қойған жоқ. Көңіл күдіктенбей тұрмайды. «Барған соң көре жатармын» деп ойлады.

Шұғыл бұрылды да, есік жақтағы үлкен айнаның алдына барып тұрды.

«Жұртқа осы менің қай жерім ұнайды?» деп осы сұрағына жауап іздегендей айнадағы кескініне көз тоқтатып қарады.

Толкынданған қара шашын кейін сілкіп, бетін аша түсті. Үңілген сайын ажары айқындала берді. Жұқалтаң ақсары өңді, беті сопақшалау. Кішкене қыр мұрыны үшкірленіп біткен. Доғаланып иілген жіңішке қасын көтергенде, жазық маңдайда қатарланған ұсақ әжімдер білінді. Күлімдеп еді, көздері жәудіреп дөңгелене түсті. Жұқа еріндерін жымықырып езу тартқанда, екі беті бұлтия қалды.

Ажарына көңілі толғандай тәкаппарсынып, баяу денесін қозғады. Сәндене

бұрылып, өзіне қырынан көз тастап тал бойын сүзіп шықты.

Денесі талдырмаш, бойы сұңғақ. Жіңішке белі бұралып тұр. Майысып, билей жөнелгенде, басқалар бұған еріксіз ілесіп жетегінде кететін тәрізді. Көз қызықтырып әдемі билейтінін өзі де мойындайды. Еркек атаулы бұның шығыңқы кеудесіне еріксіз көз сұғын қадайды. Әсіресе кеуде жағы ойылған қынама бел, кең етек көйлек кигенде қос анары томпайып, көзге ұрады. Сонда біреулердің үміт етіп ұрлана қарағанын байқайды. Әйелдік өзіншілдігі ұстап, көлбендеп қызықтыра түссем дейтін қылықпен көздерін одан сайын қытықтайтын.

Айна алдында билегендей денесін бұлғандатып, көзін ашып-жұмып төңкере қарап, қасын керіп қайта түсірді. Біресе жымыып, біресе қабақ шытты. Осылайша, бетін құбылтып, өзін түрлі кейіпте елестетіп, айнадан байқап көрді. Қаласа, басқаны қылығымен де тартады.

Жазира

(Ахат
Жақсыбаевтың
бұл әңгімесі
баспасөзде тұңғыш рет
жарияланып отыр)

(әңгіме)

Айнаға соңғы рет тесіле қарап, басаяғын түгел шолып өтіп, терен күрсінді. Адам ажарымен де өтімді. Күлімсіреп, қиыла қарағанда біреудің сезіміне шок тастап, желігін қыздыратын тәрізді. Көз салса болды, дәмеленіп, жабысып қалмайтын еркектердің әдегі бұны мезі еткен. Тез танысып, тез тіл табысып кететін жайдары мінезін де тауып жүр. «Осы маған сөз айтып, соңыма түсіп жүрмесін» деп сезіктеніп, бой тарта бастайды. Әлдебір кездесу, отырыста өзін еркін ұстап, ашылып, ақ жарқын болайын десе көзге ілінбей қалмайды. Көңіл көтеріп, ойнап-күліп жайбарақат отырғанда «сіз маған ұнайсыз» деген сөзді естіді-ақ, бірден тіксініп қалады. Қалалған көз енді бұны бағады. Кездесіп, тілдесер сәтін андиды. Неге олай екенін өзі түсіне алмай-ақ қойды. Еркекті өзіне тартатын не қасиеті барын кім білсін. Бір көргеннен «жеңіл жүрістің адамы» дегізгерлік ойнақы қылықтар жасамайды. «Біреуге ұнап, таныса қояйын» деп те ойламайды. Сонда көптің ішінен осыны көретіндері қалай? Бұны бағы емес, әбден запы болғандықтан сорына балайды. Әлдебір сиқырлы күш бұнын еркін жүріп, ойнап-күлгенін көпсініп тынышын кетіру үшін көлденең еркекті әдейілеп үнемі соңына салып қоятын секілді. Біреуінен құтылса, екіншісіне кезігеді. Жолын анып, күн ілгері бұны күтіп тұратын тәрізді. Адамдары ауысқанмен ниеттері ұқсас. Әуелден маңдайына жазғаны осы ма еді?! Кімдер қызықса да желікпей бойын тежеп, қарсыласумен, қорғанумен келеді.

Әлденелер есіне түсіп, күйінгендей демігіп кетті. Жайлап басып бөлмеде ерсілі қарсылы жүрді.

Бөлме тып-тыныш. Электрон сағаттың цифр көрсеткіші жанындағы тарыдай ғана секундтық нүктесі тынымсыз сөніп-жанып тұр. Қан тамыры да осылайша, тоқтаусыз бүлкілдейтін болар. Секунд нүктесі бір қалыпты соғып тұрған өзінің жүрегі боп елестеді. Ешкімге жазығы жоқ сол жұдырықтай жүрегін өзгелер неге ауыртады екен? Қарадан-қарап көңілі босап жылағысы келді.

Төсек арқылы тұрмысын түзеген жесір әйелдерді де біледі. «Пәленше пәленшемен жүреді екен» дегенді де естімейді, көрмейді емес. Соларға құлақ қойып қызыққан да, «мен де солардай болсам» деп еліккен де жайы жоқ. Адамды — адам деп танып, бөтен ойсыз сыйласып, еркін аралассам ба дейтін. Осындай көңілмен томаға-тұйықталмай, қай ортада болсын ағынан жарылып, жайдары жарқын жүргенді жаны сүйетін.

Күйеуі тірі кезінде алаңсыз еді. Ойын-тойда сәнімен киініп, өзін кербез ұстап сыланған қалпында биге шыққанда бұған ұмтылып, құшағына алғысы келетіндер аз болмайтын. Жақсы көретінін айтып, телефонын сұрап, кездесуге шақырып, сыбырлап үлгеретіндер де, белінен ұстап бетінен сүйеге құмартқандар да болады. Кейбірінің сөзін қызық көріп, кейбірінің көңілін қимай «әрі қарай не айтар екен» деп өзінше келіскен пейіл білдіріп, ынтықтыра түседі. Тым тереңдеп бара жатса, ешбір қиналмастан бетін тойтарып тастайды. «Күйеуім бар» деген сенімнің өзі-ақ әйелді бағыл етеді екен. Қасында айбарың, қорғаушың болғанға не жетсін. Күйеуінің көзі тірісінде

басқа біреулермен жүрсе ұялар еді... Қайтар жолы, жатар төсегі бір болған соң күйеудің арқасында талайдың көз сүзіп, қолқа салғаны әншейін ойын секілді еленбеді. Әбден көңілі ауып, құмарын қандыра алмай өршелене ізіне түскендерден өзіне еш қауіп жоғын да біледі. Ұнатса көнетіндей, қаламаса маңына жолатпай қуатындай ерікті жағдайы бар. Бәрі бір өзіне, көңіл қалауына байланысты. Сезімге ғана бой алдырып, соның ықпалымен кетуі мүмкін.

Ал күйеуі өліп, екі баламен жесір қалғанда, бұдан басқаша күй кешті. Қорғансыз, жетімсіреген халде болды. Ұзақ жылдар қызметтес боп, бір ортада араласып жүрген өз таныстарының, сыйлас санаған адамдарының бір-біріне білдірмей оңашада бұған жақындағысы келіп, мазалағаны жанына қатты батты. Орайлы сәтте, құшақтап сүйіп алуға да дайын. Әрқайсысы да өзіне қаратып, дегеніне көндіру үшін түрлі айла-шарғы, амалды іздеп жағынғысы келеді, қызықтырмақ болады. Соларға көңілі ауып, құшағына кірейін деп елігіп жүрген бұл жоқ. Бұрын сәлемі түзу, сыпайы сөйлесетін әншейін біреулердің басы бос деп басынғанына күйінді. Құмардан шығуды көздеген еркектің өз бағасын кемітіп бейшара халге түсуі де, жалынып-жағымпаздануы да лезде екен. Кешегі ірі санаған кей жігіттерің бұның көз алдында төмендеп-ақ қалады. Осы кезде кімнің қандай екені жөнінде өзіне іштей көп жаңалық ашты. Бұны төңіректен, түртініп қоймаған соң беттерін қайтарып, қолдарын қағып, кеудеден итеріп қатты да айтты, қарсыласып та бақты. «Енді қоятын шығар, құтылдым ба» деп отырса, қайтадан қыр соңына түсіп, мезі етеді. «Жесір әйелдің көрген күні осы екен ғой» деп оңашада қапаланып, қамыққанмен жұрт көзіне еңсесін түсірмей, бұрынғыша жарқылдап, сәнін бұзбай жайнап шыға келеді. Біреулері ызаланып, біреулері өшігіп қыспаққа алғанмен ешқайсысына алданбай, алдырмай өз жөнімен жүріп жатты. Бірақ жұмыстан кейін баратын жері азайып, көрер қызығы кеміп оңашаланып, жалғызсырай берді. Оңаша кездесуге

ресторан, кафеге шақырса бармайды. Топты жерде көрінеді. Көптен істеген үйреншікті қызметі, тұрақты жалақысы болған соң басқаға тәуелді емес. Қырындауын қоймаған бастығы бұл пейіл білдірмеген соң ерегесіп, тұртпектей бастаған. Өзіне қаратамын деп бұның қызметін де өсірмек болған, жұрттан жасырып, қымбат тартулар жасап, үйіне қонаққа да барғысы келген... Қайта-қайта кабинетіне шақыртып әңгімеге тартып, өзінен ұзатпай көз алдында ұстауға тырысты. Бар амалы таусылған соң бірден өзгеріп қудалауға кірісті. Жандайшаптарын соңына салып қойды. «Сондағы менің жазығым не?» деп бұл үйіне келіп қыстығып жылайды, тағдырына налиды.

Сөйтіп, көңілі жүдеп жабырқап жүрген кезінде ойда жоқта Сәтжанмен танысты. Бәрі өзгеріп сала берді. Бұдан былай біреулер мазалап, ұнататын ынғай білдірсе: «Жақсы көретін адамым бар», — деп бірден жолын кеседі. Бұны және оларды менсінбей айтады. Қорғаны, қамқоры табылғанына қуанды. Сәтжанға көңілі ауып, құлай берілгенін былайғы жұрт та аңғарып, енді бұның



басы бос еместігімен келіскендей кешегі көз салып, ізіне түскендердің бәрі жайымен қалды. Бастығының тұртпегінен де құтылды. «Осының бәрі Сәтжанның арқасы» деп ойлады. «Құдай мені енді жылатпайын деген екен ғой» деп шүкіршілік етіп, бір қалыпты орнықты күйге көшті. Адам қалайша тез өзгереді. Кешегі көз сүзіп, мазасын алғандар қайтадан сыпайы, сыйлас бола қалды. Өзінің көндіре алмағанына, Сәтжанның үстем болғанына іші күйе ме, төмендегені ме, бетпе-бет кездескенде көзін тайдырып, теріс айналады.

Бұның ендігі тірлігінің арқауы бір Сәтжанға тірелген тәрізді.

Әттен оның сүйіп қосылған әйелі, балалары бар. Өз отбасынан кетіп бұған біржола келе алмайтынына әбден көзі жеткен. Өзіне тиесілі аз қызықты көптей көріп, барына қанағат етеді. Соған көнген.

Қабағы түсіп терең күрсінді. Басы айналғандай шайқалақтап, еріксіз диванға отырды. Аяғын айкастырып, арқасын диванға тіреп, басын шалқайта ұстаған қалпында көзін бір нүктеге қадады. Екі қолын екі жағына бос тастап, терең тыныстап, мүлгігендей еш қимылсыз отыр.

Тағы да Сәтжанды ойлады.

Оған әбден бой үйретіп, бауыр басқаны сонша ол жоқта жалғызсырап қалады. Қазір де өз шаруасымен басқа қаладағы ағайынына кеткен Сәтжанды сағынғанын сезді.

Өз күнін өзі көріп, тұрмыс жағынан оған тәуелді болмаса да көңілінің қалауымен оны көруге, кездесуге құмартады да

тұрады. Танысқалы үш жыл өтсе де бір-бірін жалықтырған емес. Айтар әңгімелері де таусылмайды, Сәтжанның бұл үшін орны бөлек, басқаға ұқсамайды. Соны дәлелдей түскендей, сырлас құрбылары: «Ондай адам жоқ», — деп қызығып та, қызғанып та отырады. Сонда оның қадірі одан сайын артады. Бұның білетіні: түрі — аппақ, өзі — ақылды. Денесі тығыршықтай, орта бойлы, қырық бестегі жігіттің түріне тесіле қарап, «шынымен осы менің нақсүйерім бе?» деп үздіге түседі. Көп жігітке ұқсамайтын мінезі бар, өзгеше бір бітімді, кескін-келбеті келісті жан. Көңілінің қыбын тауып, еркелетіп, өзіне тәнті етіп, табындырып қояды. Ол да бұны бір көруге, кездесуге асығатын секілді. Үнемі хабарласып, келіп-кетіп, көрініп жүрсе, бұған сол да жеткілікті. Ал көңілі нені қалайтынын Сәтжан айтқызбай-ақ біледі. «Сен басқаларға ұқсамайсың» деген сөзді өзіне сүйсіндіріп қойған соң ауыздан еріксіз шығады.

Әйел боп төсек көргелі құмарлықтың соншалық қызулы, тәтті екенін алғаш рет Сәтжаннан сезінді. Мұндайды кім білген. Еш селт етпейтін ұйқыдағы осал буындар

кенеттен бусанып ашқарақтанып атой салғанда не болғанын өзі де түсінбей қалды. Тәтті бір күй баурап әкетті. Құмарын тежеуге дәрмені жоқ. Өзі үшін бұрын болмаған ұятты жағдай секілді көрінгенмен қыздырып, күйдіргені ұнайын деді. Сәтжанның ыстық демі құлақ түбін қытықтап тұла бойын шымырлатты. Тереңнен көтерілген әлдебір қызулы толқынның әсерімен денесі күйіп-жанып барады. Тамағы құрғап, еріндері кеуіп, ауа жетпегендей алқына бастады. Өзі де тосын еріксіз қимылдар жасап елігіп, елти түсті. Үздігіп көзін жұмды. Кенет жанартау атылғандай қатты бір серпінді сезіп, алпыс екі тамыры иіп сала берді. Бүктеліп, жиырыла түсіп, Сәтжанды құшырлана қысып, шыдамай дауыстап жіберді. Дүние мұндай тәтті болар ма?! Бойы балқып, рақатқа батып жатыр. Жаны жай тапқанын сезді. Шөліркеп, демін жиілете алды. Асау толқын кемерінен асып төгілді де біртіндеп басылайын деді. Сөйлеуге, қимылдауға шама жоқ. Әйелдік құмарлығы тояттап, моп-момақан, тып-тыныш халде

жатыр. Сонда алғаш рет «мұндай да рақат болады екен-ау» деп ойлаған. Сәлден соң бірден қатты ұйқыға кетті. Біраздан кейін көзін ашып, қасында бас түйістіріп, үнсіз жатқан Сәтжанды көргенде, қуанғанынан күліп жіберді. Шексіз ризалықпен сүйсініп: «Неткен қуатты едің», — деген және сол бір рақат сезімді сыйлаған Сәтжанға одан сайын көңілі ауды. Осындай қызуы күшті құмарлық сәтін көбірек сезіну үшін де оны еріксіз керексініп, ыстық құшағын аңсайтынды шығарды. Құмары қанып, оның кең құшағында алаңсыз дем алып жатқанында кей-кейде «Сендей еркек барын өзге әйелдер білсе ғой», — дейтін. Ол сәл жыммып: «Сонда не болады?» — деп сұрағанда бұл оның бетіне үніле қарап: «Мен сені қатты қызғанамын», — дейді де жабыса түседі. «Осы мені тастап кетпес пе екен?» деген іштегі қауіп де бар. «Үй-күйі бөлек, бөтен адам. Көңіліне жақпаса кетеді де қалады. Оған не істейсің?» Қашан да осы ойдан қорқарды. Сәтжан тұрғанда еркек ауыстыру деген өзінің миына да кіріп шықпайды. Сәтжанның өтірігі жоқ, екі сөйлемейді. Бұның тілеуіне қарай, әзірше кететін ынғай білдірген емес.

Бір жаққа кетерде, тіпті үй шаруасымен көшеге шығарда оған телефон соғып, жүрген-тұрғаны жайында хабарлап, есеп беріп отыруға әдеттенген. Сонда «мен жоқта үйге келіп бекерге күтіп қалмасын» деп алаңдайды.

Тағы да күрсінді.

Шіркін, Сәтжан, өзгеше жаратылған

жансын-ау. Әзілің де, әдебің де өзгеше. Сенімен қатар отырып, бірге жүрудің өзі қуаныш. Әттен, маған нәліктен кеш кездестің. Маған бұйырмадың...

Ол қазір қайда жүр екен. Кейде оны қарадан-қарап қызғанатыны бар. «Мен жоқта қыздарға қырындаған шығарсың?» деп әдейі қажап, тиіскенді ұнатады. Сәтжан жыммып қана күледі.

Оның тым болмаса даусын естір ме еді. Бұл сонда телефонмен сөйлесіп «жаным-ау» деп үздігер еді.

Көңілі едәуір тынышталды. Сәтжан бұл үшін өзінше бір ем. Қиналғанда соны ойлайды. Шақырса келетінін біледі. Қысылғанда көмектеседі. Ойламаған жерден қуантып, үнемі сюрприз жасайды. Қолынан келгенше бұны жалғызсыратпай көңілін аулауға тырысады. Керексіз етіп көрген емес. Бірақ «сүйдім» деген сөз аузынан шықпайды. Не ойласа да ішінде. Сондайлық дәтіне берік. Бұдан басқа да орны бөлек үлкен бір тірлік барын естен шығармайтын секілді. Ол жақтың сыры ашылмайды, ауызға алынбайды. Басқалар үшін бұның тірлігі де құпия. Екі жақты да көңіліне сыйғызып, кімнің қадірі қандай екенін бір өзі ғана біледі. Бірінен кете алмай, екіншісіне жете алмай қысылып, қиналатын да шығар. Бітеу жүріп, іштегісін сездірмейді-ау, сездірмейді.

Өзінің ол үшін әншейін алданыш еместігіне әбден көзі жеткен. Бұған аяныш та танытқан емес. Әрдайым асыға жетіп үйге кіргеннен-ақ бірден еркінсіп: «Бұл — менің жанға жайлы, тыныш мекенім», — дейтін.

Қазір де осы қалада болса тез-ақ жетіп келер еді. Қоштасарда кеткісі келмей есік алдында біресе сағатына, біресе бұған қарап қылақтап тұрғаны әрі ұнап, әрі қинайтын. Ұнайтыны бұны жақсы көреді екен, қинайтыны ол кетіп, бұл жалғыз қалады. Шығып бара жатып, бәсең үнмен: «Тағы да келемін», — дейді. Содан соң басын кегжитіп, артына қайырылып қарамауға тырысады. Артына соғылса, бұның есікті жаппай, босағада соңынан телміре қарап тұрғанын көрер еді. Көрер еді де тез қайтып оралып, бауырына қысып бетінен сүйер еді. Құшақтары жазылмай босағада екеуі үнсіз тұрап еді. Әр жолы да осылай қайталана береді. Анда-санда ол ретін тауып бұл үйге қонып кететін. Түнімен оның құшағында жатып емін-еркін сүйісіп-аймаласу дүниенің рақаты. Сол түндердің ләззаты үшін де Сәтжанды өзге еркекке айырбастамас еді. Оны мейірлене құшақтап: «Мен сені қатты қызғанамын», — дейді. Жылағысы келеді...

Еркектердің өзіне сөз салып, соңына түскенін әдеттегідей көріп, үйреніп алған. Тойтарыс беріп, тыйып тастауға да, амалын тауып алдап кетуге де бар. «Сенімен кездескені бері өзге еркектерді менсінбейтін болдым», — деп ағынан жарылып, шындығын айтқанда Сәтжан сәл жыммып: «Әй қусын-ау. Мені алдайсың ғой», — деп әңгімені әзілге айналдыратын еді.

Бұның қазіргі жұмыс жағдайымен жүріп-тұрғанына қарсылық етпегенімен іштей көндіге алмайтынын біліп-ақ тұрады. Қазір бұл көбіне еркектермен араласып, бар мәселені солармен шешеді. Кездесу, келіссөздерден кейін ресторандарға шақырылады. Жалғыз бұл емес, тобымен барған соң бас тарта алмайды. Басталған істің сәттілігі үшін таныстықты жалғастырып, қарым-қатынасты тереңдету керек. Сәтжан осы жағдайды түсініп, сабырмен ақылға жеңдірген болады. «Бұл — менің жұмысым. Бүгін біреуі, ертең басқасы — маған кім болса да бәрібір. Күнкөріс үшін ақша тапсам деп жүрмін». Осы сөзге ол иланатын тәрізді. Не айтса да «өзін біл» деуден айнымайды. Ашықтан-ашық қызғанып, тартысып-таласып жатпаған соң «өзін біл» деудің салмағы ауыр екен. Күдіктеніп сынағаны не сеніп, келіскені белгісіз. Әрі-сәрі ойда қалдырады.

Коммерциямен айналыса бастағанда-ақ баяғы Сәтжанға кездескенге дейінгі «жүріс алған жесір әйел» деп қарайтын жағдайға қайтадан тап болды. Үйреншікті орта Сәтжан көрінген соң-ақ оны мойындап тез тыйылған еді. Ал мына бүгін бар, ертең жоқ кездейсоқ бөтен еркектер кімнің бар деп онымен санасып жатқан жоқ. Ақшамен қызықтырып, алдынды орап, алдап соққысы келеді. Өзіне тәуелді екенін сезсе, өктем сойлейді. Ақшаға табынатын

ортаның әдеттері де басқа. Жатқан бір сауда, ішкі есеп. Біреудің бағы екінші біреудің сорына айналуы мүмкін. Соның шет жағасын аз уақытта бұл да танып үлгерді. Жеке адамның қалауымен жасалған келісімшарт соның талабына бағынышты етеді. Көнсең ұпайың түгел, қарсыласқан күйреуің ғажап емес. Қинаса амалсыз көтересін. Әйтпесе мәселенің шешімін әдейі сүйретпеге салып соңғы сөзінді күтіп тұйыққа әкеліп тірейді. Кімдердің жетегінде кетіп, қай жағада қалғаныңды бірден білу де қиын.

Аздап өзінің де бастан кешкені бар, басқадан да естігені бар, коммерция дегенін алда не болары белгісіз, айла-амалы көп қиын жұмыс екен. Дәл солай деп әуелде кім ойлаған. Бір кіріскен соң, әзірге басқа салғанды көріп бағады. Өзін жұбатқаны ма, жоқ әлде қамшылаған түрі ма, көбіне-көп «әзірге» дей береді.

Қайда барып, кімдермен кездескені, нендей әңгімелер болып, қай ресторанда отырғаны Сәтжанға түгел баяндалса ғана бұның ішкен асы бойына сіңетін тәрізді. Құр бекерге күдігін молайтып, жүрегін ауыртып қайтемін деп кімдер қырындап, кімдерге ұнағаны ғана айтылмайды. Сөз салған, көз сүзген біреудің ырқына көнбеудің кесірінен ісі оңбай жатса Сәтжанға оны басқаша түсіндіреді. Сонда оның бетіне үніле қарап отырады да, үнсіз күрсінетін. Ойында түк жоқ, ақша табамын ба деп әлек боп, анамен де мынамен де араласып, арпалысып жүргенде бір Сәтжанның бағасын кемітпей, оған деген адалдықтан айнымасам екен дейді. Бір-екі рет жақсы басталған ісін амалсыздан құрдымға жібереді. «Бар жақсылықты мұның басына үйіп-төгемін» деп уәде етіп, әурелеп қоймаған біреуден әрен басын алып қашқан. Құрығынан шығып кеткен соң ол да тез өзгеріп, жолына тосқауыл болды. Өне-міне қолға тиер деп, асыға күн үміттеніп жүргенде сол оңбаған бұны тақырға отырғызды. Бұйырмаған ақшаның күйігі жаман екен. Қанша жоғалтқанын ойлағанда өкініштен іші удай ашыды. Сәтжаннан соны да жасырды...

Орнынан кинала түрегелді. Қазір жол жүреді. Аяғы ілгері баспай-ақ қойды. Кімді іздеп барады? Сол сәтте кенет көңіліне үрей кірді. Мазасызданып терезенің желдеткішін ашты. Сыртта қар. Ақпан айы ызғарлы боп тұр. Суық ауадан бойы тоңазып еріксіз дір етті. Қайтадан көңілін орнықтырғысы келіп күбірлеп сөйлеп: «Бәрі жақсы болуға тиіс», — деді. Менде кімнің не шаруасы бар, біреулер «сіз маған ұнайсыз» деп жолына тұрса бір жөнін табар. Жана көріп жүрген құқайы емес қой. Осы ойдан кейін көңілі аздап сергігендей болды.

Бұл қазір кетеді. Өз үйіне өзі қонақ. Тамағын істеп, шіркін, күйеуді күтіп отырса ғой... Бірақ әлі де сол тік жүріс, жолаушы қалпы. Кеудені қысып, бүйірі шаншығандай күрсініп қалды. Қасында Сәтжан болғанда ғана көңілі тынышты. Қазір ол жоқ. Кітап сөресіндегі Сәтжанның суретіне тоқталып, тесіле қарады да қимастықпен: «Жаным, мен кетіп барамын», — деп күбірледі. Сыйынған Тәңірінің алдында тұрғандай бірден іші жылыды.

Жалғыздық деген — осы. Қоштасар, шығарып салар ешкім жоқ. Денесі ауыр тартып есікке беттеді. Шығарда көрші бөлмеден ала мысығы жүгіріп шығып, мияулап аяғына орады. Кәдімгідей көңілі елжіреп мысығын көтеріп алып бауырына басты. Жүні жұп-жұмсақ жылы екен. Иіскелеп, сипалап еркелетті де жерге түсірді. «Мысық ашығып қалмасын» деп, қызына қағаз жазып, үстелге қалдырды.

Зорға дегенде түс ауа сүйретіліп үйден шықты. Таксимен вокзалға тез жетті. Сәтжанның бұл қалада жоғын білсе де, жан-жағына алаңдап кідіріп тұрды. Кейде ол вокзалдың кіреберісінде тығылып алып, бұны сыртынан бақылап, жақындағанда қорқытпақ боп бірден бас салатын. Сонда екеуі де арсалаңдап, мәз болатын. Бүгін бұған ондай қызықты жазбағаны ма?! Соңғы рет жан-жағын анықтап бір сүзіп шықты да терең күрсініп басын төмен салды.

Бір-екі ұмтылып вагонға зорға көтерілді. «Маған бүгін не болған?» деп еріксіз ойланды.


Состав ақырын жылжып, жүрісін үдете бастағанда бұл: «Кеттім, — деді. Осы сөз аузынан қалай шыққанын өзі де аңғармады.



Көбен АСҚАРҰЛЫ

Көбен Асқарұлы – ақын, жазушы, зерттеуші. 1938 жылы қараша айында ҚХР, Алтай қаласында дүниеге келген. Шынжаң университеті химия факультетінің түлегі. «Жыр – махаббат», «Алқа», «Ер кешуі», «Ұрпаққа қалған ұлағат», «Шолпан», «Шәріпхан», «Бүркітбай» атты кітаптардың авторы. ҚХР мемлекеттік Жазушылар одағының, Шынжаң Жазушылар одағының, Шынжаң Фольклор қоғамының мүшесі. 2000 жылы ҚХР, Шынжаң «Дүлділ әдебиет – көркемөнер» сыйлығын, 2011, 2015 жылдары екі рет Қазақ – Қырғыз «Дүлділ әдебиет» сыйлығын алған. Қазақстанда өткен бірнеше жыр мүшәйралардың жүздегері. Көбен Асқарұлы – драматург, тарихшы, Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ҚХР-дың халық жазушысы Асқар Татанайұлының ұлы. Ақынның бір топ өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

ЕЙ, САПАРЛАС, МЫНАУ СЫРЛЫ ҒАЛАМДЫ ҰҚ



КИЕСІСІҢ, ОСЫ ЖЕРДІҢ ПІРІСІҢ

Атамекен! Өзің мекен болғалы,
Қаниша дұшпан саған ойран салмады.
Ұлы Отанның бір бөлшегін айырып,
Жалмауыздар жалмап кете жаздады.

Сонда кімдер қорғап еді бұл жерді.
Қорғап кетті деп танымын кімдерді?
Батырларым, қиыпсың-ау, жаныңды
Бірақ сенен қалмағаны-ай бір белгі.

Боздақтарым, қайда қаның құйылды,
Қай жылғадан саған орын бұйырды?
Қорғап жүріп қай шет, қай бір қиырды,
Шыбын жаның қыршынынан қиылды?

Таба алмаймын, таба алмаймын іздесем,
Бірақ барсың, жүздесем де, тілдесем.
«Туған жерді қорғаңдар» деп ұрандап,
Қарсы алдымнан кездесесің күнде сен.

Мұнарланған ұлы таулар – ата шың,
Сен мекендеп соның жақпар тасасын.
Сағымдардың арасында бұлдырап,
Соған қарай шауып бара жатасың.

Осы өлкеде батыр да сен, ер де сен,
Қанжүрегім қақ айырылар сен десем.
Туған жерді қорғамасаң, сүймесен,
Қыршын жанды құрбандыққа бермес ең.

Сен қалайда туған жерде ұлысың!
Киесісің, осы жердің пірісің!
Тарихтың қанды күрес жылының,
Құламақса тігіп кеткен тұысың!

Сүйемін мен дала әнін, дауыл әнін,
Бостандықтың көтерер ол ұранын.
Тарихына қанменен даңқ жазған,
Ата-баба рухына шомыламын.

Сүйемін мен тауымды көк орайлы,
Сүйгендіктен жыр жазам дала жайлы.
Сүйемін мен жым-жырт
түн, тыныштықта,
Күркіреген от күнді найзағайлы.

Сүйемін мен жайнаған жазын соның,
Мен – бірімін, сол жерді сағынса кім.
Ұша бұлттар үстінде қыранға ұқсап,
Жүр шарықтап әлемін жаным соның.

Бұлт

Кейбіреулер мекенсіз деп сынайды,
Расында, оның көші тынбайды.
Одан мәңгі арылмайды мұң-қайғы,
Бұлт жырласа, жылап тұрып жырлайды.

Оның неге ашылмаған қабағы?
Жақындаса мынау жерге жаралы,

Адамдарға ашулы ма, тағдырға?
Жылап келіп, жылап кетіп барады.

Жанып жатқан ормандарға төгіліп,
Күйіп жатқан шөлді көріп егіліп.
Жас бұлаған жалын атып жанары,
Қайыса ма қабырғасы сөгіліп?!

Адамдар-ай, жұмыр жерді бөліскен,
Бөле жүріп, келіскен де тебіскен.
Бөле жүріп келешегін ұмытып,
Жәбірлеген жер ананы, өліскен ...

... Жерді айналып бұлттар көшіп барады,
Жазам дей ме, адам салған жараны.
Ал адамдар бұлттарды ойласа,
«Мекенсіз» деп жабады оған жаланы.

Бұлттар-ай, безіп жүріп мекенінен,
Жерді сүйіп бұлт болып кетер ме ең!
Бар мейірін жұмыр жерге қалдырып,
Жұмыр жердің бар қайғысын көтерген.

Бұл дүние жаралыпты сен үшін,
(Құрту емес, гүлдендіру борышың).
Болғанымен бәрі саған тәуелді,
Құрт құртады деген сөздің тегі шын.

«Құрт» деп оны бабам бекер қоймаған,
Құртты – «құрт» деп атағалы қай заман.
Сол кезінде осы жұмсақ ыңғыру,
Ұңғи-ұңғи құртады деп ойлаған.

Табиғатты гүлдендіру керек пе,
Өзгерту ме? Демігің бас желөкпе!
Сырын білмей гүлегенің не керек,
Арадайын түсіп алған көнекке.

Ей, сапарлас, мынау сырлы ғаламды ұқ,
Адамзатқа жолдас емес надандық.
Дүниені жасартатын, сені де,
Тек құдірет – ғылым, еңбек, адалдық.

Ал тағдырдың адамзаттан ойы ары,
Тас төбеге оның әмір таяғы.
Дүниеде астым деген мықтының,
Бір жаманға күнін салып қояды.

Бұл не деген таңғажайып іс еді,
Пілдің-дағы тышқанға ісі түседі.
Темір торда жолбарыстар шырқаса,
Батырлардың салдырлайды кісені.

Арыстан, кит секілденген сан алып,
Жер бетінен бара жатыр жоғалып.
Дүниенің ең әлсізін құрт десек,
Барлығын да бітіреді сол алып.

Әлділердің көп көргенмен тәсірін,
Әлсіздердің құдіреті жасырын.
Асау дауыл қарағайды мерт еткен,
Боз көдеге жоғалтады асылын.

Біреуінсіз біреуінің жоқ күні,
Біреуімен біреуінің шоқтығы.
Бірі күні біреуіне салулы,
Дап-дайын тұр достығы да,
қастығы.

Уа, Жер-ана, сен аман бол түбінде,
Тікенің де, үлбіреген гүлің де.
Сөз бергенде заңдылыққа білімге,
Біреуінің тіршілігі бірінде.

Албырт көңіл сан-саққа алып ұшқан,
Жаралғанмен адамдар сағынштан.
Бақ таласар өмірге келгеннен соң,
Бір-бірімен кейде дос,
кейде дұшпан.

Адамдардың жүрегі – отты жүрек,
Отты жүрек махаббат, кекті білед.
Өмір – майдан,
Майданда дес алғанның,
Ептілігі басқадан жетігірек.

Шынтуайтқа келгенде, бетпе-бетке,
Бетпе-бетке жігер мен от керек де.
Жеңгені хан, жеңілген қарақшыны,
Өткелектен өткізіп өткелекке.

Бас алдырмай, дес бермей қуып жүріп,
Қуып жүріп мұқатар, туын жығып.
Бірінен-бірі асып ақырында,
Қатарынан шығады суырылып.

Бірі мінсіз боп тұрғанмен қарамаққа,
Өмір деген итеріп салады отқа.
Бірін-бірі жүргенмен жақын тартып,
Өлтіріп те кетеді, жаралап та.

Өмір деген майданға араласқан,
Талай адам дерт тауып жағаластан.
Өзгенікін «өзімнің» деп айтым деп,
Ел-жұртын да ойрандап қара басқан.

Өтіпті өкінішпен Қайран жастық,
Беріпті, оны да екі айналмас қып.
Тағдырдың насырынан жасыл түсіп,
Табымды ақыл,
тартымды ойдан «Қаштық».

Уа, муза – жыр тәңірі қаштық сенен,
Қуғын көріп, қоштасып жастықпенен.
Оралып қайта өзіне соғам десем,
Бұл тағдыр айырылмайды тас қып менен.

Кетсе де қайран жастық, жырақ менен,
Үзбеймін үмітімді бірақ сенен.
Өзіңнен жыр тәңірі – сұлу муза,
Аспанның ақ жаңбырын сұрап келем.

Оралмас өтіп болды өтер көктем,
Әуремен оны қуып жетем деп мен.
Сар жайлау, сары жұрттың қозғап күйін,
Сары күздің жаңбырын бер, нөсерлеткен.

МАХАББАТ

Махаббат деген пәктік пе екен,
бақ па екен?
Махаббатсыз, жалпақ дүние жат мекен.
Іздедім оны, Ай болса қалай батты екен?
Көк болса толқып, қайсы бір ойда
жатты екен?!

Махаббат деген тікен бе екен,
гүл ме екен?
Сұлулықтың сыңары ма екен, бір ме екен?
Мен оны күтіп сарылып таңды атырсам,
Ол мені іздеп, сарғайып күтіп
жүр ме екен?

Жап-жаңа өткен ұрланып қарап өзіме,
Махаббат деген қыздардың қара көзі ме?
Қалтықсыз айтқан әзілі ме еді құрбының,
Сұлулықтың, сыңары ма, әлде өзі ме?!

Балаға деген талабы кескін, қатал-ақ,
Әкемің маған ашуы ма еді махаббат?
Алтайда жатқан сағынышы ма еді
анамның,
Тәңірге мені тапсырып еді тапалап.

Махаббат сені жүргенде таппай мен
іздеп,
Екеуіміз бірге өмірге келген егіз бе ек?
Жүрегің жарып мен туған
шақта анамның,
Мейірімінен жаралдың ба екен теңіз боп?!

Махаббат, сені іздеймін,
жалғыз сұраймын,
Қашан мен саған қалаулың
болып, ұнаймын?
Он сегіз мың ғаламды тақсыз жаратып,
Жалғыздыққа жаралыпты өзі Құдайдың.

Бұлақ жыры

Мөлдіреген тамшысы бұлақтың – мен,
Мөлдірімді төменге құлаттым мен.
Табиғат тамырына қан боп кіріп,
Көрік беріп әлемге ұнаптын мен.

Бағым басқа болғанмен, қайғым басқа,
Аға, келе қан мен тер, толдым жасқа.
Күліп шығып, мұң менен ашу жиып,
Бет түзедім екінші қайырылмасқа.

Мен кетті деп қайғырып жыламаңыз,
Шыққан жерім ұлы тау, құлама құз.
Алтын таудан аққан деп кәусар бұлақ,
Халқымның жүрегіңде туады аңыз!



**Орынкүл
ТЫНЫМБАЙҚЫЗЫ**

Не жазып жүрмін?..

Жасымнан қиял кешіп ем,
Өлең — кие деп өсіп ем.
Киеге күйе жаққан кім,
Не жазып жүрмін осы мен?!

Айтарын әзер пайымдап,
Мақтауға ойсыз тойынбақ.
Мінімді көрмей жүрмін бе,
Ақын емесімді мойындап.

Атса да таңың арайлап,
Шомылып нұрға бар аймақ...
Ойланып қара әр іске,
Артыңа бір сәт қарайлап.

Қиялды кеткен шарықтап,
Қырағы көзбен шолып бақ.
«Жорғалауға жаралған,
Самғай алмайды қалықтап».

Білімнің аз боп құнары,
Жанбаса шабыт шырағы...
Ұйастан ақсап тұрса да,
Ұша алмайды өлең пырағы.

Жүрегім мейірім жүр іздеп...

Кімдердің көңілін қалдырдым,
Кімдерге кінә арттым кінәсіз?!
Өзекті өрттейін жандырдым,
Өкініш биледі шүбәсіз.

Бағымның барына сендім бе,
Қиялдың қиясын мекендеп.
Ел-жұртты ақымақ көрдім бе,
Ақылды мен ғана екен деп.

Күлдім бе біреудің мініне,
Тырнақтың астынан кір іздеп.
Сауға айтып Тәңірге күніге,
Жүрегім мейірім жүр іздеп.

Арамдық, сараңдық — бәрі мін,
Көтеріп обалын, сауабын,
Қорған қып қауызын тарының,
Бересің бәрінің жауабын.

Пендеге өкініш жүдеткен,
Анадай өбетін бетінен...
Шуақтай төгілген жүректен,
Мейірім сыйлаңдар... өтінем!

Ақиқатты ұнатам

Өтіріктің жолы неге жеңілдеу,
Алаяқтың сөзі неге өтімді?!
...Арға парыз аяқ асты төгілмеу,
Әз ұятым қарымасқа бетімді.

Пенделігім аз нәрсеге алданып,
Жоғалтқанда ардың алтын тозаңын...
Адаммын деп жүргеніме малданып,
Күйе жеген күпідейін тозамын.

Өз-өзімді жегідей жеп тозамын,
Бұл жанымды қайтіп енді жұбатам?

Өтіріктің тартпасам да азабын,
Ақиқатты мұнша неге ұнатам?!

Қиялымның көк құсы

Сен қайдасың, қиялымның көк құсы?
Сыймай кеткен мына мендік әлемге...
Өзің жаққан өшер болса от күші,
Өкінішпен өлді дей бер өлең де...

Тентек ойды тежемей тіл кез келген,
Кеш күнімді пенделікпен ауырған.
Өз-өзімді таппай жүрмін өзгерген
Кірген із бар, шыққан із жоқ ауылдан.

Көп толғансам, үзеді көз моншағын,
Сергек сезім сәл нәрсеге селт еткен.

Махфи ақын, меніменен дертің бір,
Өзегінде өшпей өткен өртің бір.
Тым қараңғы тұмшаланған
тағдырың,
Айдың нұры айшықтаған көркің — гүл.

Жер бетінен желмен ұшып кетіп-ақ,
Жұлдыз мініп тұрсың бізге жетіп ап.
Жалғанда әлі жыр сүйетін жан барда,
Сен тұрасың биігіңде жеті қат!

Мұңлық

Ел-жұрттан бет-жүзін қалқалап,
Бақыттың құсынан дерексіз...
Барады азабын арқалап,
Бір мұңлық ешкімге керексіз.

Әлсізді бүріп жылата көрме!
Таспенен басып шайтан безбенін,
Талайдың көрдік ардан безгенін.
Жаным маза беретін емес,
Шарасыз күйде қалған кездерім.

Жылата көрме қорғансыздарды,
Қайырсыз қыстан қалған сыз бар-ды...
...Дүркіреп өссін жауқазындарым,
Қаһарлы қыста жарған мұз-қарды!

Мөп-мөлдір болсын айдының арың,
Жетіліп өссін тай-құлындарым.
Тектілік тұнған тұғырдан көрін,
Ұмыттыр елге қайғы-мұң барын!

Қайда сол бала көңіл?..

Қамыққанда жаманға кетіп ақым,
Шерім бе екен жіберген етіп ақын.
Қамсыз, мұңсыз күндері-ай балалықтың,
Тәтті елесің жаным неге жақын?!

КИЕЛІ ӨЛЕҢ, ҚАДІРІҢЕ ЖЕТТІМ БЕ?..



Сағыныштың ұққанда билегенін,
Ғажайып бір мөп-мөлдір күйге енемін.
Алтын күннің аяулы куәгері,
Көз алдымда сол бала бейнелерің.

Аңқылдаған қайда сол бала көңіл,
Әз басыңа әр сынын салады өмір.
Біреулердің көңілі — мәуелі бақ,
Біреудікі — қайырсыз қара кебір...

Қызғалдақтар

Сән болған салтанатты сарайларға,
Шомылып алтын нұрға арай таңда...
Қызғалдақтар жаз бойы қуантпайды,
Мұрсаты жоқ тым ұзақ қарайлауға.

Көктем-көштің ілесіп ағынына,
Қауыз ашып құлпырған шағы мына.
Шаттық сыйлап адамға ұшады олар,
Сары даланың сіңеді сағымына.

Бақыт сыйлап жаным нәзіктігі,
Тал бойыма етемін азық мұны.
Еріп сала береді тас бауырым,
Кеше салам пенде деп жазықтыңы.

Сұлулығы кеңітіп пейілімді,
Жүрегімді жаулайды, зейінімді.
Қызғалдақты қырымды көзбен өбіп,
Соға бергім келеді сейілімді.

Кешкендеймін ғашық күй бір адамға,
Жауһар гүлге көңілім құлағанда.
Қызғалдақтай қып-қысқа ғұмырымда
Бақыт сыйлап өтсем ғой жылағанға...

* * *

Табиғаттың көңіл күйі бүлінген,
Қайтқан күннің қабағынан білінген.
Қызғалдақтар көз шырымын алады,
Үр қауызын жауып алып іңірден.

Ертеңіне, шайдай ашық ақ таңда,
Ел ұйқыдан жаңа тұрып жатқанда...
Құлтырады қырда күліп оянып,
Қалғып кетер күн қызарып батқанда.

Жауһар гүлім, дауасындай дертімнің,
Алып ұшар саған күші еркімнің.
Көрген сайын көңілге нұр құясың,
Тамсандырып тамылжыған көркің мың.

Қызғалдақтар — сәні сайын даламның,
Туған жердің топырағынан нәр алдың,
Көктем сайын жайқала бер, жайнай бер,
Жан сарайын нұрландырып адамның!

Көңіл алаң оралар деп сол шағын,
Жаным жырдан айнымасқа серт еткен.

Үнсіздік мекенінде

...Таптаурын тар соқпақпен тағы келем,
Көргендер сынды демес сағы неден.
Әлгінде жалт-жұлт еткен дүниенің
Бұл маңда өзгергендей мәні неден?!

Сұп-суық күмбездердің сұсы басып,
Көңілсіз келген жанның түсі қашып...
Алланы ажалдылар еске ала ма,
Өзгермес ақиқаттың мысы басып?..

...Аласа бір төмпешік өңі ескірген,
Жанында сәнді күмбез елес кірген.
Таңдамай жастанғаны бір топырақ,
Аллаға кім не дейді теңестірген.

Бұл жағдай болар дейсің кімге сабақ,
Бай өтер кедейлікті мінге санап.
Есуас еркек өтер өз әйелін
Базардан сатып алған күңге санап.

Жұмбақ ақын

Есіміңді ессіз қиял тұмшалап,
Есіл сезім еркінді алған күн санап.
Ғашық жырдың ғасырлардан озып кеп,
Бізге жетті, жеткеніндей құмсағат.

Қара орманның қалыңына жасырын,
Алыстардан талып жетсін хас үнің.
Жақұт жырлар жарты
әлемге танытқан,
Сезімдердің азбас-тозбас асылын.

Ғашықтықтың аяғы — дерт,
басы — мұң,
Тақсіреті талынан көп шашының.
Тылысың сыры бірге түскен түнекке,
Жырларына қол қойылған жасырын.

Бас ұрмай жайларға пенделік,
Оралу өткенге мүмкін боп...
Ой мен бой тұрса ғой тең болып,
Ешкім де сөкпес еді «шіркін!» деп.

Еріксіз қарайлап соңынан,
Жас іркем жанымның көзіне.
...Қыла көр қадамын оңынан,
Ей, Алла, жалынам өзіңе!

Ақындық жайлы ойлар

Шығардың деме шетін бір ақылдың,
Жүйрік деп бұлдағанмен жыр атын
мың...
Шыққандай маржан теріп тереңдерден,
Бөлек қой сөз саптауы шын ақынның.

Ақ гүлі ақиқаттың — шындық деген,
Арылмай өтсе деймін бұл құт менен.
Ақын емес, әуейі біреу болсам,
Өлең, неге байландың кіндікпенен?!

Ұқпай жүріп жағдайын жақынның кеп,
Шабытымның ақ құсын шақырдым көп.
Қиырында қиялдың адастым-ау,
Алданумен жүрдім бе ақынмын деп.

Ақиқатқа етене жақындығым,
Ардың отын өшірмес хақың бүгін.
...Сұлу сырлы сезімнің базарында,
Бәсі төмен болмасын ақындықтың!

Тілек

Жайлаған бектер күліп төрімді,
Ішімнен тынған ұғып шерімді...
Солдыра көрме, тоңдыра көрме
Бүршігін жарған үміттерімді!

Арман-шыңдардан құлата көрме,
Жанымды шыққа шылата көрме.
Ақсұңқар болсаң қанатын жайған,

Өткен ғасырдың орта тұсында Батыс елдерінде негізі қаланған постмодернизм ағымы қазақ әдебиетіне де дендеп енді. Дегенмен «әдебиетімізде постмодернистік әдебиет бар» дейтіндердің де, «қазақ шығармаларында бұл бағыттың төбесі көрінбейдіге» саятындардың да қарасы қалың. Жұырда ф.ғ.к. Рита Бекжанқызы мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің магистрі Жарқынай Харисова бірлесіп жазған «Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары» кітабында аталмыш бағыт жан-жақты талданған. Рита Сұлтанғалиеваны әңгімеге тартып, постмодернистік туындылардың қыр-сыры жайлы сұрап көрдік.



Рита СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университетінің
қауымдастырылған профессоры:

– Жаңа оқу құралдарыңыз жарық көрген екен. Бұл еңбекте қандай тақырыптар қамтылған?
– Бұл оқу құралын «Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары (постмодернизм поэтикасы)» деп атадық. Зерттеу еңбегі бастапқыда постмодернизмге қатысты белгілі бір зерттеу жұмысын жасаудан басталды. Зерттеу жұмысымызға негіз ретінде қазақ әдебиетіндегі поэтикалық мәнге ие болған заттар суреттелетін шығармалардан бөлек, оларға жасалған талдауларды іздей бастадық, бірақ қазақ тілінде дәл бұл тақырыптағы зерттеу жұмыстарын кездестіре алмадық. Сондықтан шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектерін негізге ала отырып зерттеу жұмысын жасауды бастап кеттік. Қазақ әдебиеті де әлемдік мәдениеттің бір бөлшегі болғандықтан, жанашыл бағыттың эстетикалық тенденциялары кейінгі жазушылардың шығармашылығына енуі – заңдылық, ал жанашылдық қашан да зерттеуді қажет етеді.

Оқу құралымызда қарастырылып, талданған прозалық шығармаларда жаңа әлемдегі бойын үмітсіздік жайлаған, өзін-өзі жоғалтқан постадамдардың бейнесі айқын көрініс табады. Қазақ әдебиетінде де кездейсоқтық пен ретсіздікке негізделген эстетикалық тенденцияларды біріктірген постмодернистік сипатта жазылған шығармалар жетерлік.

– Бұл бағыт туралы түрлі көзқарастар, түрлі пікірлер бар әлі де. Постмодернизм ұғымының мәні қандай?
– Иә, сөзіңіздің жаны бар. Постмодернизмге қатысты пікірлер өте көп, тұжырымдар да баршылық. Постмодернизм туралы бірден белгілі бір ой қалыптастыру өте қиын, себебі ғалымдардың көпшілігі постмодернизм бағытында жазылған шығарманың мазмұндық ерекшеліктерін көрсетуден бұрын, постмодернизмнің құрылымдық ерекшеліктеріне қатысты да бірдей тұжырымда емес. Бұған постмодернизмнің кейбір зерттеу еңбектерінде «көркемдік кезең» ретінде сипатталуы, ал кей еңбектерде «көркемдік бағыт», «ағым» ретінде аталып жүргені дәлел бола алады. Өнер зерттеушісі, эстетиканың негізгі мәселелерін зерттеген белгілі ғалым Юрий Борев өзінің «Эстетика» кітабында постмодернизмді көркемдік дәуір, көркемдік кезең ретінде қарастырған.

Ғалымдар зерттеулерінде әдебиеттегі постмодернизм ХХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келгенін айтады. Латын және француз тілдерінен аударғанда «постмодерн» «қазіргі», «жаңа»

дегенді білдіретін бұл әдеби қозғалыс адам құқығының бұзылуына, соғыстың қасіреті мен соғыстан кейінгі оқиғаларға реакция ретінде қалыптасты. Ол ағартушылықты, реализм мен модернизм идеяларын жоққа шығарудан, яғни ескі мұраттардан бас тартудан туған. ХХ ғасырдың басында танымал болған модернизмде автордың негізгі мақсаты өзгермелі әлемде мән табу болса, постмодернистік жазушылар болып жатқан оқиғаның мағынасыздығы туралы айтады.

«Постмодернизм» сөзінің мағынасын түсіндіру оның мәнін түсіндіруге қарағанда әлдеқайда жеңіл. Осы тұста әдебиеттанушы ғалым Г.Сәулембектің «Қазіргі прозадағы постмодернизм» атты зерттеу еңбегінде: «Әдебиеттегі постмодернизм ХХ ғасырдың екінші жартысында белең ала бастап, сол ғасырдың сексенінші жылдарында ғана бағыт ретінде мойындалған. Батыс елдерінде де постмодернистік мәтін алғашқыда ғылыми көпшілікке беймәлім жасырын даму кезеңінде болды. Осылайша, постмодернизмнің бағыт ретінде қалыптасуы және танылуы ұзақ уақытқа созылды», – деп көрсетеді. «Модернизмнен кейінгі» деген мағынаны беретін бұл терминнің әдеби бағыт ретіндегі атауы Қазақстан кеңістігіндегі әдеби үдеріс тұрғысынан қарағанда күмән тудырады. Осыған қоса әлемдік әдебиетте кең таралған бағыт болғанына қарамастан, постмодернизмнің Қазақстан әдебиетіндегі үлес салмағы үрдіс дәрежесінде ғана. Бірақ зерттеудің отандық әдебиетті ғана қамтымайтынын, салыстырмалы, салғастырмалы зерттеулерге де орын берілетінін ескере келе, постмодернизмді бағыт деп қолданғанды жөн көрдік», – деп постмодернизмді бағытқа жатқызуға тұжырым жасаған. Әдебиеттанушы ғалымның зерттеу еңбегіне сүйене отырып, біз де постмодернизмді бағыт деп алып, оған қатысты эстетикалық тенденцияларды қарастырғанды жөн көрдік.

– Постмодернистік шығармалар қалай туады? Бұл ерекшелік қазақ әдебиетінде қай кезден бастау алды?
– Әдебиет – жанды құбылыс, оған жан бігіретін – автордың танымы. Иә, дәл солай. Постмодернистік шығарма жазуды автор мақсат етіп қоймайды, ол автор

өмір сүріп жатқан қоғам мен сол кездегі әлеуметтік жағдай ықпалынан орын алады. Постмодернизмнің өзі екінші дүниежүзілік соғыс аяқталып, адамдардың сана-сезімі мен қызығушылығы өзгере бастаған тұста пайда болды, демек, автордың да бұл ерекшеліктерді бойына сіңіруіне жаңалық пен жаңашылдықты қажет ету сезімі итермелейді. Постмодернистік шығармалар әлемнің, шындықтың мағынасыз, хаосты қалпын көрсету, дәстүрлі әдеби үлгілер мен идеяларға ирониямен қарау арқылы туады. Қазақ әдебиетінің өкілдері де бұл үрдісті өз шығармаларына енгізіп үлгерді.

Нақтырақ айтсақ, қазақ әдебиетіндегі біз зерттеу нысанымызға алған постмодернистік сипаттар 1990 жылдардан бастап белсенді көріне бастады. Бұл кезең – кеңестік идеологиядан арылған, әдебиет еркін тыныс алып, формалық және мазмұндық ізденістерге бет бұрған дәуір. Тәуелсіздікпен бірге ұлттық болмысты қайта қарастыру, кеңестік кезеңде тұмша-

Сонористика – көркем мәтіндегі дыбыс пен үннің ерекше қолданылуы арқылы авторлық «меннің» субъективті қабылдауын жеткізетін бағыт. Әлішер Рахаттың «Үздіксіз әуез» әңгімесіндегі акустикалық бейнелер мен дыбыстық атмосфера кейіпкердің ішкі рухани арпалысын танытуға қызмет етеді. Бұл бағытта дыбыстың тембрі, ырғақтық құрылымы мен үннің бояуы көркемдік құралға айналып, прозалық мәтінде поэтикалық дыбыстау формасын тудырады. Сонористикада автор бейнесі сыртқы сипаттау арқылы емес, дыбыс пен үн ойыны арқылы ашылады, яғни бұл – әдеби мәтінде естілетін рух.

Алеаторика – кездейсоқтық, ретсіздік пен хаостың көркемдік құралға айналуы. Бұл әдіс адамды алдын-ала болжауға келмейтін жағдайлар әлемінде «ойыншы» ретінде көрсетеді. Мерей Қосынның «Буве нүктесі. Нерд» әңгімесінде түс көру арқылы басқа кеңістікке өткен кейіпкердің жай-күйі алеаторикалық бағытқа сай

ӘДЕБИЕТКЕ

АВТОРДЫҢ ТАНЫМЫ

ланған мәселелерді ашық айту, әдебиетте жаңа тақырыптар мен формаларға деген сұранысты күшейтті.

Бұл көркемдік бағыттың келуімен авторлар классикалық баяндау тәсілінен гөрі, фрагментарлық құрылымға, ирония мен сарказмға, тарихи тұлғаларды көркем интерпретациялауға бет бұра бастады. Шындық пен қиял, миф пен дерек қатар қолданылып, оқырманды ойлануға мәжбүрлейтін шығармалар туды. Алдыңғы буын классик жазушыларымыздың шығармаларында да постмодернистік элементтер кездесіп отырды. Бірақ бұл бағытты шын мәнінде, дамытқан буын – кейінгі толқын, әсіресе 2000 жылдардан кейінгі уақытта орта буын мен жас қаламгерлер елеулі үлес қосты. Бұл шығармаларда ұлттық сана, философиялық рефлексия, ирония, символизм және посткеңестік қоғамдық сана күйзелісі шебер суреттеледі.

Әдебиеттану ғылымында постмодернизмнің көркемдік эстетикасына тән жаңа бағыттар мен көркем әдістерді саралау қазіргі қазақ прозасының даму үдерісіндегі өзекті мәселелердің бірі саналады. Соның ішінде, поп-арт, сонористика, алеаторика, хэппенинг сияқты эстетикалық тенденциялар әдебиеттегі жаңашылдықтың айқын белгілері ретінде танылады. Бұл бағыттар қаламгерлер шығармашылығында жаңа форма мен мазмұн әкеліп, көркемдік әлемді өзге қырынан тануға мүмкіндік береді.

Поп-арт – постмодернизмнің басты көркемдік әдістерінің бірі ретінде заттық әлемді эстетикаландыруды көздейді, яғни бұқаралық тұтыну мәдениетіне тән қарапайым заттар поэтикалық мәнге ие болып, шығарма кеңістігінде символдық сипат алады. Дидар Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» повесіндегі «қызыл күрең бояуы оңған үлкен ағаш төсектің» бейнесі – поп-арт үлгісіндегі заттық эстетиканың айқын көрінісі. Бұл төсек тек жиһаз ғана емес, өміріндегі опасыздық пен күйреудің символына айналады. Осы арқылы зат өзінің бастапқы қызметінен ажырап, поэтикаланған объекті ретінде шығарма құрылымына енеді. Бұл – поп-арттың негізгі принципіне сәйкес келетін көркемдік трансформация.

құрылған. Түс – уақытша иллюзия, ал ояну – шындыққа оралу, қайырымсыз құрылым құрсауынан құтыла алмайтын постадамның трагедиялық болмысын паш етеді. Мұндай шығармада сюжет желісі сызықтық сипатта емес, кездейсоқтық негізінде өрбиді, бұл – алеаториканың басты ерекшелігі.

– Жалпы, осы бағыт әдебиетімізде расымен бар ма? Әлемде осындай түсінік кеңінен сөз болып жатқандықтан қазақ туындылары да сол бағытқа икемдеу белең алып кеткен жоқ па?

– Қазақ әдебиетінде постмодернизмнің эстетикалық тенденциялары – шетел әдебиетінде туып, кейін жаһандық мәдениет аясында кең таралған бағыттардың бірі ретінде қарастырылса да, бұл бағыттың қазақ әдебиетіне енуі сыртқы ықпалдың әсерінен ғана емес, ішкі әдеби-мәдени сұраныстың негізінде жүзеге асып жатыр деп пайымдаймыз.

Қазіргі таңда әдебиеттану ғылымында түрлі бағыттар мен ағымдарды саралау барысында жиі туындайтын мәселенің бірі – сол бағыттардың, шын мәнінде, ұлттық әдебиетте қалыптасқан ішкі қажеттілікпен пайда болуы ма, әлде сыртқы әдеби-теориялық ықпалдың әсерімен енгізілуі ме деген сұрақ. Бұл – қазақ әдебиеті үшін де өзекті. Соңғы онжылдықтарда, әсіресе тәуелсіздік кезеңінен кейін, постмодернизм, феминистік әдебиет, деконструкция, экокритицизм секілді ұғымдар мен бағыттар отандық әдебиеттануға да ене бастады.

Қазақ әдебиеті де өзге елдердің әдебиеті секілді ағым, бағытқа ілесіп, өзіне жаңашылдықтарды қабылдауда. Қазақ әдебиетінде көптеген әдеби бағыттар мен ағымдарға тән белгілер ежелгі және дәстүрлі мәтіндердің өзінде-ақ байқалады. Мысалы, постмодернистік поэтика деп танылып жүрген ойын, интертекстуалдық, пародия мен ирония элементтері Махамбет пен Абай шығармаларында да ұшырасады.

Қазіргі әдебиетіміздің мазмұндық жағы да, құрылымдық жағы да мүлде өзгеше. Бір қарағанда көлемі жағынан шағын болғанымен, автор айтар ойды түрлі жолдармен жеткізеді. Нақтырақ айтар болсақ, әдебиетімізге жаңа леп алып келген

Дәурен Қуат, Дидар Амантай, Мәдина Омарова, Әлішер Рахат, Сафина Ақтай секілді авторлардың шығармаларынан поп-арт эстетикасы мен постадам бейнесі көркемдік тұрғыда айқындала бастады. Бұл – шетелдік теорияны қазақ мәтініне икемдеу емес, керісінше, қазақ прозасындағы жанашылдықты түсіндіру үшін қолайлы тәсіл, яғни біз әлемдік түсінікті жай ғана көшіру емес, оған ұлттық көркемдік шындықты сіңіру арқылы қолданудамыз.

Демек, қазақ әдебиетіндегі постмодернизм – тек шетелдік ықпалдың әсері ғана емес, отандық әдеби үдерістің ішкі қажеттілігінен туған эстетикалық құбылыс. Бұл қазақ прозасын қолдан өзгерту емес, осы бағыт арқылы қазіргі заман шындығын бейнелеуге, рухани дағдарысты суреттеуге тырысқан қаламгерлер шығармашылығының заңды жалғасы деп бағалауымыз керек. Оқу құралында талданған мысалдар мен ғылыми тұжырымдар бұл бағыттың ғылыми негізделгенін, жүйелі дамып келе жатқанын дәлелдейді.

– Дүниежүзілік әдебиетте постмодернистік үрдіс қалай жүріп жатыр?

– Біз зерттеу еңбегіміздің басында атап

нестік үрдістердің сипаты, ең алдымен, жанрлық және стильдік плюрализмде, мәтін ішілік ойын мен интертекстуалдылықта, сондай-ақ шындық пен қиялдың арасындағы шекараның жойылуында көрініс табады. Көптеген қазіргі заман қаламгерлері өз шығармаларында классикалық постмодернизмнің элементтерін (*ирония, пастиш, пародия, меташиғырма, сана ағысы, хроноптоптың бұзылуы т.б.*) сактай отырып, оларды әлеуметтік, философиялық және технологиялық жанашыл мәселелермен ұштастырып, жаңа көркемдік деңгейге көтереді.

Мәселен, Харуки Мураками шығармаларында реалдылық пен ирреалдылықтың қосарлана бейнеленуі постмодернистік конвенциялардың заманауи формаларын көрсетеді. Оның кейіпкерлері сыртқы әлемге тәуелсіз, өз ішкі лабиринтін кешіп жүрген тұлғалар ретінде көрінеді. Ал Дон Делилло мен Томас Пинчон сияқты америкалық қаламгерлер постмодернизмді тіл мен дискурс арқылы шындықты жанаша танудың құралы ретінде қолданады.

Сонғы жылдары әдебиетте постмодернистік сипаттармен қатар, постпостмодернизм немесе «метамодерн» сияқты жаңа бағыттардың да қалыптаса

тенциялық дағдарысқа ұшыраған адам. Оның әрекеттері көбіне мағынасыз, ал ішкі дүниесі – парадоксқа, ирония мен абсурдқа толы.

Мысалы, Дидар Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» повесіндегі кейіпкер дәстүрлі қаһармандардай шындық үшін күреспейді, оның шындығы – өткен мен бүгіннің арасында адасып жүрген, ішкі жанайқайы сыртқа шықпаған, өмірдің мағынасыздығына мойынсұнған тұлға. Ал Әлішер Рахаттың «Үздіксіз әуез» әңгімесіндегі қыз кейіпкер – шынайылықтан алыстап, өмірді тек тұтыну, рақаттану деңгейінде қабылдайды. Бұл кейіпкердің тұла бойынан экзистенциалдық күйзеліс, мәңсіздікке бойұсынғандық аңғарылады.

Постмодернистік кейіпкердің тағы бір ерекшелігі – оның тілдік, стильдік тұрғыда «ойынға» негізделуі. Ол өзі туралы әңгімені ирониямен жеткізеді, кейде автордың да орнын басып, өзін «мета-дәрежеде» сипаттайды. Осы арқылы ол «тұтас тұлға» ұғымын күйретіп, адам болмысының күрделілігі мен қайшылықтарын көрсетуге тырысады.

– Шығарма мен автор арасындағы байланыс туралы айтып көрсеніздер?

– Әдебиеттану ғылымында шығарма мен автор арасындағы байланыс – шығарманың көркем табиғатын тануда маңызды мәселелердің бірі. Бұл мәселе әсіресе қазіргі әдебиеттанудың жаңа бағыттары, соның ішінде, постмодернизм поэтикасын зерттеу барысында да өзекті. Кез келген көркем шығарма – автордың дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі, сезімі мен ішкі ой-санасы арқылы туған көркем шындық. Автор кейіпкерлер арқылы өзінің өмірге деген көзқарасын, ішкі қайшылықтарын, қоғам жайлы пікірін білдіреді. Постмодернизмде де дәл солай, автор ойы кейіпкерлер көзқарасы арқылы көрініс табады.

Біз оқу құралымызда автор «менін» оған өзге заттардың, өзге сыртқы құбылыстарын әсері есебінен ашуға тырыстық. Авторлық «меннің» постмодернизмдегі көрініс табу ерекшелігінің бірі – автор бейнесінің шығармадағы заттардың қатынасы есебінен ашыла түсуі, яғни заманауи әдебиетте автор өзін тікелей танытпай, қосымша детальдар, заттар, символдар, дыбыстар, ішкі монологтар арқылы бейнеленеді. Бұл – автор мен мәтін арасындағы нәзік байланыс түрі.

Оқу құралында постмодернистік туындылардағы автор мен мәтін арақатынасы жаңа қырынан қарастырылады. Автордың шығармада тікелей көрінуінен гөрі, жанама түрде, заттар әлемі, дыбыстық құрылым, кездейсоқтық, оқиғалар мен хаостың ішіндегі кейіпкер әрекеті арқылы берілуі қазіргі көркемдік жүйенің ерекшелігі ретінде түсіндіріледі. Мәселен, сонористика деп аталатын эстетикалық бағытта автор өзінің «менін» дыбыстар арқылы білдіреді. Бұл жерде автор мен шығарма арасындағы байланыс дауыстың ырғақтарымен, дыбыстық аяда өрбіген субъективті көңіл күймен көрініс табады. Автор бейнесі бұрынғыдай баршаға бағытталған насихатшы емес, ішкі үнін тек өзіне ғана немесе сана кеңістігіне бағыттайтын жұмбақ тұлға айналады.

Сол сияқты, поп-арт элементтері талданған бөлімдерде автор мен шығарма арасындағы байланысты заттық әлем арқылы пайымдауға болады, яғни автор өз ойын, ішкі толғанысын күнделікті өмірдегі тұрмыстық заттар арқылы бейнелейді. Бұл заттар бастапқы функциясынан ажырап, автордың ішкі әлемін жеткізетін поэтикалық символға айналады. Шығармадағы осындай заттық элементтер автордың өзі туралы, оның танымдық кеңістігі жайлы маңызды ақпарат береді

Постмодернизмде «автор өлді» деген атақты тұжырым бар (*Ролан Барт*). Бұл идея автордың жекебасына назар салмай, шығарманың өзінен ғана мән іздеуді ұсынады. «Шығарма өз бетінше өмір сүретін мәтін, ал автордың кім екені маңызды емес» деген пікір. Бірақ қазақ әдебиетінде, әсіресе дәстүрлі прозада автор мен шығарма тығыз байланыста.

– Әдебиеттегі келесі бағдар қандай деп ойлайсыз? Қандай негіздегі туындылар тууы мүмкін? Қандай шығармалар жазылуға тиіс?

– Қазіргі әдебиет үдерісінің даму бағытын бағамдау – болашақ рухани бағдарды, мәдени-эстетикалық көзқарасты танумен тең. Әдебиет – қоғаммен, адаммен, уақытпен тығыз байланысты жанды құбылыс. Сондықтан «әдебиеттегі келесі бағдар қандай болуы мүмкін?» деген сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, қазіргі әдебиетте жүріп жатқан бағыттар мен олардың ішкі эволюциясын ескеру қажет.

Оқу құралымызда жазылғандай, постмодернизмнің қазіргі қазақ әдебиетінде көркемдік-эстетикалық жүйе ретінде орныға бастағанын, онда поп-арт, сонористика, алеаторика, хэппенинг, соң-арт сынды эстетикалық бағыттардың белсенді қолданыла бастағанын көрсетеді. Осы бағыттарда қалыптасқан постадам бейнесі – уақыт пен сана күйзелісіне ұшыраған адам келбетінің көркем моделі. Ендігі әдебиет бұл постадамның ішкі арпалысы мен рухани күйзелісінен құндылықтарға қайта бет бұрған тұлғаның эволюциясына қарай ойысуы мүмкін. Бұл шартты түрде айтқанда, постпостмодернизм немесе метамодернизм бағытындағы ізденістерге жол ашады.

Құндылықтарды қайта іздеу – басты бағыттардың бірі болмақ. Постмодернизм дәуірінде күлкі мен иронияға, сенімсіздік пен күмәнға негізделген көркемдік модель енді адам мен қоғамның рухани жаңғыруына, таза сана мен шынайы сезімді іздеуге қарай ойысады. Демек, болашақ шығармалар постадамнан кемел адамға өту жолындағы ізденістерді бейнелеуі ықтимал. Сана кеңістігін көркемдік объектіге айналдыру күшейе түседі.

Оқу құралындағы сонористика мен алеаторика эстетикасы – авторлық «меннің» ішкі үніне назар аудартады. Бұл үрдіс болашақта автор мен кейіпкер арасындағы шекараларды одан әрі жойып, сананың ағысынан құралған шығармалар өмірге келуі мүмкін екенін көрсетеді. Уақыт пен кеңістіктен тыс тұратын, шынайы мен иллюзияны қатар өрген метафизикалық прозалар күшейе.


Жасанды интеллект, цифрлы сана, виртуалды болмыс тақырыптары жаңа әдебиетке арқау болады. Қазіргі заман технологиясы адам табиғаты мен болмысын түбегейлі өзгертіп жатыр. Сондықтан келешек әдебиетте киберпсихология, виртуалды тұлғалар, цифрлы жалғыздық тақырыбын қозғайтын шығармалар тууы заңды.

Оқу құралындағы постмодернизмге тән эстетикалық бағыттар – қазіргі әдебиеттің дамып келе жатқан кезеңін айқын бейнелейді. Алайда келешек әдебиет жаңа бағыттарға ұмтылып, рухани тұрақтылық пен гуманистік идеяларға негізделген шығармаларға бет бұруы тиіс. Қазіргі заман адамы енді ішкі күйзеліс пен сенімсіздіктен шаршаған. Сондықтан әдебиет оған сенім, үміт, рух, мағына сыйлай алатын, құндылыққа бағытталған жаңа туындыларды ұсынуы керек. Бұл әдебиеттің келесі кезеңінің басты миссиясы болмақ.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

ЖАН БІТІРЕДІ



бастағаны байқалады. Бұл жаңа үрдістер постмодернизмнің ирониясы мен скептицизмінен кейінгі кезеңде эмоция, шынайылық, адамгершілік, үміт пен сенім сияқты құндылықтарға қайта оралу тенденциясын байқатады. Десе де бұл бағыттардың да түп негізінде постмодернистік көркемдік формалар мен идеялар жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе тұрмыстық заттарға символдық мән жүктеу, дыбыстың поэтикалық рөлін арттыру, кездейсоқтықты сюжет түзу тәсіліне айналдыру, кейіпкерді оқиғаның белсенді мүшесі емес, бақылаушы немесе ойыншы деңгейінде көрсету қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік белгілерінің біріне айналған.

– Әдебиетіміздегі постмодернистік кейіпкерлер легі нендей сипатта? Басқа бағыттағы образдардан қандай өзгешелігі бар?

– Қазіргі қазақ әдебиетінде постмодернистік бағыттың белсенді өріс алуымен бірге, осы бағытта қалыптасқан жаңа типтегі кейіпкерлер – постмодернистік тұлғалар легі пайда болды. Бұл кейіпкерлер дәстүрлі реалистік немесе модернистік сипаттағы қаһармандардан дүниетанымы, болмысқа қатынасы, әрекет ету тәсілі мен ішкі құрылымы жағынан түбегейлі өзгеше. Постмодернистік кейіпкер – заманауи қоғамдағы тұлғалық бөлшектенудің, рухани бос кеңістіктің, мәдени белгісіздіктің көркем бейнесі.

Қазақ әдебиетінде постмодернистік кейіпкердің қалыптасуы – жаһандық әдеби процесстермен үндестік нәтижесі ғана емес, сонымен қатар кеңестік жүйеден кейінгі өтпелі кезеңнің рухани-идеялық күйзелістеріне берілген көркемдік жауап. Бұл кейіпкер – «постадам», яғни болмысын жоғалтқан, өмірдің мәнін нақты айқындай алмайтын, тұрақты дүниетанымнан айырылған, өзімен де, қоғаммен де келісе алмайтын тұлға.

Постмодернистік кейіпкердің басты ерекшеліктерінің бірі – тұрақсыздықтары. Ол батыр да емес, моральдық ұстанымы берік үлгілі адам да емес. Керісінше, ол – ақиқат пен жалғанның арасындағы шекараны ажырата алмайтын, кездейсоқтыққа тәуелді, көбіне психологиялық күйзеліс немесе экзис-

өткендей, постмодернизм ХХ ғасырдың екінші жартысында екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі рухани күйзеліс пен құндылықтардың күйреу дәуірінде пайда болды, кейін Батыс мәдениетінде жасырын түрде көрініс тапса, бүгінгі таңда барлық ұлттың әдебиетіне еніп үлгерді. Қазіргі постмодернистік әдебиет жаһандану мен цифрлық дәуірдің ықпалымен дамып жатыр. Ғалым Юрий Боревтің пікірінше, постмодернизм – тұтас бір көркемдік дәуір. Ол қоғамдағы саяси-әлеуметтік сілкіністерге, мысалы, Корея мен Вьетнам соғыстары, Берлин қабырғасының құлауы, КСРО-ның ыдырауы сияқты оқиғаларға байланысты өрбиді.

ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасқан постмодернизм қазіргі таңда да әлем әдебиетінде маңызды көркемдік-эстетикалық бағдар ретінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі таңда постмодернизм жаңа кезеңге аяқ басып, өз шекарасын кеңейтіп, басқа да бағыттармен тоғыса отырып, әдеби процессте жаңа мазмұн мен формалардың тууына жол ашып отыр.


Қазіргі әлем әдебиетіндегі постмодер-

Романдардың дамуы, көркемдік тұрғыдан пісіп-жетілуі кезеңдерінде елеулі рөл атқарған қаламгерлер жетерлік. Дегенмен әлемдік деңгейдегі жалпыадамзаттық ортақ құндылыққа айналған роман жанры туралы сөз болғанда америкалық қаламгер Уильям Фолкнердің есімі міндетті түрде аталады. «Заманауи америкалық романды дамытуға қосқан елеулі әрі көркемдік тұрғыдан бірегей үлесі үшін» 1949 жылы Нобель сыйлығын еншілеген қаламгерді 2012 жылы өзі секілді Нобель сыйлығына ие болған қытайлық Мо Яньмен байланыстыратындар жетерлік. Газет оқырмандарының назарына ұсынып отырған әдебиет зерттеушісі, қытайтанушы Дарима Цыренованың төмендегі зерттеу мақаласында осы тақырып кеңінен сөз болып, Уильям Фолкнердің Мо Янь шығармаларына нақты ықпал еткен тұстары толықтай ашып көрсетілген.

XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап, Қытайдағы әдеби тіршілік күтпеген жерден жандана бастады. Әдебиеттің сол тұстағы әр басқан қадамы қоғам талқысына түсіп, қызу пікірталастарға түрткі болып, жазушылардың жазған-сызғандары сан-сапат оқырман қауымының айырықша назарын аударды. Енді ғана жазып бастаған кез келген жас автор оқырманға ой саларлық қоғамдық мәселені өз шығармасында тілге тиек етсе «құрметті жазушы» деуге тұрарлық «сол күннің қаһарманына»

Мо Янь шығармаларына қатысы туралы толығырақ айтпақпыз.

Қытайдың Шаньдун аймағына қарасты Гаоми ауданындағы қыстақтың сабан шатырлы лашығында дүниеге келген Мо Яньды туып-өскен ортасы тіптен бөлек Миссисипи штатындағы америкалық егістік иелерінің ұрпағы Уильям Фолкнермен салыстыратыны қызығушылық тудырмай қоймайды. Дей тұрғанмен, өнер дейтініміздің өзі — осы. Адамзаттың шығармашылық аңдауы мен



МО ЯНЬ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ УИЛЬЯМ ФОЛКНЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

айналып шыға келді. 80- жылдарға дейін қытай жазушылары «жабық есік саясаты» қоғамында өмір сүріп, Батыс әдебиетінің жетістіктерінен хабардар бола алмағаны белгілі.

Алайда кейінгі «ашық саясат» реформасы арқылы Қытайда шетел әдебиеті үшін есіктер айқара ашылды. Батыста баяғыдан танымал Джойс, Камю, Сартр, Хемингуэй, Кафка, Маркес, Кундерра, Томас Манн, Ромен Роллан, Беккет, Андре Жид, Роб-Грийе т.б. жазушылардың шығармаларының тәржімалары жарияланып, олар қытай авторларының өзіне қызығушылығын оятып, оларға, шын мәнінде, терең әсер қалдырды. Тұтастай онжылдық ағымында (80–90 жылдары) Қытай жазушылары қаптап кеткен шетел әдебиетіне құмартып, алғашында санасып, ақыр аяғында өздері Батыс авторларына еліктеу арқылы шығармашылық жасап жатқаны сезінбеді. Дәл сол уақытта қытай әдебиеті өздеріне тағылған «саясат қолшоқпарлары» деген танбаны өздерінен жұлып тастап, белгілі бір деңгейде ішкі және шығармашылық еркіндікті іздеп тапты.

Қытайдағы көркемөнерді түбегейлі өзгертуді талап еткендердің, яки өздері туралы 1985 жылдары жаңғырық тудырып, гүлденуі 1987–1988 жылдары болған әдеби ағымның алғашқы тобының пайда болуы да шетел әдебиетімен тікелей байланысты. Ағымның негізін балалық және жастық шағы «мәдениет төңкерісі» кезеңіне, ал алғашқы шығармашылық қадамдары Батыс әдебиетіне аса бір қызығушылық дәуіріне тап келген жас жазушылар құрады. Көркемөнерді түбегейлі өзгертуді талап еткен жазушылардың атактыларының бірі Мо Янь (шын аты Гуан Мое) еді. Өз туындыларының Мо Янь секілді өз Отанында ғана емес, шетелдерде де танымалдылыққа ие екенімен заманауи қытай авторларының тек саусақпен санарлығы ғана мақтана алады.

Десе де Мо Янь өз шығармашылық жолының бастапқы кезеңінде өз туындыларына үлкен ықпал еткен Уильям Фолкнер мен Габриэль Гарсиа Маркестің шығармаларымен таныспағанында, мұндай табысқа қол жеткізуі мүмкін емес те еді. Сыншылардан бөлек, автордың өзі де қатарында Гоголь, Свифт, Рабле, Борхес, Патрик Уайт бар әлем әдебиеті классиктерінің өз шығармашылығына тигізген ықпалы туралы бұған дейін бірнеше мәрте атап өткен. Дегенмен Мо Янь әрбір автобиографиялық эсселері мен сұхбаттарында аталмыш екі жазушының есімін қалдырмай жиі айтып отырды. Оқырманға көлденең тартып отырған осынау дүниемізде дәл сол Фолкнердің

ішкі әлемінің түсінігі мекен мен уақыттың тұтастығын қажет етпейді. Адамдардың сезімдерінің ең жоғарғы қабатқа жетуі — нәсілдердің мәдениеті мен өнерінің өзара алмасуына әкеледі. Өнер — сөзсіз, адамның туындысы. Мейлі, ол қытай әдебиеті, мейлі, Батыс әдебиетінде болса да, адам жасаған көркем бейнелер қашан да шын өмірдің тура және жанама суреттері.

Мо Янь мен Уильям Фолкнердің шығармашылық жолдарында ұқсас тұстар көп. Сонымен қатар бұл жазушылардың шығармашылығын «ерте кезең» (ізденіс кезеңі) және «әдеби көзқарас кезеңі» деп екіге бөлуге болады. Тіпті Мо Яньның ерте кезең шығармашылығы бұлдыр, анық емес. Автордың ертеректегі жазбаларынан өзін іздеуі, өзіндік жазу мәнері мен әдеби тілін қалыптастыруға тырысуы, кейінгі жазушылық шеберлікке алып шығатын бағытын іздеуі байқалады. Мо Янь өткен ғасырдың 70-жылдары, яғни «таңбалар әдебиеті» қытай әдебиетінің алға сүйреуші күші болып тұрған шақта жазып бастады. «Қоғамдық-саяси тақырыптарды батыл қозғайтын, ішкі сезімдерін шынайы ақтарып салатын, қытай халқының өмірінің тұманды жақтарын батыл ашатын» бұл қозғаушы күш қытай әдебиетіне кенеттен, оның үстіне тыйым салынған «мәдениет төңкерісі» кезеңінде келді. Бірақ сонда да әдебиеттің мақсаты — дәстүрлі шындық тұрғысындағы тәсілдер арқылы партия мен халықты мадақтау болып қала берді. Мо Яньға да сол қабылданған үлгіден арылуға мүмкіндік болмады. Алғашқы кездегі «Көктемнің түнгі нөсері» (1981), «Мақталы жол» (1983), «Халық әуені» (1983) шығармаларында Мо Янь үйреншікті идеологияға, «адамдарды істеріне қарап бағалайды» деген дәстүрлі түсінікке келуге тырысады және адамның сұлулығы мен оның ішкі сезімдерін жырлайды.

Осы жылдары жазылған Фолкнердің «Әскери марапат» («Soldiers' Pay», 1926) және «Масалар» («Mosquitoes», 1927) романдары сондай шынайы. Онда бірінші дүниежүзілік соғыс пен «джаз дәуірінен» өткен буынның психологиялық кескіні бейнеленеді. Бірақ Фолкнердің бұл романдары бар-жоғы сол уақыттағы өзекті мәселелерге үстірт әрі шұғыл берген жауабы ғана. Бұл тұста Фолкнер әлі өзінің тақырыбын таба қоймаған, шығармашылығы замана ағымындағы көркемдік атмосфераның жетегінде кеткен еді. Осы себептен де оның жазғандарынан ұмытылып кететін уақытша кейіпкерлер, ойдан құрастырылған құмарлықтар мен даңғойлыққа ұрынған стиль байқалып тұрды. Романдарынан суреткердің мықты қолтаңбасы сезіледі. Бірақ оған әлі де сыртқы әсерлер мен еліктеу-солықтау-

лардың кедергі келтіріп отырғаны көзге ұрып тұратын. Соған қарамастан, ол образдарды бейнелеуге, оларды табиғи, жанды әрі оқырманды иландыратындей сенімді етіп жасауға тырысқан.

Мо Янь өзінің сөйлеген сөздерінің бәрінде де Фолкнер шығармашылығындағы «Шу мен ашу» (1929) романы және оның өзіне ықпалы хақында айтпай кеткен емес. Қытайлық жазушы автордың бұл романын 1984 жылы алғаш қолына алған, содан бері Фолкнер Мо Янь үшін сүйікті жазушы, ал оның өмірі даңқты үлгі бола бастаған. Мо Янь Фолкнермен рухани туыскандасып, оның әдебиеттегі адымдарына таңғалып, оған еліктеп, сол секілді биіктерді бағындыруға талпынды. Бірақ Фолкнерге еліктеу аса қиынға соқты. Мо Янь өзінің «Халіңіз қалай, Фолкнер ағай?» атты эссесінде «Маған Фолкнер: «Жазушы өтірікті шімірікпей айта алуы керек, тек романдарды ғана ойдан құрастырып қоймай, сонымен қатар сол ойындағы өтіріктерден өзінің жеке тарихы мен өмірбаянын да жасауы керек», — деп айтты. Оның үстіне ол маған «жазушы болғысы келген адам думанды қаладан аулақ болып, өз туған мекенінде ірге тебуі керек» деу арқылы, бір түп ағаштың топыраққа терең тамыр тартатыны секілді, туған жерде тамыр жаю керегіне үйретті. Бірақ мен оның әсиетін бұлжытпай ұстанғым келгенімен, туған жерімде электор жарығы жиі өшіп қалатындықтан әрі ол жерде қыста жылу жоқ болғандықтан мен осындай ауыртпашылықтар мен қиындықтардан қорқып, ол жаққа әлі ат ізін сала алмаймын дейді.

Өзінің қаламгерлік жолының бастауында Фолкнер туған жерінің кіп-кішкентай ғана пошталық маркасы да көркем шығарма жазуға тұратынын, ол туралы жазу үшін бір ғұмырды түгесу де аздық ететінін түсінді. Соның арқасында ол адамдардың жанын, өзінің жеке әлемін аша алды. Америкалық жазушының ойынан шығарылған Иокнапатофа аймағы (орталығы Джефферсон қаласы) Мо Яньның жеке әдеби патшалығын (Гаоми ауданын құруына шабыттандырды. Мо Яньның өз айтуында, Фолкнерді оқу арқылы ол «жердің белгілі бір айқын нүктесіне табан тіреп, қаза бастау керегін және сол арқылы «ғарыштық әуеннің» кешіне билет алу керегін» түсіндім дейді. Шыннан кем емес, бірақ ойдан шығарылған ауданда Мо Янь өзінің оқиғалары мен адамдарын орналастыра бастады. «Жазушы тек қана кейіпкерлерді, тек қана оқиғаларды ғана ойдан шығармау қажет, географияны да қолдан жасау қажет», — деді Мо Янь тебіреніп тұрып.

Фолкнер өзінің ерте кезде жазған сыни мақалаларында өнердің «негізінен, про-

винциялық, яғни ол белгілі бір ғасыр мен нақты бір өңірден тікелей тамырын тартады деп санайтынын» айтқан әрі америкалық болмыс «драмалық шикізаттардың сарқылмайтын қорынан» тұратынын баяндаған болатын. Ол шығармаларында өзінің бүге-шігесіне дейін жақсы білген дүниелері туралы ғана жазды, яки туған, өмірінің үлкен бөлігі сонда өткен туған жері туралы қалам тербеді. Фолкнер секілді Мо Янь да көркем қиялын «Қызыл гаолян» (1986), «Сандал ағашының азаптары» (2001), «Сарымсақ жыры» (1988), «41 бомба» (2003) және «Шарап елі» (1990) секілді романдарына айналдырып отырды. Қызыл гаолян, диқанды дала, бөгетті өзен, Гаомидің жабайы жуасы — бәрі-бәрі оған бала кезінен соншалықты таныс дүниелері еді.

Мо Янь өзінің кішкене отанына шексіз риза, ол үшін жаны мен жүрегін береді, бұған «Мен кеудемнен соя сінген жүрегімді жұлып алып, ұсақ кесектерге турап, оны ыдысқа жайып қойып, гаолян даласына көтеріп шығамын. Жер бауырлап жатып: «Сіздерге саулық тілеймін! Саулық тілеймін!» деп айкай саламын» дейтін «Қызыл гаолянын» беташар сөзі дәлел.

Ол Гаомиді түрлі оқиғалар мен іс-әрекеттерге, кәрікұлақтар мен көне-көздерден естіген ғажайып аңыздарға толтырады. Ол жазатын жабайы рулық қауымдар мен орындар ерекше эстетикалық, поэтикалық құндылықтарымен ерекшеленіп тұрады. «Мен туған жерімде ауыздан-ауызға жетіп отырған көп әңгімелерді естідім. Жер жырттып жүрген шаруалар дем алатын уақыттары болып, тастарға жайғаса-жайғаса кетіп, әртүрлі әңгімелерді айта бастайтын. Біреуі 1937 жылы дәл осы жерде жапон әскері ауыл тұрғынын өлтіргенін немесе керісінше болғанын, әрі оқ өзі арқылы, асқанға үлкен саньлаулы тесік қалдырып өткенін айтуы мүмкін. Келесі күні басқа шал оны басқаша баяндауы мүмкін т.с.с. Әр айтылғанында, бұл оқиғаға жана бір бояу қосылып отырады. Неғұрлым көп айтылған сайын, соғұрлым құнды бола түседі әрі кейіпкерлердің бейнелері де айшықтала түседі. Бірте-бірте бұл оқиға мифке айналады». Аңыздың осындай ауызша әрі бай формасынан қытайдың «магиялық реализмі» пайда болды. «Магиялық реализмнің» отаны — Латын Америкасы, осы бағыттың көрнекті өкілі — Габриэль Гарсиа Маркес екені бәріңізге белгілі. Мо Янь Фолкнерді ұстазым әрі шабыттандырушым деп айтудан жалықпайтыны секілді, Маркес жайлы да көп айтады.

Егер Фолкнер үшін ұрпақтардың тағдыры әкелерінің күнәларына байланысты болса, ал Мо Янь үшін ата-балалардың жабайы сексуалдық ойыны

— бұл, кейінгі ұрпақтың мақтаныш көзі. Жазушы бабалар алдында тізесін бүгеді, өткен ата-бабалардың қазіргі заманғы ұрпақтан басымдылығы туралы сезінуі «Қызыл гаолян» романында жарқын бейнеленеді: «Сол түстік-шығыс Гаоми әлемдегі ең қасиетті әрі жемқорлығы асқан, әрі батырлығы тасқан, әрі ұятын ашқан, шектен тыс ішетін хәм шектен тыс сүйетін жерекенін ойлап көрмеймін. Сонда тұрған менің әкемнің ұрпақтары, ұнатпаса да гаолян жейтін, сонда да оны барлық жерге көптеп егетін. Кейінірек күзде, сегізінші айдың ішінде, қызыл гаоляның егін даласы қан теңіз секілді қып-қызыл болып, күнге шағылысып жататын. Биіктік пен беріктік, салқындық пен талғампаздық, адамды еліктіретін құмарлық пен сүйіспеншілік, барлық ұлылық содан таралатын. Онжылдықтар бойы, бейне бір-ақ сәттегідей қызыл фигуралардың көлеңкелері тігін машинасының қайығындай болып адамзат тарихының алып материясына тор құру арқылы гаолян сабағының арасынан жүгірді. Олар өлтірді, тонады және өз жерін қорғады, жан балқытатын балет билегендей бізді, рақметі жоқ, қайырымсыз, жерлерін басып отырған бізді көлеңкесінде қалдырды. Қарқынды дамып келе жатқан әлемде өмір сүре тұрып, мен кері кетіп бара жатқан адамзаттың шынғырған дауысын естимін».

Фолкнер шығармашылығын зерттеуші Клинт Брукстың сөзінше, бұл америкалық жазушының ұлылығы адамзаттың моральдық болмысын анықтайтын өткен және бүгінгі қоғамдық күштерге берген бағалауында жатыр. Ол бұл мақсатқа, әсіресе АҚШ-тың онтүстігіндегі нәсілдік және таптық күресті бейнелеу, фольклор мен романтикалық көзқарастарды шебер пайдалану арқылы жетеді. Мұның бәрі ХХ ғасыр басындағы роман жанрының талаптарына толық сай келеді. Фолкнер әдеби шығармашылығы модернизм мектепке жатқызылатын заманауи жазушы болғанымен, оның туындыларының негізгі бастауы — халық шығармашылығы. Ол оны бала кезінде жергілікті аншылармен бірге от басында отырып немесе шағын ауыл үйлерінде тұрақтаған кезінде бойына сіңірген. Қатан дәстүрлер мен шекаралар үстемдік еткен өңірден шыққан ол — рухы мүлде тың, жаңаша туындылар тудырған қаламгер. Көптеген әдебиет сыншысы Фолкнерді қарабайыр жазушы немесе мистик жазушы деп жатады, оның үстіне өз шығармашылығында реализм мен романтизмнің шегін шебер ұштастыратын, шығармашылығы жан-жақты бағытты алып жүретін автор деп сипаттайды.

Фолкнердің өзі де бірнеше мәрте өзінің шығармашылығында белгілі бір мекен мен нақты адамдарды сипаттай отырып, жалпыадамзаттық, әмбебап мәселелерді қозғау керек деген қағиданы ұстануға тырысқанын айтқан. Осы тұрғыдан алғанда, оның шығармаларында халықтық шығармашылық дәстүрлерінің шебер қолданылуын түсіну қиын емес. Бұл дәстүрлер жазушыға уақыт, жады мен адам болмысы сияқты ұғымдарды ашуға көмектеседі. Мүмкін, дәл осы себептен Фолкнер аймақтық шеңбер мен романтизм, реализм мен натурализм шекарасынан шығып, халықаралық деңгейдегі қаламгерге айналды.

Фолкнер шығармашылығының әмбебап бағыты мен әдебиетке деген осындай көзқарасты Мо Янь де ұстанады, сондықтан бұл екі авторды салыстыра қарастыруға толық негіз бар. Мо Янь шығармаларын зерттегенде, оның да қарапайым әрі мистикалық жазушы екені қызығушылық тудырады: ол адам баласының алғашқы табиғи тілектері мен сезімдерін сипаттай отырып, шарапка, қызыл гаоляна, бидайға немесе сексуалдық ойындарға мистикалық реңк береді. Сонымен бірге Мо Янь бұл қарапайым тілектер мен аңыз-әпсаналарды тек өзіне ғана тән қытайлық әсемдікпен бейнелейді. Оның шығармаларындағы халықтық дәстүрлер астарынан біз жазушының «рухани үйін» көреміз.

Фолкнердің жазғандарындағыдай Мо Янь шығармашылығы да зұлымдыққа толы. Дегенмен бұл жерде Мо Янь америкалық жазушының «маңызды бір шындықты айту үшін зұлымдықты қолдану керек болады. Кейде адамды түзеу, өзгерту үшін оған зұлымдық туралы еске салу қажет. Егер жазушының қандай да бір миссиясы болса, ол — дүниені өзінен кейін аз да болса жақсы кейіпте қалдыруға үлес қосу. Бұл — осы жайлы нәрселерді сипаттау арқылы емес, адамның ішкі арамдығын, жасай алатын зұлымдығын, сол зұлымдығы үшін өзін жек көретін қасиетін көрсету арқылы іске асады» деген пікірін толықтай қолдайды.

Мо Янь өз баяндауларында уақыт

ағымымен шебер ойнайды, әңгімелерді сана ағыны арқылы өрбітіп, баяндайды, бұл тұрғыда авторға Фолкнердің айқын әсерін көруге болады. Фолкнердің «Шу мен ашуында» бір уақыт қайталанып отырады әрі баяндау әртүрлі уақыт пен кеңістікте орын алады. Жан Поль Сартр айтқандай: «Шын Фолкнер аса қауіпті. Ол бізге ұры секілді жақындап келеді де, ғайып болады». Фолкнер баяндауды сана мен оның үзкітеріне бөліп береді, бұл оқырманға мәтінді өзінше өріп, өз желісін құруына мүмкіндік береді. Бұл модернистік жүрісті Мо Яньның «Ақ мақта» (1991) жинағындағы «Сенің тәртібің бізді қорқытады» әңгімесінен сезуге болады, мұнда автор халық өңдерінің орындаушысы Лю Лицудин өткен өмірінде де, қазіргі уақытта да басынан өтіп жатқан оқиғаларды, бас кейіпкердің уайымы мен шырғалаңын баяндау арқылы бір уақытқа орналастырып отырады.

Мо Яньның әлемді қабылдауы Фолкнердікімен ұқсас, оны «машинада артқа қарап отырғанда, айналасында пішінсіз көлеңкелер пайда болып, жарық тілімдері мен ауа тербелістері болып жататын, тек алға қарағанда ғана шынайы өмірдің нақты көрінісін қабылдайтын» адамға ұқсатуға болады.

Көптеген сыншыны, Фолкнер және басқа да жазушылар, атап айтқанда, Мо Яньдер неге абсурдты, яки мағынасыздықты таңдады деген сауал мазалайды. Бұл құбылыстың себептерін қазіргі өмірдің әлеуметтік жағдайларынан іздеу керек сияқты. Өзгерістерді бастан кешіріп жатқан қоғамда абсурдтық элементтер өте көп болады. Абсурдтың осындай белгілерін Мо Яньның «Шарап елі» (1990) романынан анық көруге болады. Бұл шығарма — қиял мен фантазияға толы, сюрреалистік шығарма ғана емес, сонымен қатар құлдырауға бет алған қоғамның жан түршігерлік ықпал-жықпалдарына қысқа ғана көз тастау іспеттес. Мо Яньның екіұштылыққа бейімділігі мен шынайы дүние мен қиялды әдейі араластыру тәсілі «Шарап елінде» айқын көрініс табады. «Мен қоғамның көлеңкелі тұстарын жазамын, жемқорлық секілді қауіпті құбылыстарды жазамын, бірақ көп оқырмандар мұны сандырақ деуі мүмкін». Бұл екі ұштылық, екі ойды қатар алып жүру жай ғана әдеби тәсіл емес, қазіргі өмірдің белгісіздіктері мен тұрақсыздықтарының көрінісі. Біз, бізді қоршаған нәрселердің қаншалықты шын, қаншалықты жасанды екенін білмейміз.

Мо Янь шығармаларында абсурдты бейнелер мен оқиғалар өзіне тән сиқырлы, тіпті ерекше бір көркем сұлулыққа ие. Мысалы: «Кенеттен біз терісі қызыл, үстіндегі киімі де қызыл әйелдің отқа қарғығалы тұрғанын көрдік. Ол омырауын ашып, қызыл көбелек секілді жанып жатқан жалынға түсіп кетті. Бірақ, мүмкін, ол көбелек те болмаған шығар, бәлкім, тауық болған шығар... Біршама уақыт өткен соң мен қуырылған тауықтың хош иісін сездім».

Қытай әдеби сыншылары Мо Янь шығармашылығынан модернистік ұмтылыстарды байқайды. Мәселен, кейбіреулері Мо Яньды оқи отырып, жаңа әрі қиын әдеби түсініктерді кездестіретінін, қысқаша айтқанда, ол жасаған көркем бейнелер мен формалар қытай әдебиетінде айқын ерекшеленетінін алға тартады. Егер біз, Мо Янь шығармаларында Фолкнер мен Гарсиа Маркес секілді жазушылардың ықпалын ескере отырып, әдебиет тұрғысынан неғұрлым кең қарасақ, неге оның кейіпкер бейнелерін метаморфозамен ұштастыратынымызды түсінер едік.

Жоғарыда айтылғандар Мо Яньның бүкіл шығармалары Фолкнер әсерінен туған деген сөз емес, әрине. Фолкнердің әсері, ең алдымен, қытай жазушысының өзіне тән шығармашылық жолын табуына көмектесті. Бұл диалог көпірі бір жағынан, әсер мен сіңіру арқылы, екінші жағынан, шығармашылықтың тоғысуы мен шабыт арқылы құрылады, мұнда басым рөлді соңғысы атқарады. Мо Янь Фолкнердің стиліне, баяндау өнеріне таңдана қарайды, бірақ соған қарамастан, өз жолымен жүреді, өз бағытын ұстанады.

Ол шығармашылыққа қатысты төрт негізгі ұстанымды айқындап алған:

Бірінші — өз шығармашылық көзқарасын қалыптастыру. Екінші — өзі туған өлкенің терең қатпарларын ашу. Үшінші — өз кейіпкерлер жүйесін дамыту. Төртінші — өз баяндау стилін жетілдіру.

Осы қағидаларды ұстана отырып және Фолкнердің шығармашылық тәжірибесіне сүйене отырып Мо Янь көркемдік деңгейі жоғары туындылар жазып, қазіргі қытай әдебиетінің жетекші тұлғаларының біріне айналды.

Аударған Еділбек ДҮЙСЕН

АТАМҰРА ӨНЕР ЕУРОПА ТӨРІНДЕ



17 мамырда қазақ пен қырғыз халықтарының ортақ мұрасы саналатын бірегей өнердің адамзаттың материалдық емес, мәдени мұрасы тізіміне енгізілуінің 10 жылдығына орай, Париждегі ЮНЕСКО бас пәтерінде тұңғыш рет халықаралық айтыс өтті.

Іс-шараның ашылуында Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының ЮНЕСКО жанындағы тұрақты өкілдері Аскар Абдрахманов пен Садық Шер-Нияз құттықтау сөз айтып, айтыс өнерінің екі ел арасындағы мәдени көпір ретіндегі рөліне ерекше тоқталды.

Айтысқа қатысушыларға жолдаған құттықтау сөзінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов, «Айтыс — бағзыдағы бабаларымыздан бастау алған, ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатқан бекзат өнер» екенін, осы жиынның тұңғыш рет ЮНЕСКО сахнасында ұйымдастырылуы айтыс өнерінің әлемге танылғанын айқын көрсететінін атап өтіп, көрермендерге ерекше әсерге толы рухани азық, ал сандақ айтыскерлерге сәттілік тіледі.

Сондай-ақ Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеші төрағасы

Нурланбек Тургунбек уулының құттықтау сөзі де оқылды.

Тарихи айтыста Қазақстан мен Қырғызстаннан келген төрт-төрттен танымал ақындары әлемнің мәдени орталығында өз өнерлерін ортаға салды.

Аса жоғары деңгейде өткен төрт айтыстың жеңімпаздарын анықтау ашық дауыс беру арқылы өтіп, қазылардың бағалауы нәтижесінде, «қос бәйге» қағидасымен Гран-при жүлделері Айбек Қалиев пен Азамат Болгонбаевке, I орын үшін дипломдар Дидар Қамиев пен Ақматбек Султан уулу, II орын үшін дипломдар Мейірбек Сұлтанхан мен Амантай Кутманалиевке, III орын үшін дипломдар Абай Жолмағамбет пен Максат Кулуевке тағайындалды.

Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлованың атынан айтыс өнерін халықаралық деңгейде насихаттауға, түркі халықтарына ортақ мәдени мұраны ұлықтауға қосқан үлестері үшін Бөрібай Оразымбет пен Ақматбек Султан уулуға екі арнайы сертификат табыс етілді.

Ұйымдастырушылар осы игі бастамаға қолдау көрсеткендері үшін ЮНЕСКО хатшылығына, Қазақстан мен Қырғызстандағы серіктестерге, соның ішінде АМАНАТ саяси партиясына, барша ниеттес азаматтарға шынайы алғыстарын білдірді.

ӘСЕРЛІ КЕЗДЕСУ

Алматыдағы О.Таңсықбаев атындағы сәндік-қолданбалы колледжде ұлы ақын, ойшыл Абайдың туғанына 180 жыл толуына арналған әсерлі кездесу болып өтті.

жөнінде әңгімеледі, оқытушылар мен студенттердің көптеген сауалдарына жауап берді.

Кездесу барысында колледж студенттері Абай өлеңдерін мәнерлеп оқып, қаладағы № 4 кітапхана қызметкерлері ұлы ақын өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесімен таныстырды.

Кеш соңында сөз алған колледж директоры Зура Жұмахметова мен арнайы пәндер оқытушысы, мүсінші Мәлік Өскенбай кездесуден алған әсерлерін айтып, ізгі тілектерін білдірді.

Әсем САБЫР,
колледждегі
1-курс студенті



Ашық-жарқын жаратылысты Ахат, мен білгенде, үлкен-кіші ақын-жазушыларымыздың бәріне сыйлы болды. Артық-ауыс сөйлегенін, біреуді ренжіткенін естіген де,

көрген де емеспін. Көңілі кірбіңсіз еді. Кіммен, не жөнінде болсын сөйлескенде ой-пікірін анық айтатын.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
жазушы, халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты

«Егес» атты романында қақ-соқпен жұмысы жоқ, жаратылыс-табиғаты момын, жан дүниесі мөлдір, мақсат-мүддесі биік Батырбек есімді кейіпкер бар. Ахан қаламгерлік «азап-бейнетті» қалады. Батырбек — көркем шындықты, Ахат — сол көркем шындықты қиялымен жасаған өмір шындығының адамы.

Үмбетбай УАЙДИН,
жазушы, халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Ахаттың бір игі қасиеті — бір сөзділігі. Мәмілеге берік жан, ыждағатты. Ахат екеуіміздің әріптес ретінде шығармашылық байланысымыз үзілген жоқ. «Жұлдыз» журналы менің шығармашылық лабораторияма айналғандай болды.

Ілия ЖАҚАНОВ
жазушы Қазақстанның Еңбек Ері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

МЕНІҢ ДЕ АХАТЫМ ЕДІ

Тың тақырыптарды көтерген «Егес», «Бөгет», «Қорған» романдары, «Бозарал» хикаяты өз алдына, «Жаны жайсаң жақсылар» дейтін кітабына енген, естелік жазбалары бүгінгі қазақ мемуарының шынайы бір үлгісі деп танылуға тиіс.

Мұхтар МАҒАУИН,
Қазақстанның халық жазушысы

Ахат — әрқашанда жинақы, қай нәрсеге де дайын отыратын кісі. Қандай қиын, тосын жағдайда да салмақты қалпын сақтап, «Құдайды ақылмен тануға, әділеттің көзіне тік қарауға» күш салады. Мен мұны өз басым ондаған рет көріп-біліп, куәсі болдым. Ахатта «ауырдың үсті, жеңілдің асты» деген ұғым атымен жоқ!

Қалірбек УӘЛИЕВ,
жазушы, театр сыншысы

Мен Ақжасығымды жазсам, ол Екібастұзын жазды. Өте абыройлы қызмет атқарды. Арыстан жүрек адал дос Ахатжан! Тіршілікте де өзіне талай сырды ақтарғам. Бұл жолы Алла сенің рухыңмен сырластырып отыр. Пейіште нұрын шалқысын!

Бексұлтан НҮРЖЕКЕ-ҰЛЫ,

Қазақстанның халық жазушысы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Ахаттың өз қатарластарынан айырмашылығы — оның қалада туып, қалада өскендігі. Мектептен кейін шахтада жұмыс істеуі. Ауылда туып-өсіп орыс болып жатқанда, Ахаттың ана тілін ұстанып қалғанына және қазақ жазушысы болғанына мен қашан да әрі сүйсініп, әрі таңғалумен келемін.

Әнес САРАЙ,
жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Біз қызмет істеген жылдары жауапты хатшы болған Ахат Жақсыбаев ұжымның ұйытқысы бола білді. Шындығында да, ол бір жұлдызды жылдар екен-ау! Марқұм Бекен мен Ғафақеннің, Оралхан мен Сағаттың, Маршал мен Кәрібайдың, Жарасқан мен Мараттың, Асқардың бейнелері әр қазақтың көз алдынан кетер ме десенші! Жұлдыз десе — жұлдыз, жайсаң десе — жайсаң, азамат десең — азамат, жазушы десең — жазушы еді ғой сабаздар! Ахат Жақсыбаев сол жұлдыздардың береке басы бола білді. Сол жұлдыздардың қадірін біліп, қасиетін арттыра білді. Нағыздың — нығызы дейтініміз де сондықтан.

Тұрсын ЖҮРТБАЕВ,
жазушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



Бақанасқа сапар. Солдан оңға қарай: Тұманбай Молдағалиев, Ахат, Ғабиден Мұмтафин

АХАТ ТОЙЫНА

Ахат, саған шын ағалық жөнімді Білдіруге сөз іздедім өнімді. Бас түйісіп

бір «Жұлдыздың» астында, Он жеті жыл бірге өткіздік өмірді.

Бастан кешкен дос, туыстық думанды,

Артымызда талай ғажап жыл қалды.

Сол жылдардың жинағынан іздеймін,

Енді сенің жарқылдаған тұлғанды.

Отағасы болмай-тұғын жол бар ма,

Тағы да бір от жағылды орданда,

Тағы да бір бас көтерді шаңырақ,

Үлкен шаңырақ абыройын қорғауға.

Кеше ғана жас келіншек Клара

Енді бүгін ақ бәйбіше — мұнара.

Сөйтсең-дағы Ахатжанды қарт демей,

Жастығыңды еске алып қой қунара.

Құттықтаймын, құттықтауға күн қандай,

Бар қуаныш көздерінде тұнғандай.

Барлық бақыт өздерінде тұрғандай,

Уа, соны ұзақ қылсын бір Құдай!

Мен жарыммен ғұмыр кештім қырық жыл,

Өтті күндер ашық және бұлыңғыр.

Бәрінен де бақытым сол, ең қымбат

Аман-есен менің жалғыз ұлым жүр.

Саған-дағы тілейтінім сол, жаным,

Ойлағанда алда жатқан жол қамын,

Төбендегі жалғыз жұлдыз сөнбесе,

Сол болады ең үлкені олжанын.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Жазушы Ахат Жақсыбаевтың әдеби басылымдардың «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиетінің» қалыптасып, өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ол, ең алдымен, басылымдардың терең мазмұнды болғанына көңіл бөлетін. Содан соң көркем безендірілуін қатты қадағалайтын. Өйткені сонау «Лениншіл жас» қабырғасында жүргенінен жинаған мол тәжірибесін ағамыз ылғи да өз мақсатына сәтті пайдалана білетін. Ал енді кадр мәселесіне келгенде, талантты қаламгердерді жас шамасына қарамай бірден танитын. Бірінші кітап жарық көргеннен кейін, дәл он жылдан соң, Ахат аға мені арнайы іздеп келді. «Мереке, — деді ол емен-жарқын сөйлеп, — Иса ақынның бірінші кітабын өзін шығарып едің, екінші кітапты да бітірдім, ол да сенің баспаннан шықсын», — деді жұмсақ жымып. Айтқан сөзінен қайтпайтын, текті ағалар-ай, сіздердің адал көңілдеріңізге қалай тәнті болмайсын.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Ахан өмірден өткенімен, артында әдебиет дейтін әлемде ізі қалды. Сөзі қалды. Ахат Жақсыбаевтың өмірі — өз дәуірінің мінез қалыбын жан жақты игере отырып, еңбек пен шығармашылығын қатар алып жүрген шынайы қаламгер, қайраткер жанның өмірі.

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Ахат шығармашылық кәсібінде не жазса да, өзінің көңілі көншімей, жеріне жеткізбей, тоқтамайды. Негізгі тақырыбы — өндіріс.

Біздің қатарымызда жұмысшы бейнесін сомдаған бірден-бір жазушы Ахат шығар.

Осы тақырыпқа «Егес», «Бөгет», «Қорған» атты романдарын жазды. Бұл романдардың қиындығы да аз болмаған шығар.

Төлен ӘБДІК,
Қазақстанның халық жазушысы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Ахат Жақсыбаевты жазушы ретінде мойындатқан алғашқы туындысы — «Бозарал» повесі. Осы повесі арқылы әдеби орта Аханды әдебиеттің төл баласы ретінде таныды, мойындады. Бұдан да үлкен дүниелер күтті. Осылайша, Ахан өзін де, өзгені де еркін сездіретін саликалы қаламгер-жазушы ретінде көтерілді, биіктеді.

Шөмішбай САРИЕВ,
ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



Тұтқабай Иманбеков, Еркін Жаппасов, Ахат са.танатты мәжілісте.

Қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбына жүйелі түрде қалам тартып жүрген жазушылар бір қолдың саусағы жеткендей: санаулы ғана, солардың бірі — Ахат Жақсыбаев. Оқырман қауым оның «Егес», «Бөгет» романдарын кезінде сүйсіне оқып, жылы лебіздер білдірген-ді. Жазушының тағы бір жаңа туындысы — «Қорған» романы. Бұл да тынымсыз қаламгердің өзі таңдаған тақырыпқа — Қазақстанның кен байлығын халық игілігіне жарату ісіне үлес қосып, еңбек етіп жүрген еңбекші қауымның мазасыз тірлік-қарекетін суреттеуге арналған шығарма.

Медеу СӘРСЕКЕЕВ,
жазушы

Ақындық ізденісі, романтикалық ой-қиял парасаты өткен мен болашаққа, бүгінгінің күнгейі мен теріскейіне алма кезек ат басын тіреп, әлем кеңістігінің барлық аясына шарықтаған Омарғазы Айтанұлының поэзиясына қалай баға беру керек деген мәселеге жеңіл-желпі қарауға болмайды.

Ол – қазақ сахарасының барлық бояуы мен үнін, лебі мен жұпарын, қоңыр әуен, қоңыр саз, сиқырлы өміршең суретін, өзіміздің ұлттық идеология

Тынысы бөлек дара тұлға

арнамызда дамытып, күллі адам баласына ортақ рухи игілік шалқарына есе қосып келе жатқан ақын. Қай дәуірде, қандай формада жаратылса да, шынайы көркем туындының өзегі, жаны тағы да соның ұлттық қасиеті болып есептеледі. Өзінің ұлттық қасиетін, ұлттық мәйегін сақтай алған туындылар ғана рухани құбылыс ретінде өз құдіретін әйгілейді. Ұлттық қасиет дейтініміз де жайдақ сөз, жалаң ұран емес, ол – нағыз рух, болмыс, салт-сана, дәстүр, мінез-құлық секілді сан салалы дүниелердің бір тамырдан нәр жиып, бір бұтақтан жеміс беруі деген сөз, нағыз талантты ақындар өздерінің тұңғыш рухын, ішкі жан дүниесін, ақыл-парасат жүйесін көркем тіл арқылы кестелеп, өз ұлтының рухи өмір таңбасын ойып шығарады. Омыкен поэзиясына үңілу үшін, ең алдымен, осы түйіндер ой-пікір жүргізуіміздің алғышарты етілуге тиісті болса керек.

Сонау 1955 жылғы «Шынжаң әдебиет искусствосының» (Қазіргі «Шұғыла» журналының) №6 санындағы «Естіртсем өзімше үнімді» деген бір өлеңін Омыкен:

Лирика таңы атты,

Оқыдым Абай, Пушкинді.

Ұмытпан сондай сағатты,

Жібермен босқа еш күнді, – деп бастапты да олардың жырларына шын ділмен түшіркенетінін, олар жаратқан образдардың өлмей, мәңгі тірі жүргенін, соларша теңеу тауып, соларша өлең жазуды армандайтынын айта келіп:

Жасасам өттең өзімнің,

«Қаламқас», «Онегинімді»

Жанымен жылы сезімнің,

Естіртсем өзімше үнімді, –

деп аяқтатыпты.

Дәстүрлі өлең формасымен жазылған қарапайым осы қысқа өлеңнен ақынның поэзия сапарына аттанар алдындағы бекімін аңғарғандай боласыз. Оның кімдерге еліктеп, кім болғысы келетінін емеуінен ұғасыз, жас ақынның Абайдың Қаламқасындай, Пушкиннің Онегинідей образдар жасап, ақындық сезімінің жаңға жылы сезімімен, күллі ғаламға Абайша, Пушкинше өз үнін естіртуді армандайтынын білесіз. Осы өлеңінің жарыланғанына, міне, биыл тұп-тура қырық бір жыл болыпты.

Омыкен өткен жылы радионың бір тілшісімен әңгімелескенде: «Кейінгі он жыл – менің түлеу дәуірім», – деген еді. Омыкеннің олай деуінің де жөні бар еді, бәлкім, бұл Омыкеннің кейінгі он жылда кең тынысты прозалық шығармалармен көбірек айналысқанын меңзеп айтқаны да болар. Меніңше, кейінгі он жылды Омыкеннің екінші рет түлеу дәуірі деу орынды болар еді. Өз басым Омыкенді қырық жылдың алдында-ақ түлеген ақын деп білемін.

Кез келген қалам иесінің жасампаздық өмірі оның өзі жасап отырған қоғамдық ортамен, дәуірмен, уақытпен тығыз байланысты, етене өтеді. Дәуір мен уақыт шындығы қаламгердің әдебиет майданына келуіне, жасампаздық стилін қалыптастыруына тікелей әсер етеді. Ал талантты қаламгерлер терең ойлы, салмақты да сабырлы, шынайы көркем

тәсілдерді толық меңгеріп, өзінің алымы мен арынын, эстетикалық құдіретін, рухани байлығын байқата бастаған күннен тартып, өзін әдебиет әлеміне әкелген дәуір мен уақытқа ықпал жасайды, өз жасампаздық жаңалықтарымен қоғамның рухани тіршілігіне әсер етеді, әлеуметтік орта мен адамдар қарым-қатынасындағы ішкі ирімдерді көркем бейнелей отырып, сол уақыттың, сол тұстың шындығын ашады, сол уақыттың шындығын пайдалана отырып, болашақ ұрпақпен тіл табысуға ұмтылады. Сол тұстағы әрі содан былайғы әлеуметтік ой-парасаттың кемелденуіне мүмкіндік іздейді. Рухани өмірдің толысуына көмектеседі.



Омыкенді мен осындай бір биіктен көріп түсінемін.

Омыкенді «Қырық жылдың алдында-ақ түлеген ақын еді» деген тұжырымыма орай, енді мен Қазақстанның белді ақыны, көрнекті жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың «Ақын Омарғазы Айтанұлының поэзиясы» атты мақаласының негізгі түйіндерін айта кетпекпін.

Ақын Мұзафар былай деп жазыпты: «Иә, ол сонау 1957 жылдың сары күзі еді. Отыз-отызбестегі өрен жастар, жас ақындар жалаң қаққан жас бөрідей кезіміз ... Жана бір атау сөзді құлағымыз шалса да елең ете қаламыз, газет-журналдардан тосын тынысты, оқыс ойлы бір өлең оқысақ та бір жасап қаламыз, ол – ол ма, редакцияға келген хаттар ішінде жылтыраған моншақтай бір түйірі көзімізге түссе де, бірімізге біріміз тамсана айтып, әңгіме етеміз.

Ойда жоқ оқыста бір бума поэма қолымызға түссін! Қолжазба күйінде, көркем әдебиет баспасына сонау Қытайдан келіпті. Кезекке тұрып бірімізден-біріміз қағып алып оқимыз. Бір күні әлгі қолжазба менің де портфеліме сүнгіді, үйге келген соң оқуға кірістім. «Менің шығысым» атты публицистикалық дастан екен, – дей келіп, ақын сөзін былай жалғапты, – шынымды айтсам, мен лепті поэзияның, өктем дауысты поэзияның ауылынан алыс қонған адаммын ғой ... Менің ақындығым майда қоңыр, әндерге көбірек ұқсайтын болар ... Соның өзінде де соныны сонылаған автордың сөз сілтесе, серпіні мені еліктетті, еліктірді, сол күнгі түйген ойымның негізгі өзегі: Қазақ поэзиясына төлтума дастандары өзгелерге атымен ұқсамайтын, тынысы мен тумасы бөлек ақын келген екен, үйреншікті өлшемге, яғни қазақтың қара өлең шеңберіне сыймай бұлқынған, екі иығымен кезек өсіп-іреп өзіне жол ашқан бір бұла күш көзге елестеді...»

Ақын Мұзафар тағы былай дейді: «Омарғазы Айтанұлының «Менің шығысым», «Табиғат философиясы» атты

туындылары кезінде ұстаздық рөл атқара дүниеге келген дастандар болды ... Тағы да қайталап айтайын: Табиғат жаратылысы басқарақ, ақындығы мен стилі бөлек ақынға, өзімнен іштей жақындық таппасам да, сөз зергерлігіне көп тұста көңілім көншітіндіктен сыйлай қараймын. Ондай құрметке өлең иесі татиды да...»

Көріп отырсыздар, кезінде «Қазақтың қара өлең шеңберіне сыймай бұлқынған, екі иығымен кезек өсіп-іреп өзіне жол ашқан бұла күш» осы – Омарғазы Айтанұлы еді. «Менің шығысым», «Найзағай», «Табиғат философиясы» қатарлы «Ұстаздық рөл атқара дүниеге келген» дастандардың авторы да осы Омарғазы Айтанұлы еді.




Сөйтіп, Омыкеннің поэзиясы дүниеге өз дүбірімен қоса, ел-жұртты шулата, дүрліктіре келді. Кезінде мен деген бір талай оқымыстыларымыз да, әдебиетші қауымымыз да Омыкен поэзиясына үрке қараған еді. Арғысын айтпасақ та, 1987 жылғы Күйтің қаласында өткізілген қазақ поэзиясы жайындағы жиын мен 1991 жылғы Текесте өткен қаламгерлер жиынында да Омыкен поэзиясы жайында ұқсамаған талас-тартыстар, жатсынулар болғанын естіп те, оқып та жұрміз. Бірақ қырық жылдан бері Омыкен алған бетінен қайтпады, толқын жарып, дауылға қарсы желкен жайып, алға заулай берді.

Өзгелерден өнеге алу, үйрену, ақын болу турасында Омыкен былай тұлғалайды:

«Ақын болу үшін ылғи поэзиядан үйрену керек пе? Олай емес. Ақын болу үшін прозаның алыптары Лев Толстой мен Бальзактан үйренсе, тіпті жақсы. Менің өлеңдерімнің кейін поэзиядан алшақтап (ақын бұл арада форманы көзде ұстап отыр), прозаға ұқсап кетіп жүруінің өзі – прозалық шығармаларды көп оқығандығым. Философтардың сондағы ой тереңдіктерін өлеңге алып келдім, шетел ақындарының өлеңдерін ғана емес, шетелдің прозалық шығармаларындағы ойларды да өз өлеңдеріме алып келдім. Бірақ менің өлеңдерімнің біразынан көшірілме сияқты көлеңке болып қалатын жолдарды кезіктіре алмаймыз. Менің үйренуім табиғи болды. Оны әкеліп, өзіміздің халықтық әдебиетке тоғыттым».

Жиып айтқанда, Омыкеннің исі адамзатқа ортақ озық идеяларды жырлаған философиялық ақын дәрежесіне көтерілуін, оның өз халқының судай тұнық, сүттей ақ, кіршіксіз, мөлдір таза мәдениетінің мәйекті нәрінен сусындап өсуінен, өзінен бұрынғы және осы дәуірдегі дүние поэзиясының гуманистік философиялық сарындарын, өнегелі бағыттарын өз санасына сіңіруінен олардан үлгі алуынан бөле қарауға болмайды.



Сәли СӘДУАҚАСҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың ұлы

Серік ЗЕЙНОЛЛАҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Саят Қамшыгерге туған әпкесі

Шолпанның

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақ әдебиеті» газетінің ұжымы белгілі журналист, ҚазҰУ аға оқытушысы Серік Жанболатқа туған інісі

Бейбіттің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Серікжан
МҰРАСЫЛ

ғой. Осы сіз екеуіміздің айырмашылығымыз қандай? — деді түйеден түскендей.

— Баха! — деп шанқ етті Баткя, — саған қой дедім ғой. Кісінің мазасын масадай алдың ғой. Бұл жер саған әкімдік емес. Шаруаң болса сонда бар. Не ол, қайта-қайта қаксатып, — деп жылдарман болды.

Әкім Бахаға жауап берген жоқ. Осы сұрақты өзіне төтелей қойды.

— Ым-м... өзің жауап бер дейсіз бе? Жалпы, сізден менің айырмашылығым биттей ғана, — деп Баха кассаға қарады.

Кассада әкімнің сатып алып жатқан

құтылады» десе, орыс үндемегенді келіскеннің белгісі санайды. Сіздің қазақша не орысша ойлайтыныңызда шаруаң жоқ. Мен сізге қазақы қалпыма сұрақ қояйын. Ұятыңыздың құны қанша? — деп Баха екінші сырасын ашты.

Пыш-ш еткен сусынға аңқасы кепкен әкім жұтына қарап қойды. Баткя ауыл басшысынан кешірім сұрап әлек. Әкім болса маскүнемнің сұрағына ойланып қалған. Екі көзін бір нүктеге қадап, елпектеген дүкеншіні елемеді де.

— Әкім мырза, а-у-у... жауап беру қиын болса, қыстамайын, — деді Баха ыңылдап.

— Шаруаңыз қанша? Мен сізге жауап беруге міндетті емеспін, — деді әкім заттарын жинап.

— Шаруаң шамалы, шамданбаңыз! Ашуланғанда не табасыз? Ұрасыз ба? Ал онда жағымнан қойып қалыңыз, мен сіздің көзіңізді көгертейін. Міне, қарнымнан теуіп жіберіңіз, тура тұмсығыңызды бұзайын. Не болады сонда, әкім мырза, айтыңызшы! Тағы да ұят болады. Жә, оған барыспайық. Сіз одан да ұрыс-талассыз ұятыңыздың тым арзан екенін мойындай салыңыз, — деді Баха тақымдап.

Әкім дүкеншіге ақша төлеп, арақ-шараптарын пакетке жиыстырып алды.

— Сонымен, ұятыңыздың құны қанша? — деді қайталап Баха.

— Сіздікінен қымбат болмаса, арзан емес, — деді сөз тапқандай әкім. Баха оның бетіне бажайлай қарап:

— Пәлі, әлі де сіз ештеңеге түсінбеген екенсіз. Мен сіздің ұятыңыз шылымнан да шли арзан екенін дәлелдеп берейін, — деді алақанын ысып.

— Қалай сонда? — деп әкім таңдана қарады.

— Былай, — деп Баха пакеттегі заттарды қайта шығарды, — тәк, мына арақты бір қолтығыңызға, екіншісін келесі қолтығыңызға қысыңыз. Ал шұжық пен қиярды кәстеміңіздің қалтасына сала салыңыз. Міне, осылай көшеге шығып жүріңізші, сізге басым жерге жеткенше алғыс айтайын, — деді Баха.

Әкім маскүнемнің мына мазағына жаны шыдамады:

— Басты қатырма, мен сен сияқты қалай болса солай жүретін ұятсыз емеспін, — деді көзі шатынап.

Баха жерден жеті қоян тапқандай:

— Зврика! — деп айқай салды, — міне, міне, әкім мырза, сіз боп, біз боп менің ұятсыз екенімді анықтадық. Ал сіз — ұятыңыз бар адамсыз. Сондықтан пакетсіз көшеге шыға алмайсыз. Дұрыс па, әкім мырза? — деді Баха.

— Дұрыс! — деді әкім сенімді түрде.


— Демек, сіздің ұятыңыз менің ұятымнан жиырма тенгеге болса да қымбат екен, — деді Баха.

— Неге жиырма теңге? — деп әкім шамданып қалды.

Баха басын шайқап қойды да:

— Сіз арақты көтеріп жүруге ұялған соң, жиырма теңгеге пакет сатып алған жоқсыз ба? — деді әкімге көзін қысып.

ЖИЫРМА ТЕНГЕЛІК ҰЯТ



кымбат арақтары мен шұжықтары, тұздалған қиярлары жатқан.

— Міне, мыналарды, — деп арақ пен колбасаны нұсқап, — мен көшеде қолыма ұстап еркін жүре аламын. Ал сіз өйте аласыз ба? — деп әкімнің бетіне қарады.

Әкім көп ойланған жоқ. Мырс етті да:

— Ұят емес пе?! — деп балықтай шоршып түсті.

— Неге ұяласыз? Ақыры оны үйіңізге барып ішесіз, үйіңіз болмаса, кенсенізге келіп сылқитасыз. Сонда сіз арақты ішкенге дейін ұялып, ішкеннен кейін ұялмайсыз ба? Міне, екеуіміздің айырмашылығы! Жалпы, мен арзан ұятпен өмір сүргім келмейді, — деді Баха сырасының түбін төңкеріп.

Баткяның тұла бойы қалшылдап кетті. Саудасының сапалағын шығарған кержақты әкесін танытуға дәл қазір дәрмені жетпес. Әдеттегідей сылқия мас болғанда қаңбақтай ұшырап еді. Қазір тісін-тісіне шықыратқаннан басқа шаруасы жоқ.

— Сіз әлі субардинация сақтап тұрсыз ба? — деді әкімге әнтек қарап Баха, — сабырыңыз сарқылмаса екінші сұрағымды қояйын.

Әкім бұл жолы мырс еткен жоқ. Ашулануға да айла таппады. Қазір мынаумен жағаласса репутациясына нұқсан келеді. Сондықтан қой аузынан шөп алмастай жуасып тұр.

— Қазақ «үндемеген үйдей бәледен

Баткяның дүкені ылғи ырду-дыру болып жатады. Бұл жолғы айқай-шу ауыл әкімі мен ішкіш Баханың арасында туды.

— Сен, алдымен, кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білесің бе? — деді әкім.

Баха таңғы бас жазуға келген, сондықтан шала мас еді.

— Әрине, адаммен сөйлесіп тұрмын. Басқа кіммен болушы еді? — деді есінеп-құснай.

— Көзіңді ашып кара, біріншіден, осы ауылдың әкімімін, екіншіден, үкімет адамымын. Кішкене субардинация сақтау керек, — деді қолын шошаң еткізіп.

— Сен де көзіңді ашып кара, — деді күрк-күрк жөтелген Баха, — сен біріншіден, әкім емес, адамсың. Екіншіден, үкімет емес, осы ауылдың баласысың, — деді сыр-сыр еткен кеудесін сипап.

Әкім мұндай жауап күтпеген болса керек, тосылып қалды. Аузынан сөз жұтап:

— Қашаннан ақыл айтатын болғаның, — деді сасқанынан.

— Осыған да ақыл керек болып па, әкім мырза. Жай ғана шындықты шырылдатқаным ғой, — деді езуіне күлкі үйіріліп.

Баткя екеудің ісі насырға шаппасын деп:

— Баха, сенің-ақ әзілің бітпейді екен, жетер, қойсаңшы! — деді жалынғандай.

— Жә, жарайды! Баткя, әңгіме жоқ, қоямын, — деді Баха.

Сатушы әкімге не керегін сұрады. Әкім:

— Әдеттегідей, — деп ым жасады.

Баха күпәйкесінің ішкі қалтасына салған сырасынан екі ұрттап қойды да, әкімге тақап келді.

— Азғантай ғана уақытыңызды алайын, бір-екі сұрағымға жауап бересіз бе? — деді сыпайылап.

— Айтыңыз, — деді әкім жақтырмаса да жымыяп.

— Рақмет! Әңгіме субардинациядан шықты

АУЛАҚ БОЛСА БОЛҒАНЫ

Карантин кезінде қазаққа ажал тек қана вирустан келді. Қалған айтып-айтпай келетін ауруларға мыңқ демедік. Мына әйелдердің әңгімесі соның айғағы.

— Просто, бас сүйегі сынған, — деді түкті әйел, — просто, балам көк тайғақтан тайып құлағанда, просто оң жақ мишығы 8 сәнті ғана сетінепті. Шатыры шайқалғаннан просто оң көзіне қан толып, сол көзіне жас шүмектейді, — деді түкірігі шашырап.

— Анау бәледен аулақ болса болғаны, — деді көккөз келіншек, — ол түк емес, — деді сөзін жалғап, — күйеуімді асау теуіп, қуығын жарып тастады. Бес күн болды, бейшара борбайсыз — деді сыбырлап.

— Иә, әйтеуір, анау бәледен аулақ қой, — деді екеуі күрсінсіп.

— Жарылған борбай жамалар... — деді түкті әйел, — просто менің көршіме обал болған. КамАЗ қағып, жүнін бұрқ еткізді. Просто ақкөңіл ғой. Шудадай актерылған ішегін беліне байлап, жұлынған қолын іздепті. Іздей жүріп, қағып кеткен кеңкелестен өзі кешірім

сұрапты. Басқа болса, сол жерде өле қалар еді. Просто, көршім ақкөңіл. «Қол табылар, сәлем түзу болсын!» депті әлгі жүргізушіге.

— Е, шүкір, анау бәледен аулақ қой, — деді екеуі ерні салпыйтып.

Көккөз құрбысы жеңілсін бе, қолын беліне таянап:

— Міне, саған керек болса жаңалық. Біздің үйге өзге ғаламшарлықтар келді. Аппак киім киген. Қолдарында қарулары бар. Менің маңдайыма тақап: «Көкөтай, енеңді сыйла, жүз жастағы кемпір обаны да, шешекті де, қотырды да көрген. Қысатынды қыс та, үйде отыр. Сонда өлмейсің» — деді, — деп көзін сығырайтты.

— Иә, просто анау бәледен аулақ болса болды, — деді түкті әйел тіксініп.

— Аха, жеті атамнан аулақ, — деді көккөз әйел де есінеп.

Көккөз де, түкті де жеңілмеді. Отыра-отыра жамбас ойылып, тындай-тындай құлақ қажалды. Б-ды-ды, б-ды-ды... бігер емес. Зыпылдап жатыр, лыпылдап жатыр. Олармен омалып отыра берсең, бала ержетіп қатын алып, қыз бойжетіп тұрмыс құратын түрі бар.



Екеуінің әңгіме арасында еріндері кесеге тие бергенін пайдаланып, мен де сөйлеп қалдым.

— Бегі аулақ! — дедім, — одан да көк көзден ішіміз өтіп, көп ұйқыдан басымыз ауырсын. Тар топиден өкшеміз қажалып, тазкепеден басымыз биттесін. Ары кетсе, қотырдан қаси-қаси қанымыз шықсын! Әйтеуір, сендер айтқан ана бәле — коронавирустан аулақ болайық! — деп ас қайырып тұрып кеттім.

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға, ӘБДІҚҰЛЫ Төлен, БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап, ЕЛУБАЙ Смағұл, ИРАН-ҒАЙЫП, КӨПШ Әшірбек, ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас, ҚАНАЗ Молдахмет, ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота, НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан, НҰРМАҒАМБЕТОВ Тынымбай, ОРАЗАЛИН Нұрлан, САПАРБАЙ Исраил, СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек, СЕЙСЕНБАЕВ Роллан, СМАТАЕВ Софы, ШАХАНОВ Мұхтар, ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Еркін ЖАППАСҰЛЫ, Еділбек ДҮЙСЕН

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ Жүніс ОМАР

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӘЛДІБЕК, Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ұлытау облыстары
Айтбай СӘУЛЕБЕК, Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ, Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ, Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ, Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА, Батыс Қазақстан облысы
Мәріле ҒИЛЫМХАН, Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ, Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ, Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ, Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА, Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ, Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ, Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӨЗІМ, Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ, Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші
Жүніс ОМАР

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:
8 (727) 272-88-17
e-mail:
Kazakh_adebiety@mail.ru

Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. • Фотсеттік басылым.

Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Тарауымыз 15 000. Тапсырыс 895